

А. САГДУЛЛАЕВ, В. КОСТЕЦКИЙ

ТАРИХ

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ

*Жалпы орта білім беретін мектептердің
6 – сынып оқушыларына арналған оқулық*

Түзетілген және толықтырылған төртінші басылымы

*Өзбекстан Республикасының
Халыққа білім беру
министрлігі тарапынан ұсынылған*

**«Yangiyo'l Poligraf Servis»
Ташкент – 2013**

63.3(0)3
S16

А. Сагдуллаев, В. Костецкий

Тарих. Ежелгі дүние тарихы. Жалпы орта білім беретін мектептердің 6–сынып оқушыларына арналған оқулық. Түзетілген және толықтырылған 4 – басылымы./ А. Сагдуллаев, В. Костецкий. – Т.: «Yangiyo'l Poligraf Servis», 2013. – 192 б.

Пікір жазғандар:

Ю.Ф. Буряков – тарих ғылымының докторы, академик;

Ө. М. Мавлонов – тарих ғылымының докторы;

Н.Т. Полвонов – тарих ғылымының кандидаты;

А. Замонов – Өзбекстанның ең жаңа тарихы бойынша сәйкестендіруші

Әдістемелік орталығының сектор бастығы;

М. Холбоева – әлеуметтік-экономикалық білім негіздері және рухани-ағартушылық жұмыстар бойынша бөлімнің бас әдіскері.

Оқулықтағы материалдар Жалпы орта білім беретін мектептердегі тарих пәні бойынша стандарттандырылған оқу бағдарламасына сүйеніп өңдеп шығарылды. Білім беруге арналған мемлекеттік стандартқа сай келеді. Авторлар жұмыс барысында Өзбекстан және шетелдік тарих мұғалімдерінің іс тәжірибесіне сүйеніп отырды.

**Республикалық мақсатты кітап қоры қаржысы есебінен
жалға беру үшін басылды.**

**ВБК 63.3(0)3я72 + 63.3(5Ў)
ISBN 978-9943-366-00-8**

© «Yangiyo'l Poligraf Servis», 2009, 2013

© А. С. Сагдуллаев, В.А.Костецкий, 2009, 2013

МАЗМҰНЫ

Авторлардан.....	5
------------------	---

I БӨЛІМ

Ең ежелгі құрылыстан— өркениетке қарай

1-§. Ежелгі тарих — өркениеттің басталуы.....	8
2-§. Ең ежелгі адамдардың дамуындағы бастапқы кезеңдер	13
3-§. Рулық қоғам.....	18
4-§. Энеолит пен қола дәуірінің егіншілері.....	22
5-§. Темір дәуіріне көшу кезеңіндегі Орта Азияның дамуы	25

II БӨЛІМ

Ежелгі Шығыс және Орта Азия

6-§. Нил аңғары және оныңғы халқ	28
7-§. Мысыр және көршілес халықтар	32
8-§. Ежелгі Мысырдың діні	35
9-§. Пирамидалар және кесенелер	37
10 – 11-§§. Ежелгі Мысырдың мәдениеті	40
12-§. Месопотамия өркениеттері	43
13-§. Бабыл патшалығы	49
14-§. Алдыңғы Азия мемлекеттері мен олардың әскерлері	53
15-§. Ахаманилер мемлекеті.....	58
16-§. Үндістан өркениеті	61
17-§. Б.з.б. I мыңжылдықтағы Үндістан	65
18-§. Қытайдың ежелгі өркениеттері	69
19-§. Б.з.б III — Б.з. II ғасырлардағы Қытай.....	72
20-§. Өзбекстан аумағындағы алғашқы мемлекеттер.....	75
21 – 22-§§. Зардуштилік	80

III БӨЛІМ. Ежелгі Грекия

23-§. Антикалық тарихтың басталуы	84
24 – 25-§§. Ежелгі Грекияның дамуы.....	86
26-§. Афинадағы демократия	93
27-§. Грек-парсы соғыстары.....	98
28-§. Македонияның Грекияны басып алуы	102
29 – 30-§§. Ежелгі Грекияның мәдениеті.....	105
31 – 32-§§. Ғалымдар мен ойшылдар	112
33 – 34-§§. Ежелгі Грекияның аңыздары.....	115

IV БӨЛІМ. Б.з.б. VI — б.з. VI ғасырлардағы Орта Азия

35 – 36-§§. Ахаманилердің Орта Азияға жасаған басқыншылық жорықтары.....	118
37 – 38-§§. Орта Азия халқының грек-македон басқыншыларына қарсы күресі	123
39 – 40-§§. Салавкилер мемлекеті және Грек-Бақтрия патшалығы.....	128
41-§. Ежелгі Хорезм, Қанға және Даван мемлекеті.....	132
42 – 43-§§. Кушан патшалығы.....	138
44-§. Ұлы Жібек жолы.....	141

V БӨЛІМ Ежелгі Рим

45-§. Италия және оның халқы	145
46-§. Рим республикасы.....	148
47-§. Рим республикасы халқыны өмірі	151
48-§. Жерорта теңізінде үстемдік ету үшін күрес	156
49-§. Құлдар мен гладиаторлар.....	160
50-§. Рим республикасының құлауы	165
51-§. Рим империясының құлдырауы.....	169
52 – 53-§§. Ежелгі Рим мәдениеті.....	172
54-§. Руханият дерек коздерінде	178
<i>Тарихи атаулар сөздігі</i>	<i>181</i>
<i>Соңғы қайталау.....</i>	<i>185</i>
<i>Ежелгі дүние тарихына тиісті тарихи және географиялық атаулар.....</i>	<i>186</i>
<i>Ежелгі дүние тарихындағы ат-сімдер.....</i>	<i>187</i>
<i>Ежелгі дүние тарихының тарихи күндері</i>	<i>188</i>

АВТОРЛАРДАН

5-сыныпта «Тарихтан әңгімелер» деген курспен танысып шығып, енді адамдар не үшін тарихты үйренетінін және ұзақта өткен дәуір туралы білімдерді қалай жинақтайтынын біліп алдыңдар.

6-сыныпта біз сендермен бірге ерте замандарға жасағаны саяхатымызды жалғастырып, ең ежелгі мемлекеттер мен халықтардың тарихын, олардың мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын зерттейміз.

Месопотамия, Мысыр, Ежелгі Грекия, Рим мемлекеттері, Орта Азиядағы алғашқы мемлекеттер үстемдік еткен уақыттан бері арадан мыңжылдар өтті. Сонда да адамдардың сол заманда жасаған көптеген нәрселері бүгінгі күнде күнделікті тұрмысымызда қолданылып келеді. Бұлар — еңбек құралдары, қыш бұйымдар, дөңгелек, қыштан істелген су құбырлары, маталар, жазулар т.б. Көне авторлар жазып қалдырған шығармалар да осы күнге дейін адамдарға білім мен тәрбие беруде.

Ғалымдар Жер жүзінде әлдеқашан болып өткен оқиғаларды қайтадан тіктеу барысында үлкен күш жұмсады. Олар қазба жұмыстарын жүргізіп, ескі қалаларды тапты, теріге, қыш тақтайшаларға, папирусқа, сондай-ақ теңгелерге жазылған жұмбақ жазуларды ашты. Сондықтан сендер енді археологиялық олжалардың не туралы хабарлап отырғанын білесіңдер. Көне бітіктерді зерттеумен *эпиграфика*, ал теңгелерді зерттеумен *нумизматика* деген арнайы ғылыми пәндер шұғылданады.

Адамзат өте қарапайым еңбек құралдарынан қолөнершіліктің баға жетпес заттарын жасауға дейін, қасындағы тұрғын үйді құрудан бастап сонау үлкен қалаларды салуға дейін ұзақ жолды басып өтті. Ғалымдар ең ежелгі қалалар мен мемлекеттердің пайда болу дәуірін цивилизация, яғни өркениет деп атайды. Алғашқы цивилизациялар тарихы Ежелгі Шығыстан, соңыра Крит аралдары мен Ежелгі Грекияда басталған еді. Көне цивилизациялар әлемнің көптеген өлке-лерінде, мысалы, Орта Азия мен Өзбекстан аумағында да көрініс тапқан.



Көне жазу үлгісі



Археологиялық қазба жұмыстары

Адам баласының жер жүзінде пайда болғанынан бастап Батыс Рим империясының б.з. 476 жылы құлағанына дейін өткен оқиғалар, тарих ғылымында *Ежелгі дүние тарихы* деп аталады. Бұл тарихты әр түрлі археологиялық және жазба дереккөздерге сүйеніп үйренеді.

Ежелгі дүние тарихы Ежелгі Шығыс, Ежелгі Грекия және Рим патшалары мен сарай маңғазыларының хроникаларында (оқиғалардың жылдан жылға, жүйелі тарихы баяндалған әдеби шығарма), жылнамаларда, заңдар жинағында, өмірбаяндарда көрініс тапқан. Олар жорықтар мен шайқастар, ғибадатханалардың, сарайлар мен қорғандардың құрылуы, қолөнершілік пен егіншілік, көне ғылымдар мен өнер туралы әңгімелейді.

Ғалымдар оқыған көне мәтіндер, мысалы, «Пирамидалардың мәтіндері» мен «Марқұмдар кітабы» египеттіктердің тарихы, «Библия» – еврей, «Ригведа» – үнді, «Авесто» – Орта Азия халықтарының тарихы турасында баяндайды.

Нил аңғарындағы *Мысыр пирамидалары*, Дажла мен Фрот аралығындағы *Бабыл*, Үнді аңғарындағы *Мохенжодаро*, Ирандағы *Персеполь* қаласы, Ежелгі Грекия, Рим және Орта Азияның көптеген көне қалалары бүкіл әлемге әйгілі.

Бірақ ежелгі дүние тарихына тиісті жұмбақ сырлар өте көп. Келешекте сендердің сол жұмбақ сырларын ашатындарыңа сеніміміз мол.



Теңгелердегі жазулар

Тарих бізге көп нәрсе үйретеді. Сондықтан әрбіріміз өз Отанымыздың тарихын білуге және басқа мемлекеттер халықтарының өмірін және мәдениетін құрметтеуге тиіспіз. Аталмыш оқулықты оқи отырып, көптен-көп түсінігі қиын сөздерді, тарихи атаулар мен белгілерді ұшыратасындар. Сондықтан оларды жаттап, есте сақтауға тура келеді.

Оқу мәтінімен жұмыс істеу Сендерге беретін ақыл-кеңесімізді зер салып оқындар, олар үйреніп жатқан тақырыпты есте сақтауға көмектеседі.

Үйге берілген тапсырмаларды орындаған кезде төмендегі ережелерді сақтаңдар:

1. Сабақта жазып алғандарыңды бірнеше рет қайта оқындар.
2. Оқудан бұрын тақырыпқа зер салып, сабақта не делінгенін еске түсіріңдер.
3. Әрбір тақырыптың соңында берілген сұрақтарды оқындар. Сонда сендер жазғандарыңды оқыған кезде нелерге мән беруді және оқығандарыңды қалайша әңгімелеп беруді біліп аласындар.
4. Мәтінді шамалап бөліктерге бөліп, әрқайсысының негізгі мазмұнын өз сөздеріңмен айтындар, соңыра бүкіл тақырыпты әңгімелеп беріңдер. Айта алмасаңдар, қиын жерлерін қайта оқындар. Оқулықтағы мәтінді жаттау керек емес.

5. Мәтінді оқу барысында онда атап өтілген суреттер мен кестелерді табындар, олардың түсіндірмелерін оқындар, мәтінде кездескен қалалар мен мемлекеттердің атауын картадан табындар.

6. Сұрақтарға жауап беріп, тақырып соңында келтірілген тапсырмаларды орындаңдар.

Егер сендер тарихты әрбір параграфтың ақырында келтірілген көмекші конспектілер бойынша үйренбек болсаңдар, төмендегі мәселелерді орындауға тиіссіңдер.


1. Оқулықтағы параграф мәтінін көмекші конспектідегі сөздермен салыстырып оқындар.
2. Конспектіні пайдалана отырып, параграфты бірнеше рет қайта оқындар.
3. Көмекші сөздерді жаттап айтып беруге ұмтылыңдар (терең ойланудан кейін ғана меңгерсе болады).
4. Бірнеше сағаттан соң көмекші конспектіні тағы бір рет қайталаңдар.

Біз, оқулық авторлары, сендерге ерте заманға жасаған саяхаттарыңда мәдени ескерткіштермен танысуға және ежелгі дүние тарихын меңгеріп алуға көмектесеміз.



БІРІНШІ БӨЛІМ ЕҢ ЕЖЕЛГІ ҚҰРЫЛЫСТАН ӨРКЕНИЕТКЕ ҚАРАЙ

1-§. Ежелгі тарих – өркениеттің басталуы



Ежелгі қаланың қираған орны



Көне қолжазбалардың қалдықтары

Ежелгі тарихты үйрену Сендер енді адамзаттың ежелгі тарихын зерттеу мәселесімен түрлі бағытқа мамандандырылған ғалымдар шұғылданып келе жатқанын жақсы білесіңдер. *Археологтар* әлдеқашанғы заманда адамдардың тұрған алғашқы мекен-жайларында қазба жұмыстарын жүргізеді. Ертедегі адамдардың сүйектерін (скелеті мен бас сүйектерін) ұқыпты түрде зерттеген *антропологтар* олардың сыртқы көрінісін қалпына келтіріп, мың жылдар ішінде адамдардың сыртқы бейнесінде болған өзгерістерді бақылап отыруға тырысты. *Этнографтар* қазіргі күнде де өмір сүріп отырған халықтар мен тайпаларды, ежелгі адамдардың сақталып қалған көптен-көп үрдістерін, мәдени де шаруашылық дәстүрлерін зерттейді. *Лингвистер*, яғни тіл мамандары қазіргі заманғы не ол, не бұл тілдің қай жолмен қалыптасқанын түсіну мақсатында көне тілдерді үйренеді.

Өз біліміңді сынап көр!

Археологтар — ...

Этнографтар — ...

Антропологтар — ...

Лингвистер — ...

Ежелгі тарих бойынша деректер Өзбекстанның ең ежелгі тарихын біз қайдан білеміз? Себебі, сол ұзақ өткен замандарда жазу болмаған ғой! Өлкеміздің ең ежелгі тарихының кең таралған қайнар көзі ежелгі дүниетанушылар тарапынан

табылған *материалдық деректер* саналады. Еңбек құралдары, қыш ыдыстар, қару-жарақтар, әшекей-безек бұйымдар, қорыта айтқанда, ежелгі заманда адамзат қолымен жасалған барлық нәрселер солардың қатарына жатады.

Жазба қайнарлар сан-алуан болған, жартас-тарға, қышқа жазылған көне жазулар немесе ежелгі тарихтанушылардың туындылары бұған жарқын мысал. Орта Азия тарихы бойынша ең ежелгі қайнар көзі – зардуштилердің қасиетті «Авесто» кітабы. Онда еліміздің тарихи облыстары — *Бақтрия, Соғдиана, Хорезм* халықтарының мәдениеті туралы әңгімеленеді.

Ежелгі дәуір тарихына тиісті тағы бір жазба дерек – Бехистун жартастарының жазулары. Бехистун жартастары Ирандағы Кирманшах қаласының іргесінде орналасқан. Парсы патшасы Даридің бұйрығымен жартасқа ойып жазылған — көне парсы, элам және бабыл тілдеріндегі жазуларда Дари I жаулап алған мемлекеттер мен халықтар, Хорезм, Соғдиана, Бақтрия атап өтіледі.


Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырда ежелгі грек тарихшысы *Геродот* көптеген елдерге саяхат жасап, тоғыз кітаптан тұратын «Тарих» шығармасын жазды. Онда өлкеміздің ежелгі халқы туралы толық мәлімет келтіріледі.

Б.з.б. I ғасырдың соңында ежелгі грек тарихшысы әрі географы *Страбон* «География» деген шығармасында мемлекет халықтарының мәдениеті мен тарихи оқиғалар жайлы мәліметтер келтіреді.

Б.з.б. II ғасырдың соңы — I ғасырдың басында ежелгі Қытай тарихшысы Сим Цзянг «Тарихи жылнамалар» деген еңбек жазған. Ол еліміздің ежелгі халқы мен мемлекеттері туралы да мағлұмат береді.




**«Авесто»
қолжазбасының
бір беті**




**Геродот — ежелгі
грек тарихшысы**




**Қыштағы жазудан
үзінді. Миххат**



Орта Азиядағы таулар



Алғашқы аңшылар



Жемісті аңшылықтан соң

Біздің эрамыздың I ғасырында ежелгі Рим тарихшысы *Квинт Курсий Руф* «Ұлы Александрдың тарихы» деген шығарма жазған. Македониялық Александрдың Орталық Азияға жасаған әскери жорықтары турасында біздің заманымыздың II ғасырында өмір сүрген грек тарихшысы *Арриан* толық мәліметтер келтіреді. Ол «Александрдың әскери жорықтары» деген еңбек жазған.

Осынау деректер, кейінірек жасалған ғылыми жұмыстар көмегімен ғалымдар еліміздің ежелгі тарихын қайта қалпына келтірді.

Өз біліміңді сынап көр!

<i>Геродот</i> — ...	<i>Квинт Курсий Руф</i> — ...
<i>Страбон</i> — ...	<i>Сим Цзянг</i> — ...
<i>Арриан</i> — ...	<i>Бехистун жазулары</i> — ...

Өзбекстан және әлемдік цивилизация Өзбекстан географиялық тұрғыдан ерте заманнан Орта Азия деп аталатын аумақтың құрамына енеді. Ол едәуір көлемді жерді иелейді. Әмудария мен Сырдария аралығы, Зарафшан аңғары мен Сұрхандария өзінің өнімділігі мен ыстық климаты арқасында адамзаттың ең ежелгі тұрақ мекеніне айналған. Ол қолайлы географиялық аймақта орналасқандықтан Шығыс пен Батыс елдерін біріктірген. Әсіресе Өзбекстанның барша ірі қалалары арқылы өткен Ұлы Жібек жолының орны ерекше. Өзбекстан адамзат мәдениеті тарихының ең көне орындарының бірі болып табылады. Бұл жерде жергілікті халық бірнеше жүз мыңдаған жыл бойы өмір сүрген.

Б.з.б. VI—V ғасырларда гректер еліміздің халқы, облыстары туралы мәліметтерге қанық болған. Орта Азиядағы екі ірі өзен — Әмудария мен Сырдария — Гиндукуш, Памир және Тянь-Шань тауларынан басталатын, тез ағатын өзендердің суымен толып, теңізге құйылған. Өзендер

жағаларын жағалап маңызды сауда жолдары өткен.

Осыдан 5-4 мың жыл бұрын Орта Азияның ежелгі халқы мен Ежелгі Шығыстағы тайпалардың арасында кең көлемді мәдени байланыстар басталған. Көне зиярат орындарын қазу барысында археологтар Үндістанда, Иранда, Месопотамияда өмір сүрген қолөнершілердің қыштан және металдан істелген ыдыстарын, зергерлік бұйымдарын тапқан.

Б.з.б I мыңжылдықта, яғни Шығыстағы ежелгі ірі патшалықтардың гүлдеп өркендеген дәуірінде мәдени байланыстар одан ары күшейді. Бұл жайттың ежелгі халықтардың қолөнерінде, сәулет өнері мен ауыл шаруашылығы салаларында көрініс тапқанын жазба деректер дәлелдейді.

Ең ежелгі дүниені Әлемдегі барша халықтар **дәуірге бөлу** алғашқы қауымдық құрылысты бастан өткізген.

Ең ежелгі рулық құрылыс — адамзат тарихындағы барлық еңбек құралдары жалпы болған, барлық адамдар бірігіп еңбек еткен бір дәуір.

Адамзат дамуының бірінші сатысы адам баласының *алғашқы* тайпа бірігуі болды, бұл тайпа ежелгі адамдардың үлкен қауымын қамтыды.

Алғашқы тайпа — тұрмыс пен еңбектің жалпы ортақ болуы негізінде біріккен ежелгі адамдар қоғамы.

Ең ежелгі тайпа бірте-бірте бөлініп кетті, туыстардың оқшауланған қоғамына — рулық қауымға айнала бастады.

Ру — бірге жасап, бірлесе еңбек еткен, жалпы еңбек құралдары мен қарулары бар туыстардың қауымы болып табылады.


Алғашқы рулық қауымдар әйелдің, яғни ана-ның төңірегіне жинала бастаған. Адамзат тарихын-



**Суы мол
Әмудария**

Есінде сақта!

5-4 мың жыл бұрын өлкеміздің халқы Ежелгі Шығыстың түрлі аймақтарында өмір сүрген адамдармен мәдени байланыс жасаған



**Адамдар бірлесе
еңбек еткен**




Жабайы жылқылар үйірін қуу

дағы бұл кезең ана руының кезеңі — *матриархат* деп аталады.

Мұнан біраз кейінірек еңбек құралдары мен шаруашылықты жүргізу формалары қалыптасқан сайын қоғамдағы жетекшілік статусы біртіндеп еркекке өте бастады. Сөйтіп еркек рудың басшысы болып қалды. Ғалымдар осы кезеңді *патриархат* деп атайды. Патриархатпен бірге ең ежелгі рулық құрылыс та аяқталды.

Ең ежелгі адам бастапқы еңбек құралдарын тастан жасағандықтан, адамзаттың алғашқы тарихын «тас ғасыры» деп атайды. Тас ғасыры едәуір уақытқа созылған, сондықтан оны мына кезеңдерге бөледі:

- ежелгі тас дәуірі — палеолит (грекше «paleos» «ежелгі» және «litos» — «тас» деген сөздерден алынған);
- орта тас дәуірі — мезолит («mezos» — «орта»);
- жаңа тас дәуірі — неолит («neos» — «жаңа»);
- мыс-тас дәуірі — энеолит (латынша «e-neos» — «мыс» және грекше «paleos» — «тас» деген сөздерден алынған).




Тастан жасалған еңбек құралдары

Көмекші конспект






Есіңде сақта!



Соңғы палеолит дәуірінің мекенжайы




Ең ежелгі адам

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Неліктен археологтар адамзат тарихының басталуын «тас дәуірі» деп атайды?
2. Тас дәуірі кезеңдерін санап бер.
3. Тарихты тіктеуде ғалымдардың сүйенген деректерін атаңдар.
4. Тарихты үйренуде қолданылатын қандай материалдық деректерді білесің?
5. Археология, антропология және этнография ғылымдары туралы нелерді білесің?

2-§. Ең ежелгі адамдардың дамуындағы бастапқы кезеңдер

Ең ежелгі адамдар Жер жүзіндегі алғашқы адамдар денесін тік ұстап жүретін, еңбек құралдарын жасауды және қолдануды білетін адамдар болған, нақ сол қасиеттері оларды хайуанат әлемінен ерекшелендіріп тұрған. Ғалымдар тастан істелген өте қарапайым еңбек құралдарын жасай білген ең ежелгі адамның




Австралопитек

¹ Адамның арғы ата-бабаларының ежелгі ескерткіштері табылған Шығыс Африкадағы Олдувай үңгірі (Танзания).




Зинджантроп



Питекантроп Синантроп Неандерталдық Кроманьон



Синантроп



Аю аулау

сүйек қалдықтарын: Оңтүстік Африкадан *австралопитек*, Шығыс Африкадағы Зинж аңғарынан, Олдувай үңгірінен – зинжантроп, Ява аралынан (Индонезия) – питекантроп, Қытай аумағынан – синантроп, Ферғана аңғарындағы Селунғур тұрақ орнынан және Германиядан – неандерталдық және Кроманьон үңгірінен (Франция) қазіргі көріністегі адам – кроманьон сүйектерін тауып зерттеген.

Жер жүзінде ауа райы жылы болған кезде адамның тұрақ орындары шағын өзендердің яки сайлардың жанындағы төбешіктерде орналасқан еді. Алғашқы палеолиттің соңғы кезеңінде *Ұлы мұздық* басталды, бұл жағдай адамдарды жаңа тұрмыс салтына бейімделуіне ықпал етті. Бұл кезде тек күштілер ғана тірі қалған.

Ежелі адамдардың қызмет түрі Ежелгі адамдардың тұрақты қоныстары Африканың, Азия мен Еуропаның көптеген мемлекеттерінде табылған. Орта Азияда тастан жасалған кене еңбек құралдары Ферғана аңғарындағы Селунғур мекен-жайынан және Ташкент өңіріндегі Көлбұлақ сілемінен де табылған. Мұндағы ауыр тас құралдарының ұшы бір жаққа қарай үшкірленген. Археология ғылымында осындай тас құралдар *чопперлер* деп аталады.

Еңбек құралдары адамдарға азық табу үшін қажет болған. Ең әуелі еңбек құралдары қарапайымдау болған. Ұшы өткірленген таспен, ағашпен қаруланған адам аңдарды аулаған, ұшы өткір таяқтың көмегімен өсімдіктердің жеуге жарамды тамырларын, тамыржидектерін қазып алған.

Табиғат адамға нені сыйласа, адам соны алған, тапқан азығымен қанағаттанған, сондықтан да адамзаттың ең ежелгі жаттығуы болған *терімшілік пен аңшылық* — *игерілетін шаруашылық* деп аталады.

Өз біліміңді сынап көр!

Чопперлер — ...

Игерілетін шаруашылық — ...

1938 жылы А. П. Окладниковтың Байсын тауынан тапқан Тесіктас үңгірі ең ежелгі тас дәуірі мәдениетінің әйгілі жәдігерлігі болып табылады. Тесіктас үңгірінен 3000 мыңға жуық тас құралдар, арқардың, киіктің, жабайы аттың, қоянның, ұсақ кемірушілердің, сондай-ақ құстардың көптеген сүйектері табылған.

Тесіктас үңгірінен қазып алынған, негізінде тас дәуіріне жататын 8—9 жасар неандерталдық баланың сүйектерінің қалдықтары ең әйгілі қазба байлық болып табылады. Археологтар неандерталдық адамның қалдықтарын кемде — кем табады. Баланың денесі қабірге көмілген. Оны жерлеу әдісі алғашқы діни ұғым үлгілерінің бірі саналады.

Діни сенімдердің пайда болуы Еңбек, қоршаған әлем туралы жинақталған білімдер барған сайын адамның пікірлеу қабілеті мен санасезімін өзгертті. Адамдар өздеріне түсініксіз болған оқиғалар туралы ойлай бастады: күн мен түн, жыл маусымдарының ауысуы, вулкандардың атқылауы, жердің сілкінуі және басқа табиғат құбылыстары адамның назарын аударған.



Тесіктас үңгірінен табылған нәрселер



Палеолит дәуіріндегі мекен-жайлар



Неандерталдық бала (Тесіктас)

Міне, сол құбылыстарды түсіне алмаған адам баласы найзағай, күннің күркіреуі, жел, жаңбыр тәрізді табиғат күштеріне сиына бастады.

Бірте-бірте ең ежелгі адамдарда, өлген соң өмір сүруін жалғастыру үшін адам өзге бір әлемге кетеді деген сенім пайда болды.

Жыл маусымдарының ауысуын, күннің күркіреуін, боранды ежелгі адамдар рухтың, бірлескен табиғат күштерінің қозғалысы деп түсінген. Денеде қалыптасқан немесе еркін қозғалатын ерекше құбылысқа (рухқа) сенім ғылымда *анимизм* деп аталады.

Анимизм — қоршаған дүниедегі барлық заттың жаны (рухы) бар деп қараған сенім.



Аңға шығуға дайындық рәсімі

Ең ежелгі адамдар не ол, не бұл бұйымдардың бақыт әкелуіне немесе пәлекетті жоюына да сенген. Бұл дін *фетишизм* деп аталған.

Соңғы палеолитке тиісті үңгір қабырғаларында табылған суреттер ең ежелгі адамдардың діни сенімдері болғанын нақты түрде дәлелдейді.


Адамдар суреттер алдағы аңшылықта өздеріне жәрдем береді деп ойлаған. Суреттердің алдында аңдардың қимылдарына еліктеп биге түскен, аң түрлерін көз алдына елестеткен, найза лақтыруға жаттыққан.

Көне суреттер құнды тарихи құжат саналады. Олар адамның не ойлағанын, қоршаған әлемді қалай ұғынғанын, қайсы аңдарды аулағанын, қандай еңбек құралдары мен қаруларды қолданғанын түсінуге көмектеседі.

Адамның оны қоршап тұрған әлемді түсінуге ұмтылысы ең ежелгі бейнелеу өнерінің өркендеуіне ықпал етті.




Ежелгі суретші



Үңгір қабырғаларындағы сурет

Көмекші конспект




Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Алғашқы палеолит адамының сыртқы келбетін сипаттап бер.
2. Өзбекстан аумағындағы палеолит дәуірінің қай сатысына жататын, қандай қоныстарды білесің?
3. Орта палеолит дәуірінде ең ежелгі адамның немен шұғылданғанын түсіндіріңдер.
4. Діни сенімдердің алғашқы ошағының пайда болу себептерін айтып бер.
5. Алғашқы үңгір қабырғаларындағы суреттер қайсы дәуірде пайда болды?

2 — Тарих, 6-сынып.

Есіңде сақта!

Үңгір қабырғаларындағы суреттердің ең көнелері Испаниядағы Алтамир, Франциядағы Ласко, Башқұртстандағы Капова үңгірлерінен табылған.




Садақпен аң аулау суреті




Алғашқы суреттер

3-§. Рулық қоғам



Қыстың басталуы



Кроманьон



Үңгір арыстаны

Соңғы палеолит дәуірі (біздің заманымыздан 40—12 мың жыл бұрын) сан-алуан оқиғалар болып өтті. Бұл дәуірде тасты өңдеу техникасы мен еңбек құралдарын жасау тәсілдері өзгерді. Адамның өзі де, сыртқы бет-әлпеті де өзгере түсті. Осы дәуірде қазіргі сипаттағы адам — кроманьон адам өмір сүрген.

Соңғы палеолит дәуірінде өмір сүрген адамның мекенжайлары Самарқанд қаласының аумағынан, Ташкент облысының Ахангаран өзені аңғарындағы Көлбұлақ сілемінің жоғары мәдени қабаттарынан, сондай-ақ Ферғана аңғарынан табылған.

Соңғы палеолит дәуірінде адамдар едәуір жетілген кескіш, аралағыш және жонғыш еңбек құралдарын жасаған.

Адам бұдан былай — моншақтар, тұмарлар мен жүзіктер де жасай бастады.

Сөйтіп, соңғы палеолитте адамзат өзінің кемелденуінде тағы бір сатыға көтерілді. Адамдар туыстарынан құралған шағын топтарға — рулық қауымдарға бөлініп шықты. Топ мүшелері бір тұрақорында жасаған. Бір жерде жасап тұрған бірнеше топтар тайпаны құраған.

Тұрақ орындарды құру соңғы палеолит дәуірі адамдарының маңызды жаңалығы болды. Киім-кешекті даярлауда аңдардың терісін пайдаланды. Адам баласы бұл дәуірде жасанды жолмен (ағашты бір-біріне ысқалау, шақпақтасты бір-біріне ұру арқылы) от жағуды да үйреніп алды.

Мезолит дәуірі Мезолит дәуірі (орта тас дәуірі) шамамен **б.з.б. XII—VII мың жылдықтарға** созылған. Мезолит дәуірінің басталуымен мұз дәуірі соңына жетті, бұл жағдай климаттың біраз жылуына және адамдардың тұрмысына өзгеріс енуіне әсер етті.



Рулық қауым

Мезолит дәуірінде адам садақ пен жебе жасауды үйренді. Садақ-жебені ойлап табу арқылы адамның шапшаң жүгіретін аңдар мен құстарды аулау мүмкіндігі пайда болды.

Мезолит дәуірінің соңында адам аңдарды қолға үйрете бастады. Аңшылар итті қолға үйретті, иттермен аңға шыққанда олжа бұрынғыдан гөрі молырақ болды. Адамдар енді тірідей ұсталған аңдарды (қозылар, лақтар, торайлар) өлтірмей, қор ретінде сақтайтын болды.


Мезолит дәуірінің соңында Алдыңғы Азияда шаруашылықтың жаңа тармақтары — *алғашқы егіншілік* пен *мал шаруашылығы* жүзеге келді.

Мұздықтар шегінген сайын рулық тайпалар тек Азия мен Африка аумақтарында ғана емес, тіпті Еуропаның солтүстігіне де көшіп қоныстана бастады.


Бүгінгі таңда мезолит дәуіріне тиісті жүзден астам мекен-жайлар табылып, ашылған. Ферғана аңғарының тау етегінде және таулы аудандарында (Ташкент өңірінде), сондай-ақ Өзбекстанның оңтүстігінде осындай тұрақ-орындар көптеп ұшырайды. *Обишир*, *Қосылу* және *Мачай* мекен-жайлары, сонымен бірге Зараутсай шатқалындағы жартас суреттері жан-жақты зерттелген.



Түсті тастардан жасалған моншақ



Мамонттың сүйегінен жасалған тұрақ-орын



От жағу барысы



Еңбек құралын жасау

Есінде сақта!

Өндіргіш шаруашылық – едәуір уақыт тайпаны азықпен қамтамасыз етіп келген егіншілік пен мал шаруашылығы. Егіншілік терімшіліктен басталған, ал мал шаруашылығы аңшылық жасаудан, аңдарды қолға үйретуден басталған.



Тастан жасалған еңбек құралдары. Микролиттер

Әмудария мен Сырдарияның жағалаулары, Өзбекстанның аумағындағы көлдер мен өзендер мезолит дәуірінде аңшылар мен, балықшылар көшіп, келіп шоғырланған жерлерге айналды.

Егіншілік пен мал шаруашылығының дамуы Неолит дәуірінде — жаңа тас дәуірінде игерілетін шаруашылықта түбегейлі өзгерістер болды, табиғаттан барлық нәрселерді дайын түрде алып отырған адам бұдан былай Ежелгі Шығыстың түрлі облыстарында өндірушілік қарекетке — егіншілікке және мал шаруашылығына өтті. Орта Азияда неолит дәуірі б.з.б. VI — V мыңжылдықтармен саналады. Археологтар неолит дәуірінің басталуын қыш ыдыстардың жасалуымен белгілейді.

Мезолит пен неолит дәуірінде адам тастан ұсақ еңбек құралдарын — *микролиттер* жасады, тасты өндеудің бұрын белгісіз болған тәсілдерін: тегістеуді, аралауды, бояуды және тесуді қолдана бастады.

Неолит дәуірінде көптеген тайпалар отырықшы тұрмыс салтына өтіп, тұрақты тұрғын орындар құра бастаған. Үйлер балшықтан құрыла бастады.

Бірте-бірте рулық қауымдардың отырықшы тұрақ жайлары қалыптасты. Отырықшы тұрмыс салты мен еңбек құралдарының одан ары жетілуі қауымдарға егіншілік пен диқаншылыққа өтуге мүмкіндік берді. Отырықшылыққа өту түрлі бұйымдарды жасайтын сала — қолөнершіліктің дамуына негіз салды.

Күйдірілген балшықтан ыдыс жасайтын сала — құмырашылық, талшық пен жүннен киім-кешек дайындау тармағы — тоқымашылық неолит дәуірінің маңызды жаңалығы әрі ашулары болды.

Орта Азияның оңтүстік облыстарындағы халық біздің заманымыздан бұрынғы VI—V мың-

жылдықтардың басында егіншілікке өткен болса, орталық және солтүстік өлкелерде аңшылық пен балықшылықты жалғастыра берді.

Өз біліміңді сынап көр!

**Микролиттер — бұл...
Өндіргіш шаруашылық — бұл...**

Көмекші конспект

Соңғы палеолит дәуірі (б.з.б. 40–12 мыңжылдықтар)

- кроманьон адамы
- оттың ойлап табылуы
- Самарқанд, Көлбұлақ мекен-жайы (Ташкент облысы), Ферғана аңғары
- рулық қауым
- әшекейлер, үйлер құру, кескіш, аралағыш еңбек құралдары

Мезолит дәуірі (б.з.б. 12–7 мың жылдықтар)

- жібесі бар садақ, аңдарды қолға үйрету
- Обишир, Қосылу, Мачай
- егіншілік және мал шаруашылығы (Алдыңғы Азия)

Неолит дәуірі (б.з.б. 6–4 мыңжылдықтар)

- өндіргіш шаруашылық
- микролиттер, қолөнер, тоқымашылық
- отырықшы тұрмыс салты

Сұрақтар мен тапсырмалар


1. Соңғы палеолит адамының сыртқы келбетін сипаттап бер.
2. Ең ежелгі адамдардың қауымы рулық қауымнан қалай ерекшеленеді?
3. Соңғы палеолит дәуіріне жататын ең маңызды жаңалықтарды айтып бер.
4. Өзбекстан аумағында табылған мезолит дәуіріне тиісті қандай археологиялық жәдігерліктерді білесің?
5. Орта Азияның кең-байтақ аумағында ежелгі тайпалар неліктен көшіп – қоныста жүргенін айт.
6. Мезолит дәуірі палеолит дәуірінен несімен ерекшеленеді?
7. Неолит дәуірінде ашылған жаңалықтарды санап бер.
8. Өндіргіш шаруашылықтың аңшылық пен терімшіліктен қандай айырмашылығы бар?



Саз балшықтан жасалған және отта күйдірілген ыдыс



Қыш ыдыс жасау



Неолит дәуіріндегі егіншілер мен малшылардың мекен-жайлары

4-§. Энеолит пен қола дәуірінің егіншілері



Қыш бұйымдар



Садақ
жебелерінің
ұштары

Есінде сақта!

Энеолит — мыс пен тас дәуірі.



Қоладан
жасалған
түйрегiш пен
тас моншақтар.
Б.з.б. XVII ғ.

Металл дәуірінің басты ерекшеліктері Неолит дәуірінің соңында адамдар ашылған жаңалықтардың арасында ең маңыздысын жаратуға қол жеткізді, яғни мысты пайдаланып, осы металдан еңбек құралдарын және қару-жарақ жасауға көшті.

Мыстан істелген құралдардың тастан жасалғандарымен бірдей таралу дәуірі *энеолит* — *мыс-тас* дәуірі деп аталды. Бұл дәуір б.з.б. 4—3 мыңжылдықтың орталарына тура келеді.

Мыстың таспен салыстырғандағы құндылығына қарамай мыс оншалық кең таралған жоқ. Тек адамдар мысты қалайымен, қорғасын яки мырышпен бірге қосып, қоланы жаратқаннан соң ғана бұл металл тасты ығыстырып шығара бастады. Содан соң мысқа қарағанда мықты жасанды металл кең жайылды.

Металлургияның дамуы адамдардың материалдық және рухани мәдениетіне зор ықпал жасады. Б.з.б. IV мыңжылдықта Ежелгі Шығыста алғашқы қалалар мен мемлекеттер пайда бола бастады. Орта Азияның оңтүстігінде (ирригация негізінде) суарылатын егіншілік пайда болды, күйдірілмеген қыштан көп бөлмелі үйлер салына бастады, ыдыстарды күйдіру үшін қыштан істелген *құмыралар* қолданыла бастады. Қыштан жасалған бұйымдар аңдардың, құстар мен өсімдіктер түріндегі нақыштармен (жапырақтар, гүлдер) безендірілетін болды.

Қола мысқа қарағанда біршама қатты болғандықтан, б.з.б. III мыңжылдықтың орта шенінен бастап бірте-бірте еңбек құралдарын, қару-жарақ пен безек-әшекейлер жасауға істетілетін негізгі материалға айналды.

Қоладан жасалған еңбек құралдарына ие болған адамдар енді дала алқаптарын дұрыс игеру

және егістік алаңдарын кеңейту мүмкіндігіне жетті. Бұның нәтижесінде олардың қолындағы ауылшаруашылық өнімдері артылып қалатын болды. Мал шаруашылығы барған сайын егін шаруашылығынан бөлініп шыға бастады.

Патриархаттың басталуы Тарихтың көп кезеңдері барысында рулық қоғамдағы маңызды істер әйелдердің міндетіне жүктелді (балаларды тәрбиелеу, тамақ әзірлеу, киім-кешек дайындау), қоғамда әсіресе жасы үлкен әйелдердің беделі еркектерге қарағанда артығырақ болды. Соқамен жерді өңдеген егіншілікпен шұғылданудың, мал шаруашылығының, қолөнершіліктің пайда болуымен байланысты руды жеткілікті өнімдермен қамсыздандыру мәселесі еркектердің міндетіне жүктелді. Әйелдер негізінен үй-іші жұмыстарымен айналысты. Енді рулық жанұяда еркектер маңызды орын ала бастады. Туысқандық байланыстар еркектің атымен белгіленетін болды, *патриархат* дәуірі басталды. Жанұя әке жағынан туған-туысқандардың бірнеше ұрпақтарынан құралған болатын.

Қола дәуірі егіншілерінің мекен-жайлары Егіншілердің ежелгі мекен-жайларының бірі Зарафшан өзенінің алабындағы Заманбаба көлі маңында табылған. Сонымен бірге ежелгі егіншілердің қоныстарының бірі Хорезм аумағында да табылған.

Сұрхандария аңғарындағы Шерабаттың төңірегінде егіншілердің ежелгі мекен-жайы — Қыштөбе табылған. Қазу жұмыстары барысында бұл жерде отбасы мүшелері жайғасатын, күнделікті тұрмысқа және шаруашылыққа керек бөлмелерден тұратын саз балшықтан салынған үйлер, қыштан істелген бұйымдар, қоладан істелген еңбек құралдары мен безек-әшекейлер жасаған шеберхананың қалдық-

Есіңде сақта!

Патриархалдық жанұя — әке жағынан туған-туысқандардың бірнеше ұрпақтарынан құралған жанұя.



Жыландардың суреті бар білезік. Б.з.б. XII ғ.



Қоладан жасалған білезік. Б.з.б. XII ғ.

Есіңде сақта!


Заманбаба — Бұхара облысы Қаракөл ауданындағы Заманбаба көлінің жағасында б.з.б II мыңжылдықта өмір сүрген малшылар мен егіншілердің ежелгі қонысы.



Жарқотан мекен-жайындағы қазба жұмыстары

Есіңде сақта!

Қыштөбе — Өзбекстанның оңтүстігіндегі қола дәуіріне жататын егіншілердің мекен-жайы (б.з.б. II мыңжылдық).



Нақыштармен безендірілген қыш ыдыс



Мыс айналар. Заманбаба мекен-жайы

тары, сондай-ақ үлкен құмыраларда сақталып келген бидай және арпа дәні табылды.

Бұдан үш жарым мың жыл бұрын Сұрхан өңірінде, қазіргі Шерабаттан онша ұзақ емес жерде **Жарқотан** мекен-жайы пайда болған еді. Жарқотан мекен-жайының құрылысында қаланың алғашқы белгілері байқалады. Жарқотан екіге бөлінген: сарай мен ұжым мүшелері, қолөнершілер мен саудагерлердің арканы қоршап тұрған үйлері. Сарай ішінде ғибадатхананың қираған орны, дәуір қалдықтары табылған.

Қола дәуірінде өмір сүрген адамдар қолөнерді, тоқымашылық пен құмырашылықты дамытуда, безек-әшекейлер жасауда, құрылыс саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізген еді. Осы дәуірде олар қыш-құмыра жасауға арналған дөңгелек пен қайрақ тасты ойлап тапты. Сөйтіп, қатынас құралдары да пайда болды.

Көмекші конспект

Энеолит дәуірі (б.з.б. 4—3 мыңжылдықтардың орта шені)

- мыстан жасалған еңбек құралдары
- суарылатын егіншілік
- Шығыстағы алғашқы мемлекеттер мен қалалар

Қола дәуірі (б.з.б. 3 мыңжылдықтың ортасы – 2 мыңжылдық)

- патриархат
- Заманбаба, Қыштөбе, Жарқотан
- құмыра жасайтын доңғалақ, дөңгелек
- ғибадатхана

Сұрақтар мен тапсырмалар!

1. Энеолит дәуірінің неолит дәуірінен негізгі айырмашылықтарын айтып бер.
2. Сеніңше, мыстың ашылуы қалай болды?
3. Мыстың қоладан қандай айырмашылығы бар?
4. Матриархаттан патриархатқа көшу процесі неліктен туды?
5. Қола дәуіріндегі егіншілердің мекен-жайлары туралы әңгімелеп бер?
6. Егіншілердің үй-жай құрылысында қандай металдар қолданылған?


5-§. Темір дәуіріне өту кезеңіндегі Орта Азияның дамуы

Темірді пайдалану Адамдар мыстан және қоладан істелген еңбек құралдарын жасауды үйренген уақыттан бері арадан көп ғасырлар өтті. Тек б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында еңбек құралдарын темірден жасау мүмкіндігі пайда болды. Бұл процесс көп еңбекті талап етті, өйткені темір мысқа қарағанда неғұрлым жоғары температурада (1500°C) ериді. Сонда да темірдің мыс немесе қоламен салыстырғанда көптен-көп құндылықтары бар: ең алдымен жаңа металл екеуінен де қаттырақ еді. Темірді алғаш рет Кіші Азияда хеттер (б.з.б. XIV—XII ғасырлар), содан кейін көршілес елдердің (Месопотамия, Иран, Кавказ сырты) халықтары пайдалана бастады.

Темірден істелген бұйымдардың таралу процесі өте баяу өтті. Себебі, ол құнды да қымбат металл болмаса да, одан ең алдымен безек-әшекейлер жасалды. Осындай әшекейлер Египет перғауыны *Тутанхамонның* сағанасынан және Кавказдағы *Майкоп қорғаны* ескерткішінен табылған.



Ежелгі теміршілер



Қыш бұйымдар

Есіңде сақта!

Темірді алғаш рет Кіші Азияда хеттер (б.з.б. XIV—XII ғасырлар), содан кейін көршілес елдер: Месопотамия, Иран, Кавказ сырты халықтары пайдалана бастады.



**Қоладан
жасалған қазан.
Б.з.б. VI—V ғ. ғ.**

Есіңде сақта!

Әскери демократия – алғашқы мемлекеттікке өту кезеңінде тайпаға сайланған әскери сардарлар басқарған басқарудың бір формасы



**Садақ
жебелерінің темір
ұштары**

Еңбек құралдарын жасау үшін темірдің пайдаланылуы ең әуелі егіншілік техникасын дамытуға әсер етті. Үшкір темір соқалар, темір балталар пайда болды. Осынау еңбек құралдары ұлан-ғайыр аудандарда егіншіліктің дамуына септігін тигізді. Орта Азияда табылған ең ежелгі темір бұйымдар б.з.б. IX—VIII ғасырларға жататын болса да, олардың көпшілігі б.з.б. VII—VI ғасырлармен белгіленеді.

Еуропадан айырмашылығы, Шығыста егін шаруашылығы негізінен қолмен суландырылу арқылы дамыды. Гүлге бөленген бақтар мен мол өнімді далалар үшін Шығыста тек өзендер мен арықтардың кең тармақтанған жүйесі жасалған.

Әлеуметтік жүйе Темір құралдардың кең таралуы еңбек өнімділігін арттырды. Бұл фактор одан ары өркендей түскен өндіріс тәсіліне өтуге негіз болды. Рулық қауымның орнын **аумақтық көршілестік қауым** иелей бастады.

Б.з.б. I мыңжылдықтың басында Орта Азиядағы халық төрт топқа: *абыздар, жауынгерлер, егіншілер* мен *қолөнершілерге* бөлінді.

Тайпа-ру бастықтарының беделі біртіндеп арта түсті. Әсіресе әскери жауынгерлердің беделі артып, бүкіл билік әкеден ұлына өтетін болды.

«Авесто» кітабынан Орта Азияда қоғамның «нмана» деп аталатын үлкен патриархалдық жанұя болғанын білеміз. Бірнеше «нманалар» рулық қауым — «висті» құраған. Ал аумақтық көршілес қауымдар «варзана» деп аталған. Аумақтық қауымдар тайпаға — «зантуға» біріккен. Өз аумағын қорғау үшін бірнеше тайпалар одаққа — «дахьяга» біріккен. «Авестоның» хабарлауынша, қоғамды басқаруда мынадай жүйе болған:

- ◆ ақсақалдар кеңесі,
- ◆ халық жиналысы,
- ◆ арнайы аудандардың билеушілері,
- ◆ облыстардың билеушілері.

Халықтың рулық немесе тайпалық принцип бойынша емес, аумақтық принципке қарай топтарға бөлінуі б.з.б. IX-VIII ғасырларда Орта Азияда құрылып жатқан алғашқы мемлекеттің ең маңызды алғышарты болды.

Көмекші конспект

- Б.з.б. XIV—XII ғасырларда — хеттер (Кіші Азия) бірінші болып темір еңбек құралдарын жасады
- Б.з.б. IX—VIII ғасырлар — Орта Азияда темірден жасалған алғашқы еңбек құралдары
- рулық қауым — көршілес қауым
- әскери демократияға көшу
- «Авесто»: нмана, вис, варзана, занту, дахья
- б.з.б. IX — VIII ғ.ғ. — Орта Азияда алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Темір құралдар мысқа қарағанда неліктен кейінірек жасала бастады?
2. Темірден істелген еңбек құралдарының жасала басталуы қоғамда қандай өзгерістерге алып келді?
3. «Авесто» кітабында патриархалдық жанұя, рулық қауым, аумақтық қауым және тайпа қалай аталған?
4. Алғашқы мемлекеттің пайда болу дәуіріндегі қоғамды басқару жүйесі туралы әңгімелеп бер.
5. Б.з.б. IX-VIII ғасырларда Орта Азияда алғашқы мемлекеттің пайда болғаны қандай факторға байланысты?

Есіңде сақта!

Әлеуметтік құрылыстың дамуы — **алғашқы қауым:**
ру → **рулық қауым**
 → **аумақтық көршілес қауым** → **тайпа** → **тайпалар одағы** → **мемлекет.**



**Темір пышақ.
Б.з.б. VII— Vғ.ғ.**




Темірден жасалған қанжар мен қын. Б.з.б. I мыңжылдық



II БӨЛІМ ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯ


6-§. Нил аңғары және оның халқы



Нил аңғары

Есіңде сақта!

Нил өзені біртіндеп Жерорта теңізіне құйылады. Оның жағалауларының көрінісін гректер **дельта** деп атаған



Нил өзенінің аңғары

Мысыр — Нил сыйлығы Өзімен бірге салқын ауа мен мол өнімді алып келетін, суы көп Нил өзені бұрқылдап ағады. Ұлы өзен Африканың солтүстік шығысында алғашқы өркениеттің пайда болуына негіз қалады. Бастау жерінде бірнеше тармақтарға бөлінетін Нил өзені біртіндеп Жерорта теңізіне құйылады. Оның жағалауларының көрінісін гректер *дельта* деп атаған, өйткені теңізге құйылатын тармақтардың толық сілемі үшбұрыш тәрізді немесе керісінше жазылған «Д» әрпіне, грекше «дельта» әрпіне ұқсаған.

Нил аңғары — әрбір жағалауын бойлай ені 3 километрден 22 километр, ал ұзындығы 6 мың километр келетін жазықтықтағы суландырылатын жерлер. Нил атырауын екі жақтан таулар қорғаушы қабырғалар секілді қоршап тұрады, адырлардың артында *Сахара* мен *Ливия* шөлдерінің ұшы-қиыры жоқ құмдары созылып жатыр. Өзеннің екі жағалауында қара топырақты құнарлы жерлер жатыр. Аңғар тұрғындары бұл елге «Мысыр» — «Қара топырақ» деп ат қойған

Дегенмен мұндай жағдай ұдайы жалғаса бермеген. Әлдеқашан өткен замандарда Нил аңғары адам өте алмайтын, папирус бұтақтары бір-бірімен шырмалып кеткен батпақтармен қоршалған-ды, суда сан-санақсыз жыртқыш крокодилдер жүзіп жүретін, құрлықта бегемоттар табыны бос жүретін, ал батпақтарда улы жыландар жасайтын еді.

Уақыт өткен сайын климат та өзгере түсті, су да жылдан жылға азая берді, Солтүстік Африка

да біртіндеп шөлге айнала бастады. Адамдар Нил аңғары мен дельтасын игере бастады. Сөйтіп егіншілік халықтың ең басты кәсібіне айналды. Б.з.б. IV мыңжылдықтың басында адамдар Нил жағалауындағы жерлерді игеруге кірісті.


Мысырлықтардың кәсіптері Нил өзенінің суы далаларды басатын да, сол жылдары мысырлық егіншілер мол өнім алатын.

Мысырлық егіншілер бидай мен арпа егіп, жетілдірілген кенептен мата тоқитын еді. Сондай-ақ, Нил аңғарында жүзім, қауын, анар, құрма, пияз, қияр, лобия сияқты жеміс-көкөністер өсірілетін.


Көне заманда жерді соқамен жыртқан, қолмен тұқым шашқан, кейін жерге сіңдіру үшін қара малдарды даладан айдап өткен. Еңбек құралдары жетілген соң, егіншілер соқа мен аңдардың күшін пайдалана бастады. Мысырлықтар сиыр, қой-ешкі, шошқаларды бақты. Егіншілер дала істерінде өгіздің күшін пайдаланды.

Мысырлық диқандар ұрық шашу, өнімді жинап алу істерін әдеттегіден өзгеше мерзімде орындайтын. Жаздың ыстық шағында дем алып, ұрықты егуге дайындап қоятын, өйткені бұл кезде далаларға су жайылып кететін еді. Күзде егістік алқаптарға ұрық сеуіп, суару үшін өзендер мен арықтарды тазалайтын, себебі жаңбыр өте сирек жауатын еді. Ал қыста өнім жинап алынған. Масақтарды мыс орақпен орып алып, сосын оны майдалайтын арнайы жерге тасып әкеліп, бидай немесе арпа бауларының үстінен жануарларды айдап өткізетін. Қырманнан шыққан дәнді қыш құмыраларға салып сақтаған. Бұл шара дәнді сансыз көп кеміргіш зиянкестерден жақсы сақтайтын еді.


Қолөнердің дамуы Ежелгі Мысырда колөнершілердің 30-дан астам кәсіп түрлері болған. Мысшылар мыс ерітіп, теміршілер одан еңбек



Нил өзенінің жағалауында



Мысыр патшалығы



Сауда



Мысыр патшаларының төждері



Жоғарғы Мысыр патшасы Төменгі Мысыр патшасын өлім жазасына кесуде

құралдарын құйып жасайтын. Құмырашылар саз балшықтан әр алуан ыдыс-аяқтар жасайтын, оларды берік болуы үшін үлкен ұраларда пісіретін. Құрылысшылар сарайлар, ғибадатханалар мен үйлер салған. Қарапайым мысырлықтардың үйлері лаймен сыбалған папирус сабақтарынан, ал ақсүйектердің үйлері сабан қосылған laidан істеліп, күнде кептірілген шикі қыштан құрылған. Перғауындардың сарайлары мен ғибадатханалары тастан салынған. Шеберлер мен ұсталар терезе-есіктер жасаған.

Кеме жасаушылар қамыстан қайықтар, ал ағаштан кемелер жасайтын. Тері илеушілер мен тоқымашылар киім-кешекке материалдар дайындайтын, ал тігіншілер киім тігетін еді. Зергерлер алтыннан және қымбат тастардан әшекейлер жасаған.

Мысыр мемлекетінің құрылуы Б.з.б. IV мыңжылдықтың ақырында Нил аңғарындағы адамдар ауыр да машақатты тұрмыс жағдайына бейімделе бастады. Бытыраңқы елді мекендер «ном» деп аталатын алғашқы мемлекеттерге бірікті.

Уақыт өткен сайын тайпа басшылары біртіндеп билеушілерге — патшаларға айналды, ал ақсақалдар басқару жұмыстарында оларға көмектесті. *Абыздардың* да беделі өсті. Олар діни салт-жораларын орындайтын, маңызды жұмыстардан алдын құдайлардан көмек сұрап, жалбарынатын.

Мысырда екі патша үстемдік еткен: бірі Төменгі (солтүстік) Мысырда, ал екіншісі — Жоғарғы (Оңтүстік) Мысырда мемлекетті басқарған. **Б.з.б. 3000 жылда** екі мемлекеттің арасында басталған соғыста Жоғарғы Мысырдың билеушісі *Менес* жеңіске жетті. Сол Менес біріккен мемлекеттің

тұңғыш билеушісі, яғни *перғауыны* болды. Бірыңғай да бірлескен мемлекеттің жаңа астанасы — *Мемфис* қаласы салынды.

Уақыт өткен сайын «ном» билеп-төстеушілері өз мал-мүлкін көбейтіп алды, ал Мысыр тәуелсіз мемлекеттерге айналған, басқа-басқа «номдарға» тағы бөлшектеніп кетті. Көп уақыт өткен соң мемлекет қайта бірлесті. Бұл мемлекеттің астанасы *Фива* қаласы еді.


Ғалымдар Мысыр тарихын Алғашқы, Ежелгі, Орта, Жаңа және Соңғы патшалықтар дәуірлеріне бөледі.

Көмекші конспект

- Африканың солтүстік-шығысы — б.з.б. IV мыңжылдықтың басы
- Нил — дельта — Жерорта теңізі
- Нил аңғары — кеңдігі 3 км-ден 22 км-ге дейін, ұзындығы 6 мың км
- егіншілік, мал шаруашылығы
- папирус — үйлердің құрылуы
- мемлекеттер — «номалар»
- б.з.б. 3000 жыл — бірыңғай Мысыр
- астана — Мемфис

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Неліктен египеттіктер өз мемлекетін «Нил сыйлығы» деп атаған?
2. Неліктен Ежелгі Египеттің табиғи жағдайы егін шаруашылығымен шұғылдануға қолайлы болған?
3. Картадан Ежелгі Египетті тап. Нил өзенінің атырауын, Төменгі және Жоғарғы Египетті көрсет.
4. Неліктен адамдар көп уақыт бойы Нил аңғарына көшіп келіп қоныс теппеген?
5. Египеттіктер шұғылданған кәсіп түрлерін санап шық.
6. Ежелгі Египеттің тарихы қандай дәуірлерге сараланады?




Жерді игеру

Есіңде сақта!

Ғалымдар Мысыр тарихын Алғашқы, Ежелгі, Орта, Жаңа және Соңғы патшалықтар дәуірлеріне бөледі.




Каналдар мен арықтар арқылы егіндерді суару



Тутанхамонның тағы

Есіңде сақта!

Нубия, Ливия, Сирия мен Палестина мемлекеттері ежелгі мысырлықтармен көрші болған.



Ежелгі Мысыр әскерлерінің қыштан жасалған мүсіндері

7-§. Мысыр және көршілес халықтар

Ежелгі мысырлықтардың көршілері Египет оңтүстікте Нубиямен шекаралас болған. Бұл елге мысырлықтар Нилді жағалап, алтын, қағамай, піл сүйегін, құнды сортты ағаштарды айырбастау үшін баратын.

Мысырдың батысында *Ливия* шөлінде дәл осылай аталатын мемлекет орналасқан болатын. Сахара халқы көшпелі малшылар болған. Арабия шөлінде ешкім жасамаса да, ол арқылы өтетін жол Синай түбегіне шығаратын. Ал бұл жерде мыс қазып алынды. Синай түбегінен солтүстікке қарай *Палестина*, ал оның жанында *Сирия* орналасқан болатын. Бұл мемлекеттер мыс, темір рудаларына және басқа да пайдалы қазбаларға бай еді. Мысырлықтар Сирия мен Палестинадан сол жердің қолөнершілері жасаған бұйымдар мен қымбатты тастар да әкелген.

Перғауындардың басқыншылықтары

Ежелгі патшалық кезінде Синай түбегі біржолата басып алынды. Жергілікті тайпалар Египетке салық төлей бастады. Перғауындар Нубия мен Ливияға шабуыл жасап, қалаларды талан-тараж еткізді, адамдарды тұтқынға түсіріп алып, олардың малдары мен байлықтарын тартып алды. Орта патшалық перғауындары Оңтүстік Палестинаның жерлерін және Нубияның солтүстік бөлігін Мысырға қосып алуға қол жеткізді.

Б.з.б. XVIII ғасырдың соңында көшпелі *гиксос* тайпалары Мысырға шабуыл жасады. Мысырлықтардың жаяу әскерлерінен айырмашылығы сол, гиксостардың негізгі күші жеңіл арабалар — аттар жегілген соғыс арабалары болған.

Әскерлердің біреуі аттарды басқарып тұрған кезде екіншісі жауды көздеп тұрып, садақтан оқ атқан. Төменгі Мысырды жаулап алған гиксостар

египеттіктердің қалалары мен қыстақтарына шабуыл жасап, оларды аяусыз талады, адамдарды тұтқынға түсіріп, айдап әкетті.

Бұл уақытта Орта патшалық көптеген ұсақ «номаларға» бөлініп кеткен еді. Олар гиксостарға алым төледі. Тек Фива қаласының билеушілері ғана оларға бас имеді.

Жаулап алушылардың езгісінен азат болуға әрекеттенген «номалардың» билеушілері Фива қаласының төңірегіне жинала бастады. Тез арада Жоғарғы Мысырдың барлық «номалары» Фива номасы перғауынының қасында бірлесті. Бірнеше шайқастарда перғауын Яхмос гиксостарды тасталқан етіп, басқыншыларды Мысырдан қуып шықты. Бас имеген билеушілерді бағындырған Яхмос жаңа перғауындар әулетінің негізін қалады. Міне, сол перғауын заманынан бастап Жаңа патшалық дәуірі басталды. Яхмос үстемдік қылған дәуірде Мысыр өзінің үлкен қуаттылығының шырқау шыңына жетті.

Перғауындар жасаған жорықтардың нәтижелері Мемлекетті азат еткен Жаңа патшалықтың билеушілері көрші мемлекеттерге қарсы күресін, енді жаулап алушы ретінде жалғастырды. Өз әскерін қылыштар мен балталар кешені — ұзын соғыс балталарымен, сондай-ақ жауынгер арабалармен қаруландырған перғауындар Нубия мен Алдыңғы Азия елдеріне шабуыл бастады.

Бірнеше шабуылдардан соң перғауындар бүкіл Нубияны дерлік Мысырға қосып алды, Ливия тайпаларын алым төлеуге мәжбүр етті. Б.з.б. 1500 жылға таман перғауын *Тутмос II* үлкен жорық ұйымдастыруға қол жеткізді. Палестина мен Сирияға басқыншылық жорық басталды. Сонда да бірнеше ондаған жылға созылған шайқастарда ол бостандық сүйгіш тайпаларды үзілді-кесілді бағындыра алмады. Тек Тутмос III перғауын ғана Палестинаны жаулап алуға қол жеткізді.

Есінде сақта!

Кир II-нің ұлы Камбиз II б.з.б. 525 жылы Египетті жаулап алды.



Тутмос III әскерлері қалаға шабуыл жасауда

Есінде сақта!

Перғауын Яхмос гиксостарды тасталқан етіп, басқыншыларды Мысырдан қуып шықты. Яхмос жаңа перғауындар әулетінің негізін қалады. Жаңа патшалық дәуірі басталды.




**Мысырлықтарды
ежелгі парсы
патшасы Камбиз II
тұтқынға әкетуде**

Бағынышты халықтар мысырлықтардан жиіркеніп, өз еркі мен азаттығы үшін күресті. Мысыр перғауындары бірнеше жыл бойы байырғы тайпалармен соғысты. Бұл фактор перғауын әулетін қырып жіберіп, мемлекеттің әлсізденіп қалуына әкеп соқты. Сөйтіп, Жаңа патшалықта «номаларға» бөлініп кетті.

Б.з.б. VII ғасырда Египет тағы бірыңғай мемлекетке бірікті, елдің экономикасы мен мәдениеті өркендей бастады. Бірақ б.з.б. VI ғасырда Египетке жаңа дұшпан бастырып кірді. Парсылардан үлкен әскер жинаған Кир II-нің ұлы Камбиз II б.з.б. 525 жылы Египетті жаулап алды.

Өз біліміңді сынап көр!

**Гиксостар — ... Тутмос III — ...
Яхмос — ...**



**Бальбек
қаласындағы Ра-
Кун құдайының
ғибадатханасы**

Көмекші конспект

- Мысырдың көршілері — Нубия, Ливия, Палестина, Сирия
- Мысырдың көрші мемлекеттерді жаулап алуы
- б.з.б. XVIII ғ. гиксостардың Төменгі Мысырды басып алуы
- Яхмос — Жаңа патшалық — гиксостардың қуып шығарылуы
- Тутмос II — б.з.б. 1500 жыл — басқыншылық жорықтар
- б.з.б. 525 жыл — Иран шахы Камбиз II-нің Мысырды жаулап алуы.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ежелгі Мысырмен көршілес болған мемлекеттерді санап бер де, картада көрсет.
2. Ежелгі Мысыр перғауындары қайсы мемлекеттерді жаулап алған еді?
3. Неліктен көшпелі гиксостар Мысырға құдіретті күш болып көрінген еді?
4. Қайсы перғауынның билік жүргізген дәуірінде гиксостарды мемлекеттен қуып шығуға қол жеткізілді?
5. Жаңа патшалық билеушілері қайсы аумақтарды жаулап алды?
6. Кім және қашан Мысырды қайтадан жаулап алды?



**Апис. Бұқа
бейнесіндегі
молшылық
құдайы**

8-§. Ежелгі Мысырдың діні

Мысырлықтардың құдайлары

Мысыр халқы үшін дін күнделікті өмірдің ажыралмас бір бөлігі болып саналған. Ежелгі мысырлықтар құдайлар аңдардың бейнесіне кіріп, қой, өгіз, арыстан, сиыр, мысық болып адамдардың арасында жасайды деп санаған. Олар құдайлардың бірнеше жаны бар, солардың бірі аңның денесінде, ал екіншісі — аң мүсінінде жасайды деп ойлаған. Әрбір египеттік отбасының үйінде құдайлардың мүсіншелері тұрған. Ал абыздар, яғни ғибадатхана қызметкерлері, құдайларды діндар адамдардың сыйлық ретінде берген нәрселерімен бағады деп түсінген.

Ежелгі Мысыр патшалығының астанасы *Мемфисте* өзіндік құдайы — *Птах* болған. Птах, египеттіктердің сенімі бойынша, әлемді жаратқан кезде әрбір нәрсенің атын адамға үйреткен. Құдайдың құдіреттілігі соншалықты, оны анық болған бейнесінде көруге болмайды. Сондықтан да Птах деген құдайдың Жер жүзіндегі бейнесі *Алис* болған, оны маңдайы мен белінде ақ дақтары бар қара өгіз түрінде бейнелеген.

Мысырлықтар өз құдайларына толық табынатын, әрқандай істі бастаудан бұрын олардан кеңес, көмек яки рұқсат сұрайтын еді.

Ал б.з.б II мыңжылдықтан бастап Амон-Ра деген Күн құдайы перғауындардың ең басты құдайы әрі жебеушісі саналған. Әуелі екі құдай болған: Фива қаласының жебеушісі Амон және Күн құдайы Ра, соңыра олар екеуі біртұтас құдайға бірлесті.

Оның ғибадатханасы Гелиопольде (Баальбек) орналасқан.

Бұл жерде перғауындар – Күн құдайының ұлдары, патшалар барлық істі өзінің көктегі әкесінің бұйрығымен орындайды, деген ұғым болған.



Күн құдайы
Амон-Ра



Исида —
Осирисің әйелі



Тот — Ай,
данышпандық,
медицина құдайы



Анибус — марқұмдар мен мумияланғандардың құдайы



Маат – шындық және әділет әйел құдайы



Хатхор – музыка, сұлулық және махаббат әйел құдайы

Хапи — Нил құдайы — Египеттегі өмірдің түпнегізі және күзетшісі. *Осирис* — жер асты салтанатының құдайы. Аңыздарда айтылуынша, Осирис Египеттің алғашқы патшаларының бірі болып, өз халқын егіншілікке үйреткен. Ал досы Сет Осиристі өлтіреді. Бірақ Осиристің қарындасы Исида оны мумиялап, қайта тірілткен екен. Содан бері қайтып келген жанға орын болуы үшін барлық марқұмдар мумияланады. Осирис ғибадатханасының қалдықтары *Абидос* қаласында осы күнге дейін сақталып келген.

Абыздар мен ғибадатханалар Абыздар құдайлар мен адамдардың ортасында делдал болған. Египеттіктердің наным-сенімі бойынша, егер Жер жүзінде арнайы салт-дәстүрлер жүргізілмесе, құдайлар адамдарға көмек бермей қоятын-мыс. Абыздар діни рәсімдерді білетін, құрбандық шалатын еді. Күнделікті өмірде де бірде-бір жұмыс абыздарсыз атқарылмайтын. Абыздар Нилдің тасу уақытын, қашан тұқым себу, өнімді жинап алу керектігін анық білген. Барлық «номдарда» ғибадатханалар болған, перғауындар оларға мол байлық пен жер таратқан. Маңызды құдайларға атап құрылған ғибадатханалар үлкен жер меншіктеріне иелік еткен. Әрбір сәтті басқыншылық жорықтардан соң перғауындар олжаның бір бөлігін ғибадатханаларға сыйлаған.

Өз біліміңді сынап көр!

<i>Птах</i> — ...	<i>Тот</i> — бұл...	<i>Маат</i> — ...
<i>Апис</i> — ...	<i>Хатхор</i> — бұл...	<i>Осирис</i> — ...
<i>Амон-Ра</i> — ...	<i>Исида</i> — бұл...	

Көмекші конспект

- Мысырлықтар құдайлар адамдардың арасында жасайды деп ойлаған
- Амон-Ра
- Птах → Апис
- Хайм, Осирис, Сет, Исида, Хатхор, Маат, Анибус, Тот
- Ғибадатханалар → Абыздар → құрбандық шалу

Сұрақтар мен тапсырмалар


1. Мысырлықтардың аң бейнесіндегі құдайларға сиынуы туралы әңгімелеп бер.
2. Неліктен Күн құдайы Мысырдың ең басты құдайы саналған?
3. Ежелгі мысырлықтардың діні мен алғашқы қауым адамдарының діни наным-сенімі арасында қандай ұқсастық бар?
4. Ежелгі Мысырдың құдайларын санап бер.
5. Мысырлық абыздардың беделі мен күш-құдіретінің себебі неде?

9-§. Пирамидалар және кесенелері


Барлық нәрсе – уақыттан, Ежелгі және Орта ал уақыт —пирами- патшалықтар дәуірінде **далардан қорқады!** құрылған египеттіктердің үлкен пирамидалары перғауындардың жерленетін орны болған. Өткен мыңжылдықтар ішінде сан- санақсыз қалалар мен мемлекеттер жоқ болып кеткенімен, ғибадатханалар мен сарайлар жермен- жексен болғанымен, тек пирамидалар уақыттан қорықпайды, тек пирамидалар ғана төрт мың жылдан астам уақыттан бері өзгермей тұр.

Ең әйгілі пирамидалар Мемфис қаласында үш перғауынға — *Хуфу, Хафра* және *Менкаураға* арнап құрылған. Бұл пирамидалар жер жүзіндегі жеті кереметтің бірі, оның үстіне, пирамидалардың арасында бүгінге дейін сақталып қалған бірден-бір ғимараттар болып табылады. Ең үлкен пирамида Хуфуға (гректер оны Хеопс деп атаған) арналып, **б.з.б. 2600 жылы** құрылған. Оның биіктігі 147 метр.

Пирамиданың әрқайсысының салмағы екі тоннадан астам болып, 2,5 миллион шақты тасты блоктардан тұрады. Блоктар анық әрі дәл кесіліп, орналастырылғаны соншалықты олардың арасындағы тесік 0,5 мм-ден де аспайды. Пирамиданың ішінде жолақтармен тұтастырылған бірнеше бөлмелер бар. Олардың біреуінде перғауынның мумияланған мәйіті салынған тас табыт — *саркофаг* орналасқан болатын.



Пирамида құрылысы



Ежелгі пирамидалар аңғарының көрінісі




Сфинкс – «Шөл патшасы»



Анибус марқұмдар дүниесінде марқұмды қарсы алуда



Ғибадатхана қабырғалары



Мәйітті марқұмдар дүниесіне жөнелту

Мысырлықтар адам өлгеннен соң басқа бір әлемге барады, осы өмірде қолданған нәрселердің бәрі о дүниеде де керек болады деп ойлаған. Ал сағаналардың іші алғыс баталар мен қарғыстардан тұратын бітіктермен қапталған, олар перғауынды қорғап, басқа дүниеге өтіп жатқанда оған жәрдем береді деп ұйғарылған.

Ірі пирамидалар шамамен 20 жыл бойы құрылған. Бұның ауыр еңбек екені сыр емес. Пирамидаларды әдетте *сфинкстер* — денесі арыстан, басы адам бейнесіндегі алып мүсін қорықтаған. «Шөл патшасы» – сфинкс мүсіні тастан жасалған, оның биіктігі 20 метрге тең.

Жаңа патшалық дәуірінде пирамидалар құрылмай қалды. Сонда перғауындарды тауларға ойып, қашалған тасты сағаналарда жерлейтін болды. Оларға кіретін жолдарды жауып тастаған.

Мумиялау Ежелгі мысырлықтар адам өлгеннен соң марқұмдардың салтанатына кетеді, сол жерде өмірін жалғастырады деп санаған. Бірақ марқұмдар салтанатындағы өмір, олардың пікірінше, Осирис сотының нәтижелеріне байланысты болады-мыс. Таразының бір басына марқұмның жүрегі, ал екіншісіне — құстың қауырсыны қойылады. Егер таразы бастары теңессе, демек адам бұл дүниедегі өмірінде тек игі істер орындаған болады, ол қаза тапқаннан соң керемет бір жағдайда өмірін жалғастырады. Егер жүрек ауыр болса, демек адам бірталай жаман істерге қол ұрған болып шығады да, ақырында үрейлі мақұлықтарға жем болады. Ал Осиристің алдында сұлу бейнеде тұру үшін египеттіктер адамның мәйітін мумиялаған.

Әдетте мумиялау 70 күнге созылған. Марқұмның денесін арнайы тәсілмен дәрілеп болған соң бірнеше маталармен ораған, қымбат бағалы

тағыншақ-әшекейлермен безендірген. Мата қабаттарының арасына бақыт келтіретін тұмарлар қойған. Бірақ мумиялау артында бай туған-туысқандары бар марқұмдарға ғана нәсіп ететін еді.

Өз біліміңді сынап көр!

Пирамидалар — ..

Тас табыт — ..

Мумиялау — ...

Сфинкс — ...

Қасиетті жануарлар Египетіктердің діни наным-сенімі бойынша, құдайлар көбінесе қасиетті жануарлардың бейнесінде көрінеді. Олардың құдайлары көп болғандықтан, барлық жануарлар құдай деп есептелген. Мысық, қой, өгіз, сиыр, арыстан, лашын, жылан тағы сол сияқтыларды қасиетті жануарлар деп санаған.

Құрт-құмырсқалардың арасында әсіресе қарақоңыз ерекше құрметтелген. Мысырлықтар Жер шары да, қарақоңыздардың домалатып жүрген нәрселері сияқты, аспан кеңістігіне айналып жүреді деп ойлаған. Сондықтан да қарақоңыздар Күннің жәрдемшілері болып саналған. Денесінде Бастет деген жебеуші әйедің бейнесі бар мысықтың құрметіне өткізілген мерекелерде Египеттің бүкіл халқы қатысқан. Қасиетті жануарларды да қаза тапқан адамдарға ұқсатып мумиялаған, ізет-құрметпен жерлеген.

Көмекші конспект

- Пирамида — Перғауын жерленген орын
- Хуфу → Хафра → Менкаура
- Хуфу (Хеопс — гректер) — б.з.б. 2500-жылдар
- Сфинкс
- Тутанхамон
- Мумиялау — 70 күн
- Бастет — сұлулықтың жебеуші әйелі



Мумияланған ит



Киелі деп саналған қарақоңыздар



Мысық бейнесіндегі әсемдік құдайы – Бастет



Хатшының мүсіні



Папирус



Тастағы жазудан үзінді

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ежелгі Египет билеушілерінің пирамидаларын қандай мақсатпен құрған?
2. «Барлық нәрсе – уақыттан, ал уақыт — пирамидалардан қорқады!» деген қанатты сөздерді қалай түсінесің?
3. Мысырдағы ең атақты пирамидалар қай жерде құрылған?
4. Неліктен перғауындарды жерлегенде сағанаға олардың өмірде қолданған бұйымдарын қосып көмген?
5. Марқұмдарды қай мақсатпен мумиялаған?

10 – 11-§§. Ежелгі Мысырдың мәдениеті

Жазу

Ежелгі мысырлықтардың жазуы алғашқы пайда болған жазулардың бірі болып саналады. Ең алдымен әрбір сөз сурет көрінісінде жазылған. Жазуды қарғыстар мен рәсімдерді жазып жүруде пайдаланған, сондықтан да оны «қасиетті» немесе «құдайлардың сөзі» деп таныған.

Жазулар кесенелердің қабырғаларына және құдайлардың мүсіндеріне ойып жазылған. Ежелгі гректер оларды «иероглифтер» деп атаған (тасқа ойып жазылған қасиетті жазулар деген мағынаны білдіреді). Мысырлықтардың әліпбиі 750 иероглифтен құралған. Әрбір сөз өзінде бірнеше рәміздер мен белгілерді кескіндеген. Иероглифтерді үйрену өте қиын іс болған, сауат ашу көпшілікке бұйыра бермеген.


Иероглифтерді қамыс қылқаламмен папирусқа, яғни папирус сабағынан жасалған қағазға жазған. Түрлі-түсті минералды бояулар сияның орнына қолданылған. Білім алып жатқанда қыш бұйымдардың бөлігіне немесе әктасқа жазатын болған. Көркем жазу өнерін меңгерген адамдар жоғары деңгейдегі мәліметті және сауатты адамдар болып саналған, үлкен жеңілдіктерге, ізет-құрметке ие болған. Кедей жанұялардың перзенттерінің көбі сауатсыз болып қала берген, ал өнерді ата-анасынан үйренген.

Иероглифтер сырының ашылуы Танымал француз ғалымы Жак-Франсуа Шампольон 1822 жылы әлемге әйгілі болған жаңалық ашты: Мысырдың көне жазуларын оқудың жолын тапты. Бұл жаңалыққа Каир қаласынан онша ұзақ орналаспаған Розетт қалашығының маңындағы бір тасқа ойып, ежелгі мысыр және грек тілдерінде жазылған бірдей мағынасы бар жазбалар себепші болды. Грек тілінен аудару қиыншылық тудырмады: мәтіндерді салыстырып, әрбір иероглифтің білдірген мағынасын түсінуге қол жеткізілді. Дәл осы жаңалықтан соң папирустарға жазылған көптеген жазбалар, ғибадатханалар мен қабырғалардағы жазулар көпғасырлық тыныштықтан кейін «тілге кірді». Ал тарихшылар мұның арқасында Ежелгі Мысыр өркениетін үйрену жолында маңызды да сенімді деректерге ие болды. Бүгінгі күнде Розетт тасы Лондондағы Британия мұражайында сақталуда.

Теориялық білімдердің пайда болуы Мысырлықтардың теориялық білімдері олардың практикалық қызметімен байланысты болған. Олар ұрықты жерге қашан себу, қай кезде өнімді жинап алу қажетігін білуге ұмтылды. Бұл уақыттарды мысырлықтар жұлдыздарға қарап анықтады. Астрономия, яғни жұлдыздар жөніндегі ғылым осылай дүниеге келді.

Мысырлықтар жұлдыздарды бақылай отырып, жыл ұзақтығын 365 күн етіп анық белгіледі, ең алдымен календарь жасады, 365 күнді 30 күннен тұратын 12 айға бөлді, ал артық қалған 5 күнді мейрам күндері деп есепке енгізбеді. Мысырлықтар жасаған аспандағы жұлдыздардың орналасу картасы осы күнге дейін сақталған. Мысырлықтар теңіздер мен жолсапарларда жұлдыздарға қарап, болжалдап жол тапқан.


Каналдар қазылып, қалаған үй-ғимараттар құрылып жатқанда ауданды, көлемді өлшеу керек



**Нефертити —
Египет ханшай-
ымы**



**Египеттіктердің
медициналық
аспаптары**



**Пашта шынтағы –
өлшем бірлігі**



**Ежелгі Мысыр
су сағаты**



**Осирис —
марқұмдар
дүниесінің патшасы**

болатын, нәтижеде геометрия ғылымы — жер бетін өлшеу ілімі жүзеге келді. Мысырлықтар тек қарапайым арифметикалық амалдарды ғана емес, тіпті дәрежені, түбірді және күрделі есеп-қисапты да білген. Математика ғылымы да осылай дамыды.

Мысырлықтарға медицина ғылымы да жақсы таныс болды. Мумияланған мәйіттерді дайындай отырып, мысырлықтар адамның ішкі құрылысын да жақсы зерттеп, үйренді. Тамырдың соғуына қарап адамның ауруларының себептерін анықтады. Емдеу шаралары көкөніс қайнатпасын, минералды сулар мен тұзды көбірек қолданған. Мысыр қалаларында емшілерге білім беретін арнайы мектептер болды.

Мысырда негізгі өлшем бірлігі «шынтақ» болған, ол шынтақтан бастап саусақтардың ұшына дейінгі ұзындыққа тең болатын, қолдардың ұзындығы әр түрлі болғандықтан «патшаның шынтағы» эталон деп алынған, ол 52,5 сантиметрге тең болған. «Патшаның шынтағы» бүкіл мемлекет үшін стандартқа айналған. Бұдан да қысқа ұзындықтарды өлшеуде алақанды немесе саусақтарды пайдаланған. 28 саусақ яки 7 алақан бір «шынтақты» құрастырған.

Мысырда уақыт су сағаттарының көмегімен өлшенген, ол 24 бөлімге бөлінген арнайы ыдыс болған. Бір бөлімнен екіншісіне ағып өтетін судың көлемі бір сағат деп есептелген.

Ежелгі гректер математика, архитектура, медицина және басқа салалардағы көптеген жетістіктерді мысырлықтардан үйренген.

Әдебиет Мысырлықтардың жазуы өте күрделі болғандықтан, оны әркім оқи алмаған. Бірақ негізгі жұмысы мәтіндерді жазу және оқу болған хатшылардың еңбегінің арқасында мысырлықтардың көркем шығармалары бізге дейін жетіп келді.

Ертегілер, аңыздар, әңгімелер, құдайлар мен патшаларға арналған әнұрандар, мақтаулар кең таралған еді. Көптеген шығармаларда шын оқиғалар ойдан шығарылған оқиғалармен қосылып кеткен. Адамдардың іс қимылына құдайлар араласады, игілік жауыздықты жеңеді. Мысалы, «Аға-інілер туралы ертегі», «Өлім ханзадасы туралы ертегі», Исида мен Осирис туралы аңыз, «Синухет әңгімесі» сынды шағармалар әйгілі болған.

Көмекші конспект

- иероглифтер — 750 — «құдайлардың сыйы», қасиетті жазулар
- папирус
- Жак-Франсуа Шампольон (1822)
- Розетта тасы — египет пен грек тілдері
- астрономия — календарь
- геометрия
- математика
- медицина
- ертегілер, аңыз — әңгімелер


Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ежелгі Мысыр жазуының ерекшелігі неде?
2. Мысырлықтар неліктен иероглифтерді «қасиетті сөз» деп атаған?
3. Мысыр жазуын кім оқи алған? Қалай оқыған?
4. Сенің пікіріңше, ғылым не үшін пайда болған?
5. Мысырлықтардың ғылым саласында қол жеткізген жетістіктерін санап шық.
6. Сеніңше, пирамидалардың құрылысына басшылық еткен абыздардың білімдері қандай болуы керек еді?

12-§. Месопотамияның өркениеттері

Табиғи жағдай Дажла мен Фрот өзендерінің аралығындағы аңғарды гректер *Месопотамия* деп атаған, бұл атауды аударғанда Екі өзен яки Екі өзен аралығы деген мағынаны білдіреді. Адамдар Месопотамияға ежелгі замандарда көшіп барып, қоныстанған.


Месопотамияның табиғи жағдайы Мысырды еске түсіреді — өзендердің үнемі тасуы, жазирама




**Сет құдайы
Осирис
қатынасқан
жиында**



**Шумердің қыш
ыдыстары**




**Жұмысқа
шомған хатшы**



**Құрма ағашы
"Өмір ағашы"**

Есінде сақта!

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV мыңжылдықта Месопотамияда шумерлердің тұрақ мекендері пайда бола бастады. Олар Оңтүстік Месопотамияға қоныс теуіп, бұл елді **Шумер** деп атады. Мемлекеттің **Аккад** деп аталған солтүстік бөлігінде шаруагерлер — **аккадтар** қоныстанды.



Ежелгі шумерлер

ыстық ауа, игерілетін қолайлы да өнімді жерлер, ал ормандар мен батпақтар сірә кездеспейді. Қыста тынымсыз жауын-шашын мен өзендердің тасуы басталады. Сондықтан Месопотамияда әлемдегі ең көне аңыздардың бірі — бүкіл жер жүзін су басу туралы *Топан аңыз-әңгімесі* туды.

Месопотамия халқы құрма ағашын «өмір ағашы» деп атаған. Бір түп ағаш 50 кг-ға жуық жеміс берген. Құрма мәуесінен балға ұқсас май сығып алынған. Ағаштың бұтағы құрылыс материалы және алтын ретінде істетілген. Оның дәнегінен қара малды бағу үшін жем әзірленген. Сонымен бірге құрма дәнектерін теміршілік ұстаханаларда алтынның орнына да істеткен. Месопотамиялықтар лай мен мен шикі қыштан үйлер құрған.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV мың жылдықта Месопотамияда шумерлердің тұрақ мекендері пайда бола бастады. Олар Оңтүстік Месопотамияға қоныс теуіп, бұл елді *Шумер* деп атады. Мемлекеттің *Аккад* деп аталған солтүстік бөлігінде аккадтар қоныстанды. Б.з.б. III мың жылдықтың соңында шумерлерге сіңіп кеткен аккадтар бүкіл Месопотамияны иелеп алды.

Месопотамия халқының кәсіптері

Месопотамия халқының негізгі кәсібі егіншілік болды. Дажла мен Фрот өзендерінің әр жылғы тасқыны кезінде далаларға құнарлылық лайқа сумен бірге ағып келді.

Месопотамияда ағаш, тас, металл секілді шаруашылыққа қажетті материалдар болмаған, бірақ астық мол өндіріліп, мал тұяқтары да көп болатын. Сол себепті Месопотамия халқы саудамен де шұғылданатын. Көршілес *Кавказ* арты және *Иран* өлкелерінен алтын, мыс, күміс, қалайы және кымбат бағалы тастар бидайға айырбастау үшін әкелінетін еді. Ал Сирия кедр ағашын жеткізетін. Сауда ісі су және құрлық жолдары арқылы жүргізілген.

Өз біліміңді сынап көр!

Шумер — ...

Аккад — ...




Месопотамия


Месопотамияда түрлі өнімдермен, қолөнершілік бұйымдарымен сауда жасалды. Металды бұйымдар, безек-әшекейлер, қару-жарақтар мен қыш бұйымдары өте қадірленген. Сауда жасалғанда күміс құймасы тәрізді металдан соғылған теңгелер жұмсалды. Месопотамиядағы салмақ өлшемі — «мино» 550 грамм күміске тең болатын.

Б.з.б. IV мыңжылдықта шумерлер ең көне жазу — миххаттарды ойлап тапты. Шумерлер қолынан өнер тамған шебер құрылысшы әрі қолөнерші болған. Олар ұшы өткірленген таяқшалармен күйдірілмеген лай-қышқа жазған. Зергерлік өнері шумерлердің арасында жоғары деңгейде өсті. Қолы жеңіл шеберлер алтыннан және күмістен түрлі әшекейлер жасады.

Қала-мемлекеттер Уақыт өткен сайын мекен-жайлар бірте-бірте кеңейе түсті, заманымыздан бұрынғы IV мыңжылдықтың соңында Месопотамияда Урук, Умма, Лагаш, Ур және басқа қалалар пайда бола бастады. Олар қала-мемлекеттер деп аталып, қаланың өзінен және оған тұтас диқаншылықпен шұғылданатын аудандардан құралған. Әрбір қаланың билеушісі



Миххат жазуы




Шумердің Ур қаласы

Есіңде сақта!

Біздің заманымыздан бұрынғы IV мыңжылдықтың соңында Месопотамияда Урук, Умма, Лагаш, Ур және басқа қалалар пайда бола бастады. Олар қала-мемлекеттер еді.



**Иштар —
өнімділік, махаб-
бат пен соғыс
құдайы**



**Урук қаласының
патшасы
Гилқамыс**

жоғарғы құдай — қаланың демеушісі саналды. Құдайдың атынан абыздар үстемдік етті, ал құдайлардың ғибадатханасы мемлекеттегі үкіметтің орталығы болды. Месопотамияның ежелгі ғибадатханалары шикі қыштан терілген берік ғимарат болған.

Күн құдайы Шамаш өз алдына ерекше құрметтелген құдай болды. Шамаш бас судья деп есептелген, адамдарды жаман істері үшін соттаған. Ай құдайы Сина, су құдайы Эа өнімділік пен махаббаттың, сондай-ақ соғыс пен жеңістің әйел құдайы Иштарға бағынған.

Қала-мемлекеттердің басында үстемдік етуші патшалар тұратын. Б.з.б. III мыңжылдықта Шумер қалаларының ішіндегі ең құдіреттісі Ур қаласы болған. Археологтар қазып ашқан, патшалардың кесенесінен табылған қазбалар да Урдың күш-құдіретін дәлелдейді. Бұлар алтын бұйымдар, қымбат қару-жарақтар, күміс ыдыстар еді.

Месопотамиядағы пайдаланылатын кең-байтақ жерлер билеушілер мен абыздарға қарасты болды. Далаларды құлдар мен ерікті жалдамалы жұмысшылар игерді. Қалалардың төңірегін мекендеген халық шағын жер бөліктерін иемдеді. Өз отбасын асырау үшін кембағал-бейшаралар патша мен ғибадатхананың жерлерінде еңбек етті.

Заманымыздан бұрынғы III мыңжылдықтың орта шенінде Лагаш мемлекеті өркендей бастады, Шумер мен Аккадтың көптеген қалалары Лагашқа қосып алынды.


Шумер қалалары қорғаныс қабырғаларымен қоршап алынған еді. Қаланың бас қақпасынан басталған көшелер орталық алаңға, ғибадатхана мен патшаның сарайына апаратын. Құрылыс жұмыстары тас, шикі және күйдірілген қышпен жүзеге асырылатын. Лагаштағы ғибадатхана құдайлар мен қаһармандардың мүсіндерімен көркем безендірілген болатын. Ғибадатхананың ішінде

қазылған өуізде балықтар жүзіп жүретін, сондай-ақ кептерлер жасайтын бақ, түрлі аңдар мен құстар мекендейтін тамаша бақ та құрылған.

Соғыс кезінде қала халқы сардар сайлаған. Барған сайын олардың беделі өсті, сардарлар ұдайы үстемдік ете бастады. Оларды патшалар деп атады. Патшалар қала-мемлекетті ақсүйектерге, мансапты тұлғаларға, абыздар мен сарбаздар сүйене отырып басқарды.

Гилқамыс туралы аңыз Месопотамияның ең сүйікті қаһарманы Урук қаласының патшасы болған, оның өмірі кейінірек көп аңыздарға айналды.

Аңыздарға қарағанда, Гилқамыс өмірге келген соң мемлекетте үстемдік еткен атасы немересінің одан тақты тартып алуынан үрейленіп, Гилқамысты жартастан лақтырып жіберуге бұйрық береді. Бірақ жартасқа ұшып бара жатқан бүркіт Гилқамысты іліп алып көтеріп әкетеді де, бір бағбанға апарып береді. Бағбан Гилқамысты еркелетіп күтіп-бағып, тәрбиелейді. Есейген Гилқамыс атасынан билікті тартып алады, өзі Урук қаласын басқара бастайды. Гилқамыс Энкиду деген балуанмен дос болады. Екеуі бірлесіп жауыз құбыжықтарға қарсы күреседі, бұл үшін құдайлар Энкидуды жазалайды, сөйтіп қаһарман қаза табады. Гилқамыс мәңгілік өмірге жеткізу үшін теңіз түбінде өсетін сиқырлы өсімдікті іздеп табады, оны өз халқымен бөліспекші болады. Алайда арқасына қайтып келе жатып бір көлге шомылып тұрғанда, жылан гүлдің исін сезіп қалып, оны ұрлап кетеді. Аңызда айтылуынша, содан бері жыландар әр жылы қабығын тастап жасарады. Ал сүйікті қаласының қабырғалары оны құтқаратынын, игі істері өзін мәңгілікке қосатынын Гилқамыс сонда ғана түсінеді.



**Урдағы
ғибадатхана**

Есіңде сақта!

Месопотамияның ең сүйікті қаһарманы Гилқамыс Урук қаласының патшасы болған, оның өмірі кейінірек көп аңыздарға айналды.



**Гүлді алып
қашып бара
жатқан жылан.
Гилқамыс туралы
аңыздағы сурет**



Шумер – Аккад патшасы

Аккадтың өрлеуі

Қала-мемлекеттер бір-бірімен үздіксіз соғысатын еді. Сол соғыстардың салдарынан Саргон I бүкіл Шумердің патшасы болып қалады. Б.з.б. III мыңжылдықтың орта шенінде ол Аккад және Шумер қаларын өзінің қол астына біріктіреді. Патша Саргон I сауданы өркендету үшін бәріне бірыңғай ұзындық, аудан және салмақ өлшем бірліктерін ойлап тапты. Әлем тарихында бірінші болып тәртіпті әскер құрды. Бұл әскери жасақтар 5400-ке жуық жауынгерлерден құралған, ал кейінірек Саргонға көптеген қала-мемлекеттерді бағындыруға жәрдем берген үлкен армияға айналды. Саргон I Месопотамиядан Арабстанға, Иран мен Үндістанға баратын теңіз сауда жолдарын басып алды. Өз үстемдігін орнату жолында Саргон I «Әлемнің төрт мемлекетінің патшасы» деген атақ алды. Бірыңғай мемлекет көп өмір сүрген жоқ. Саргон I өлген соң, бір-бірімен үздіксіз соғысқан көптеген қала-мемлекеттерге бөлініп кетті. Б.з.б. II мыңжылдықта Шумер-Аккад мемлекеті көшпелі тайпалардың шабуылынан бөлшектеніп кетті.

Көмекші конспект

- Месопотамия → Екі өзен аралығы – Дажла және Фрот өзендерінің аралығы
- Б.з.б. V мыңжылдық → оңтүстікте шумерлер, солтүстікте – аккадтар
- егіншілік, қолөнершілік, сауда
- қалалар — Урук, Эриду, Лагаш, Ур
- зиккурат — ғибадатхана мен обсерватория
- құдайлар — Шамаш, Сина, Эа, Иштар
- Гилқамыс — Урук патшасы
- Саргон I — Шумер-Аккад патшасы
- б.з.б II мыңжылдық — Шумер-Аккадтың құлауы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Екі өзен аралығындағы қала-мемлекеттерді тап.
2. Тарихи атаулар сөздігін пайдаланып, «өркениет» деген сөздің мағынасын түсіндір.
3. Екі өзен аралығы ежелде қалай аталған?
4. Месопотамияның қайсы бөлігін шумерлер мен аккадтар игерген? Қашан?

Есіңде сақта!

Б.з.б. III мыңжылдықтың орта шенінде ол Аккадты өзінің қол астына біріктіреді. Өз үстемдігін арнату жолында Саргон I «Әлемнің төрт мемлекетінің патшасы» деген атақ алды.

13-§. Бабыл патшалығы

Бабыл — «құдайлар қақпасы» Жыл санауымыздан бұрынғы II мыңжылдықта *Бабыл патшалығы* ең үлкен әрі құдіретті мемлекетке айналды.

Бабылдың географиялық жағдайы қолайлы болып, Фрот пен Дажла өзендері айтарлықтай бір-бірімен қосылып кететін бір мекенге орналасқан еді. Тауарлар тиелген кемелерде жүзіп келген көптеген көпестер осы қалаға тоқтап, қонып кететін. Ал «Бабыл» сөзінің өзі «*Құдайлардың қақпасы*» деген мағынаны білдіреді. Бабыл қаласында өте сұлу сарайлар, салтанатты ғибадатханалар болды. Бабылдың үлкен көшесі жеңістің әйел құдайы Иштар қақпасымен аяқталған. Бабыл мемлекетінде егіншілік, қолөнершілік өндірісі және сауда жақсы дамыды. Алайда өзара соғыстар бұған кедергі жасады.

Заманымыздан бұрынғы XVIII ғасырда (б.з.б. 1792-1750 жылдар) Бабыл патшасы *Хаммурапи* бүкіл Месопотамияны біртұтас мемлекетке біріктіруге қол жеткізді. Хаммурапидің үстемдігі кезінде Бабыл ең құдіретті мемлекетке айналды.

Хаммурапи заңдары Хаммурапи тарихқа заң шығарған патша ретінде өнген. Хаммурапи заңдары көлемі жағынан тұрмыстың түрлі жақтарын қамтығанымен бұрынғы барлық заңдардан басым келеді. Хаммурапи заңдары бәріне — бай және кедей адамдар үшін бірдей болған. Заңдардың мәтіндері мемлекеттің барлық қалаларында орнатылған тас бағаналарға жазып қойылды.

Өздерінің қаталдығымен Хаммурапи заңдары адамды таң қалдырады. Егер дәрігер жасаған операцияда науқас мезгілсіз көз жұмса, дәрігердің саусақтары кесіп тасталуға тиісті еді. Егер архитектор құрған үй кенеттен құлап, бірер адамды басып қалса, архитектор өлуге тиіс болды. Өз




Бабыл



Иштар құдайы ғибадатханасының қақпасы



Хаммурапи



Әскерлер қалаға шабуыл жасауда



Соғыстағы садақшылар

қарызын уақытында қайтармаған адам өз жанұя мүшелерін үш жыл мерзімге жалға құлдыққа беруге тиіс еді.

Егер айыпталушы жәбірленушінің көздеріне жарақат тигізген болса, өзі де дәл солай жазалануға, яғни көздеріне жарақат тигізілуі тиіс болған. Өрт кезінде ұрлық үстінде қолға түскен бірер адам сол замат өртке лақтырылған. Ал тәртіпті бұзған ұры бұдан да қатаң жазаға үкім етілген: ол біреудің мүлкіне қол сұққан жерінде өлтіріліп, сол жердің өзінде көміп тасталатын болған.

Хаммурапи заңдары құр сөз ретінде ғана емес, құдайлардың ерік-қалауы ретінде де орындалатын болған, сондықтан да оларды бұлжытпай орындау талап етілген. Қатаңдығы мен аяусыздығына қарамай, Хаммурапи заңдары қоғамның дамуына мүмкіндік жасап берді, себебі талаушылық, ұрлық және мемлекет мүлкін тонау сияқты қылмыстар айтарлықтай жасалмайтын болған.

Өз біліміңді сынап көр!

Бабылдың мағынасы — ... Хаммурапи — ...

Хаммурапи көрші мемлекеттерді өзіне бағындыру үшін дерлік отыз жыл бойы тоқтаусыз соғыс жүргізді. Хаммурапи өлген соң Бабыл тағы 150 жыл бойы астана болып қалды, содан кейін қаланы таулық касситтер тайпасы басып алды. Касситтердің басқыншылығы Бабылдың күйреуіне әкеліп соқтырды, көп жылдарға созылған құлдырау б.з.б. VII ғасырда Жаңа Бабыл патшалығының құрылуымен аяқталды.

Жаңа Бабыл Навуходносор II үстемдігі дәуірінде **патшалығы** Бабыл жоғары деңгейде дамыды. Ол Мысырды Жаңа Бабыл патшалығына қосып алады, Иерусалимді (Құддысты) ойрандайды,

ал Бабылды бағынбас қамалға айналдырады. Навуходоносор II тұрақты тұрғын ғимараттар мен қорғаныс қабырғалар құрылысында күйдірілген қышты пайдалану туралы жарлық береді. Ол үстемдік еткен дәуірде Бабылдың сегіз қақпасы болған: олардың әрқайсысы мемлекеттің бас құдайларының бірінің атымен аталатын еді. Әсіресе, әйел құдай Иштардың атындағы қақпа әсем де көркем болған, аңдар мен құстардың бейнесі түсірілген нақышты тастақтайшалармен безендірілген.

Ежелгі парсылардың әскері б.з.б. 539 жылы Бабылға бастырып кірді. Парсылар Бабылды бағындырды. Көрсетілген күннен бастап Жаңа Бабыл патшалығы Парсы мемлекетінің құрамына кірді. Парсыларды Бабылдан македониялық Александр қуып шығарды. Ол өлген соң Бабыл Салавкилер мемлекетінің құрамына енді.

Бабыл мәдениеті Шумер мен Аккад Бабыл мәдениетінің ең ежелгі ошақтары болатын. Әлемдегі ең көне жазулардың бірі – Шумер миххаты ең әуелі «су», «күн» және басқа ерекше сөздерді аңғартатын суреттерден тұратын.

Патшалардың сарайларында ғибадатханаларда шонжар ақсүйектердің, бай-мансапты адамдардың перзенттері оқитын мектептер ашылды. Оқушылар қыш тақтайшаларға сүйектен, ағаштан жасалған таяқшалармен жазды. Қыш тақтайшалар әуелі күнде кептірілген, соңыра құмыраларда пісірілген. Бұл тақтайшалар тұңғыш кітаптар болды, оқушылар ескерткіш пен аңыздарды көшіріп жазды, өсімдіктердің, құстардың аттары жазылған тізімдер жасады. Тақтайшаларда мемлекеттердің, қалалар мен ауылдардың да аттары айтып өтілген. Шумерлер санақ жүйесі, күн және ай күнтізбелерін жасаған. Шумерліктер күн жылының




Навуходоносор II

Есіңде сақта!

Б.з.б. 539 жылы басакөктеп келген парсылар Бабылды бағындырды. Жаңа Бабыл патшалығы Парсы мемлекетінің құрамына кірді.



Шумер миххаты



Ежелгі жазудың пайда болуы



Бабыл мұнарасы

Есіңде сақта!

Ежелгі жазу – шумер миххаты – б.з.б. 4 мыңжылдықта пайда болды. Шумерліктер өздерінің санақ жүйесін, күн мен ай календарын жасады.

ұзақтығын 365 күн, ал айлы жылдың ұзақтығын 354 күн етіп белгілеген. Шумерлік және бабылдық абыздар — астрономияға тиісті білімге ие болған. Ең көне обсерваториялар биік, көп сатылы храмдар — зиккураттардың жоғарғы жағында алаңшаға құрылды.

Месопотамияда б.з.б. III мыңжылдықта-ақ сан қилы дәрі-дәрмектер дайындау бойынша бағдарламалық әдістеме жасалған.

География саласындағы білімдер шумерліктер мен бабылдықтарға кемелерде теңіз жағалауын бойлап жүзуге жәрдемдесті. Әлемнің жаратылуы туралы ең көне қайнар көздердің бірі Месопотамияда жасалған.

Көмекші конспект

- б.з.б. II мыңжылдық — Бабыл патшалығы
- Бабыл — «құдайлардың қақпасы»
- б.з.б. XVIII ғасыр — Хаммурапи → бірыңғай патшалық
- Хаммурапи заңдары
- Навуходоносор II үстемдігі — дамуы
- б.з.б. 539 жыл → Бабылды парсылардың басып алуы
- миххат, календарь
- Әлемнің жаратылуы туралы аңыз

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Бабыл патшалығы мен оның астанасын тап.
2. Бабыл қаласын неліктен «құдайлардың қақпасы» деп атаған?
3. Қайсы патшаның дәуірінде және қашан Бабыл бірыңғай мемлекетке айналды?
4. Хаммурапи заңдары қандай мақсатпен шығарылған еді? Бұл заңдар кімдерге арналған болатын?
5. Сеніңше, неге Бабылда жаза түрлері соншалықты қатал болған?
6. Навуходоносор II үстемдігі кезеңінде Жаңа Бабыл патшалығында қандай өзгерістер болды?
7. Бабыл мәдениеті туралы не білесің?

14-§. Алдыңғы Азия мемлекеттері мен олардың әскерлері

Эрамыздан бұрынғы II мыңжылдықтың орта шенінде Алдыңғы Азия аумағында, өлкеде жасаған халықтарды бірлестірген алғашқы мемлекеттер пайда бола бастады, мысалы: *Хетт*, *Митанни*, *Ассирия* сынды мемлекеттер, *Финикия қала-мемлекеттері*. Бұл мемлекеттер ұдайы басқыншылық пен қорғаныс шайқастарында күн кешті.

Хетт және Митанни патшалығы Шамамен заманамыздан бұрынғы XVIII ғасырда Кіші Азия орталығында (қазіргі Түркияның аумағында) хетт деген солтүстіктік халық өз мемлекетін құрды. *Хаттуса* қаласы сол мемлекеттің астанасы болды. Халқы егіншілікпен, мал шаруашылығымен шұғылданатын еді.

Хеттер көрші мемлекеттермен үнемі соғысып отырған. Әскери арабалардың қақ ортасында үшкір темір орнатылған қалқандарды пайдаланған. Хеттер Сирияның бірнеше қалаларын басып алып, Бабылды талан-тараж еткен.



Ассирия патшалығы

Қазіргі Сирияның аумағында пайда болған көрші Митанни патшалығы хеттердің қауіпті бәсекелесіне айналды. Митаннилықтар соғыстарда



Ассириялық садақшы



Арыстанмен күресу.

Ниневия сарайы қабырғасына ойып салынған сурет



Ассирия әскерлері қалаға шабуылдауда



Ассирияның астанасы Ниневия
Тіктелген



Ошшурбанапалдың миххат жазулары бар кітапханасы

Есінде сақта!

Хетт патшалығы қазіргі Түркия, ал **Митанни мемлекеті** қазіргі Сирия аумағында орналасқан.

атты әскерді пайдаланды. Хеттердің астанасы – Хаттусаны басып алу кезінде атты әскер үлкен рөл ойнады. Сондай-ақ, біздің жыл санауымыздан бұрынғы XIV ғасырдың басында Хеттер патшалығы одан сайын күшейе түсті. Хеттер соғысып, Жерорта теңізі жағалауларын қайтарып алды, Митанни патшалығын бағындырды. Тек Ассирияның қауіп-қатері астында ғана хеттер Мысыр патшасымен бітім жасауға мәжбүр болды. Ассириялықтар Бабылды басып алды, алайда хеттер олардың қысым көрсетуін тоқтатуға қол жеткізді.

Біздің эрамыздан бұрынғы XIII ғасырдың соңында тарихта аттары белгісіз халықтар (оларды «теңіз халықтары» деп атаған) хеттердің астанасын басып алып, түгелдей күлін көкке ұшырды. Мемлекет құлады, ал хеттер басқа халықтармен сіңісіп кетті.

Ассирия патшалығы Ерте заманда ассириялықтар Дажланың жоғарғы ағысындағы шағын аумақты иелеген. Ең алдымен Ассур қаласы, содан соң *Ниневия* қаласы астана болды. Халқының негізгі кәсібі егіншілік және сауда жасау еді. Ассириялықтардың мемлекеті б.з.б. XX ғасырдың айналасында пайда болды.

Ассириялықтар жауынгер халық болған. Олар көрші елдерге жиі-жиі шабуыл жасап тұрған. Ассириялықтардың құдіретті әскері әр жылы жаңа жерлерді басып алуға аттанар еді. Бағындырылған халықтар Ассирия патшасына көп мөлшерде алым төлейтін болған. Б.з.б. XIII ғасырда патша Салманасардың үстемдігі кезінде Ассирия патшалығы жоғары деңгейде дамыды. Б.з.б. VIII—VII ғасырларда Ассирия патшалығы қайта өркендеген дәуірде *Бабыл*, *Библ*, *Тир*, Сидон және Палестинаның бір бөлігі де басып алынды.

Қаланы басып алған ассириялықтар қамал қабырғаларын, үйлер мен ғибадатханаларды

бұзып тастап, халықты тұтқындыққа айдап әкетеді.

Патшалардың шектен тыс қатыгездігінен Ассирияның астанасы *Ниневия* “қанға бөленген қала” немесе “арыстанның үңгірі” деп атанды. Соғыстарда тоналып, тартып алынған барлық олжа астанаға құйыла берді. Салтанатты сарайлар мен ғибадатханалар байлыққа мелшесінен батты. Ошшурбанапал үстемдігі жылдарында Ниневияда Алдыңғы Азиядағы ең үлкен, қыш тақтайшалардан құралған кітапхана жиналған болатын.

Барған сайын Ассирия мемлекеті әлсіздене түсті. Б.з.б. 627 жылы алдымен Бабыл, соңыра *Мидия* Ассириядан бөлініп шықты. Содан соң Бабыл мен Мидия бірігіп, ө дегеннен, б.з.б. 612 жылы Ошшур мен Ниневияны басып алды. Б.з.б. 605 жылы Ассирияның әскерлерін Бабыл мен Мидия жермен-жексен еткен соң, бұл мемлекет те күйзеліске ұшырады.

Урарту патшалығы *Урарту патшалығы* Кавказ сыртында, *Ван, Урмия* және *Севан* көлдері аралығында орналасқан еді. Халқы урарттар деп аталған.

Бірыңғай мемлекеттің құрылуы Ассирияның шапқыншылығынан қорғану қажеттілігін жеделдетті. Ассириялықтарды тас-талқан ету мүмкіндігі болмаған. Урарту әскерлері тікелей шайқасқа кірмеу тактикасын қолданды.

Б.з.б. IX ғасырда – VIII ғасыр басында *Сардур I* мен *Менуа* үстемдігі дәуірінде Урарту мемлекеті гүлдеп-өркендеді, Тушпа қаласы Урарту мемлекетінің астанасына айналды.

Урарттар бірнеше басқыншылық соғыстарға аттанып, ассириялықтарды жеңді. Бірақ **б.з.б. 714 жылы** ассириялықтардың жасақтары урарттардың армиясын тас-талқан етеді. Урарту патшалары дәуірінде жиналған сансыз мол қазынаны жеңген жақ иелеп алды.




Жорықшы шығар алдындағы хеттердің соғыс арбасы

Есіңде сақта!

Ассирия мемлекеті **б.з.б. XX ғасырда** пайда болды, б.з.б. XIII ғасырда дамудың биік шоқысына жетті, **б.з.б. 605 жылы** тарих майданынан кетті



Тейшебани қаласындағы қамал



Финикиялықтар



Соломон
– Израиль
патшалығының
данышпан
патшасы



Еврей патшалығы
билеушілерінің
сарайы.
Бұрынғы қалпына
келтірілген

Тейшебани қаласындағы қамал мойынсұндырылып, жермен-жексен етілді.

Содан соң Урарту патшалығы біраз әлсізденіп қалды, оны көшпелі *скиф* тайпалары мен Мидия патшалығы өзіне бағындырды. **Б.з.б. 590 жылы** Урарту патшалығы да тарих майданынан кетті.

Финикия және Палестина Ежелгі заманда *Финикия* Жерорта теңізінің шығыс жағалауын бойлап, қазіргі Ливан аумағында және Сирияның бір бөлігін алып жатқан еді. Финикиялықтар егіншілікпен шұғылданды, бақ-тарды, жүзімзарларды күтіп-баптады. Финикия кедр ормандарына бай болған. Кедр ағашынан кемелер жасады. Кедр шайры мумия дайындау үшін Египетке әкелінді.

Финикиялықтардың негізгі кәсібі сауда жасау болған. Олар көршілеріне ағаш, металл және мата сататын. Жерорта теңізінің жағасында *Тур*, *Сидон*, *Угарит* сияқты ірі теңіз қалалары пайда болды.

Финикиялықтар теңіз ісін өте жақсы білген. Б.з.б. II мыңжылдықта-ақ олар *Кипр аралы* мен Кіші Азия жағалауларында колонияларға негіз қалады. Содан соң финикиялықтар Солтүстік Африка, Испания, Сардиния және Сицилия аралдарында да пайда болды.

Б.з.б. X–IX ғасырларда Финикияда *Тур-Сидон* патшалығы құрылды. З.б. VIII ғасырда бұл мемлекетті Ассирия патшалығы басып алды.

Б.з.б. X ғасырда Финикияда 22 дауысты дыбыстан құралған әліппе жасалды. Гректер осы әліппені меңгеріп алды, оларға тағы дауысты дыбыстарды да қосып қойды.


Б.з.б. II мыңжылдықтың орталарында Палестинаға ежелгі еврей тайпалары көшіп келіп орнықты. Б.з.б. XI ғасырда Палестина аумағында Израиль патшалығы пайда болды, кейінірек ол *Еврей* патшалығына біріктірілді. Уақыт өткесін Израиль-Еврей патшалығы бөлек (Солтүстік Палестина)

мен Еврей (Оңтүстік Палестина) патшалықтарына бөлшектеніп кетті. Израиль патшалығын ассириялықтар басып алды. **Б.з.б. 586 жылы** яһудилерді Бабыл тапшылығы бағындырды.

Ежелгі еврейлердің аңыздары діни кітаптарға жазып жүрілді. Бұл кітаптардың жинағы “Библияға” жинақталған, бұл сөз грекшеден “кітап” деген мағынаны аңғартады. “Библияда” Әлем, Жер жүзіндегі алғашқы адамдар — Адам ата мен Хауа ананың жаратылуы, жер жүзін топан суының қаптағаны туралы және басқа аңыздар бар.



Көне қолжазба



Еврей халқын бабылдықтар тұтқынға алуда

Көмекші конспект

- б.з.б. II мыңжылдықтың орта шені — Хетт, Миттани, Ассирия
- б.з.б. XVIII ғасыр — Хетт патшалығы, астанасы — Хатусса
- б.з.б. XVIII ғасырда — «теңіз халықтарының» Хатуссаны ойрандауы, мемлекеттің бөлшектенуі
- Ассирия патшалығы — астанасы Ассур — Ниневия
- Ошшурбанапал — миххат кестелерінен құралған кітапхана
- б.з.б. 612-605 жылдар — Мидияны Бабыл басып алды
- Урарту мемлекетінің құрылуы, астанасы Тупша
- б.з.б. IX ғасыр — VIII ғасыр бастары Урартудың гүлдеп-өркендеген кезеңі
- Финикия — Тир, Сидон, Угарит қалалары
- б.з.б. IX ғасыр — Израиль мемлекетінің пайда болуы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Б.з.б. II мыңжылдықта Алдыңғы Азияда болған мемлекеттерді картадан тауып, аттарын ата.
2. Алдыңғы Азия аумағында алғашқы мемлекеттер қашан пайда бола бастады?
3. Ассирия патшалығы туралы не білесің?
4. Ассирия патшасы Ошшурбанапал тарихта қандай ат қалдырған?
5. Хетт патшалығы қалайша жүзеге келді? Хетт патшалары үстемдігінің өзіне тән ерекшелігі неде?
6. Хетт патшалығы қалайша күйреуге ұшырады?
7. Урарту мемлекетінің өркендеуі мен күйреуге ұшырағанының себептері неде?


Есіңде сақта!

Б.з.б. VI ғасырда қазіргі Иранның аумағында (Парсы шығанағы жағалауларында) негізін Ахаманилер әулетінен шыққан патшалар салған **Парсы патшалығы** пайда болды.

15-§. Ахаманилер мемлекеті

Есіңде сақта!

Б.з.б. III мыңжылдықта Иранның оңтүстік-батыс бөлігінде Месопотамиямен шекаралас **Элам** мемлекеті пайда болды. Бұл мемлекеттің астанасы **Суза** қаласы еді.



Парсылар соғыста. Жалтырақ плиткалардан жасалған сурет

Ежелгі Иран халқы

Б.з.б. VI ғасырда қазіргі Иранның аумағында Ахаманилер әулетінен шыққан патшалар негіз салған *Парсы патшалығы* пайда болды. Ахаманилер патшалығы дүние жүзіндегі ең үлкен мемлекеттердің бірі болған.

Қазіргі Иранның аумағында бағзы замандарда *кассилер*, *эламитер* деген тайпалар өмір сүрген. Б.з.б. IX ғасырда бұл елге *мидиялықтар* мен *парсылар* көшіп келіп, қоныстанды.

Иран үлкен жазық таулардан құралған мемлекет саналады. Мемлекеттің аумағы айтарлықтай барлық жағынан орманды таулармен қоршалған.

Тау етегіндегі аңғарларда халық егіншілікпен шұғылданды, ыстық шөлді аймақтарда малшылар еңбек етіп, күнелтті.

Иран Кіші Азия, Месопотамия, Кавказ сырты, Орта Азия және Үндістан мемлекеттерін байланыстырып тұрған керуен жолдарының түйіскен жерінде орналасқан болатын.

Ежелгі мемлекеттер Б.з.б. III мыңжылдықта Иранның батыс бөлігінде Месопотамиямен шекаралас жерде *Элам мемлекеті* пайда болды.

Есіңде сақта!

Б.з.б. VII ғасырда патша Киаксар үстемдігі кезеңінде Мидия құдіретті мемлекетке айналды. Б.з.б. 612–605 жылдары Мидия мемлекеті Бабылмен одақтасып, Ассирияны басып алды.



Ежелгі Парсы мемлекеті

Оның астанасы Суза қаласы болған. Эламда әлемдегі ең көне жазулардың бірі жазылған.

Б.з.б. IX ғасырда Каспий теңізінің оңтүстік батысында орналасқан Мидияда тайпалар одақтары құрылды. Б.з.б. VII ғасырда патша Киаксар билеген кезеңде Мидия құдіретті мемлекетке айналды. Б.з.б. 612— 605 жылдары Мидия мемлекеті Бабылмен одақтасып, Ассирияны басып алды.

Кир II – Парсы патшасы

Иранның оңтүстігінде, Парсы шығанағына ұласып кеткен жерлерде Парсы облысы — ежелгі парсылар мекендеген өлке қоныс тепкен еді.

Б.з.б. 558 жылы Ахаманилер әулетінен шыққан патша *Кир II* барлық парсыларды өзінің қоластына біріктірді. Мидия патшалығын бағындырған соң Кир II қалың қол жинап, басқыншылық жорықтарын жалғастырды. Армения, Мидия мен Бабыл басып алынды (б.з.б. 539 жыл). Ирандықтар Жерорта теңізінің жағалауына барып, Палестина мен Финикияны мойынсұндырды. Кир II-нің Орта Азияға, сақтар мен массагеттерге қарай жасаған шапқыншылығы нәтижесіз аяқталды.

Кир II-нің басқыншылық саясатын ұрпақтары Камбиз бен Дари I жалғастырды. Камбиз Мысырды басып алып, Парсы мемлекетінің жерін кеңейтті.


I Дари дін реформалары

Б.з.б. 522 жылы патша Дари I (б.з.б. 522 – 486 жылдары патша болды) Ежелгі Парсы мемлекетінің тағына отырды. Бұл кезде басып алынған барлық елдерде көтерілістер толқыны өршіді. Ахаманилер патшасы Дари I оны басуға тырысты.

Дари I бүкіл мемлекет үшін «дари» деп аталған бірыңғай алтын теңгені қолданысқа енгізді. Ол ежелгі Парсы патшалығы ордасы – Персополь



Кир II




Дари I тақта



Алтын теңге



**Дари I
сақшылары**



**Тұтқынға алынған
көтерілісшілерді
Дари I дің алды-
на алып кетуде.
Бехистун үңгірі**

Есіңде сақта!

Македониялық Александр **б.з.б. 330 жылы** Парсы мемлекетін басып алды. Ахаманилер мемлекеті 200 астам жыл бойы үстемдік еткен.

қаласынан Жерорта теңізіне дейін «патша жолы» деген сауда жолын құрғызған еді. Дари I армияны қайтадан құрды, сұлтанатты «сатрап» деп аталған арнайы әскери округтарға бөлді.

Дари I Қара теңіз жағалауын мекендейтін скифтерге қарсы шабуыл жасады. Оның Алдыңғы Азиядағы гректер колонияларын және Балкан түбегінің шығысындағы Фракияны басып алуы грек-парсы соғысының басталып кетуіне себеп болды. Дари I билеген кезде Үндістанның солтүстігінен Жерорта теңізіне дейінгі жерлерді алып жатқан үлкен сұлтанат құрылды.

Ежелгі парсылар мәдениеті Суз, Эктабан және басқа қалалар Ахаманилер мемлекетіндегі маңызды сауда орталықтары болатын. Персепольда Дари I мен Ксеркстің көрікті бөлмелері, жүз аркалы залы бар сарайының қалдықтары сақталып қалған. Сарай аңыздық және қияли құстардың суретімен безендірілген еді. Персепольдың бөртпе нақыштарында Ахаманилер бағындырған көптеген халықтар мен ұлыстардың аттары сақталып қалған. Олар негізінен Иран патшаларына ұлпан және салық әкеле жатқан көріністе кескінделген.

Ежелгі парсылар миххат тәрізді белгілермен жазған. Парсы патшаларының бітіктері *Бехистун* және *Нақшы Рустам* жартастарына, сондай-ақ Персеполь сарайының қабырғаларына ойып жазылған. Олар жорықтар, көтерілістер және мемлекеттер тұрмысындағы маңызды оқиғалар туралы мәлімет береді.

Македониялық Александр **б.з.б. 330 жылы** Парсы мемлекетін басып алды. Ахаманилер мемлекеті екі жүз жылдан астам уақыт ішінде үстемдік етті.

Көмекші конспект

- кассилер, эламирлер, мидиялықтар, парсылар
- Элам, Мидия мемлекеттері
 - б.з.б. 558 жыл — Кир II Парсы мемлекетінің патшасы
- Кир II — Армения, Бабыл және Мидияға басқыншылық жорықтары
- б.з.б. 530 жыл — Кир II-нің Орта Азиядағы жеңілісі
- б.з.б. 522 жыл — Дари I сұлтанатын сатраптықтарға бөлді
- б.з.б. 330 жыл — Ахаманилер сұлтанатының Македониялық Александр тарапынан басып алынуы
- Ахаманилер мемлекеті 200 жылдан астам уақыт ішінде үстемдік еткен.


Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Иран патшалығы қашан құрылды?
2. Қайсы әулет патшалары Парсы патшалығын құрған?
3. Элам мемлекеті қашан құрылды?
4. Дари I өз мемлекетінде қандай реформалар өткізді?

16-§. Үндістан өркениеті

Аймағы мен табиғи жағдайы Үндістан мемлекеті Үндістан түбегі мен Азия континентінің Үнді және Ганг өзендері аңғарларының бір бөлігін алып жатты. Табиғи жағдайы тұрғысынан бұл аңғар Египет пен Месопотамияға ұқсап кетеді. Ыстық климат, сумен бірге құнарлы топырақты ағызып әкелетін, жайылып ағатын өзендер егіншіліктің пайда болып, дамуына ықпал етті. Гималай таулары солтүстік шығыстан келетін дұшпандардан және салқын самалдан, табиғи қорғаныс қабырға сияқты, аңғарды қорғайтын еді.


Ганг аңғарындағы тропиктік ормандар биік ағаштар мен сан-алуан өсімдіктерге бай болды. Ағаштардың жуан діңгектеріне үлкен шырмауықтар тор сияқты оралып, өсіп жататын. Джунглилерде тек балтамен ғана жол ашып, аяқ басу мүмкін еді. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы III мың жылдықта Үнді өзенінің аңғарында біртұтас мемлекетке бірлескен үлкен қалалар пайда бола бастады.




Нил өзенінің аңғары

Есінде сақта!

Үндістан мемлекеті Үндістан түбегі мен Азия континентінің, Үнді және Ганг өзендері аңғарларындағы жердің бір бөлігіне орналасқан еді.



Соғыс пілі



Мохенждародағы көше

Есіңде сақта!

Мохенждаро мен **Хараппа** қалалары Үнді өзені алабындағы ең ірі цивилизациялар болды. Екі қаланың да мықты қорғаныс қабырғаларымен қоршалған екі қамалы болды.



Арыстандардың осындай бейнесімен ғибадатхана аркілері безендірілген



Ежелгі Үндістан

Үндістанның цивилизациясы

Мохенждаро мен Хараппа қалалары Үнді өзені алабындағы ең ірі өркениеттер болған. Екеуің де берік қорғаныс қабырғаларымен қоршалған, аркасы болған. Көшелер арқылы бір-бірінен бөлінген сілемдерде піскен қыштан құрылған үйлер (тұрақ орындар, қоймалар, сарай және храмдар) табылған. Үлкен әрі көрікті қала – Мохенждаро халқы шебер қолөнерші болған.

Халқының негізгі кәсібі егіншілік пен мал шаруашылығы болған. Олар қант құрағын, мақта өсімдіктерін өсірді, пілдерді қолға үйретті. Бірақ біздің заманымыздан бұрынғы XVIII ғасырдан кейін Үнді жазығының мекен орындары жиі-жиі болатын тасқындар, ормандар мен тікенді ну тал-шіліктің кеңеюі, сондай-ақ топырақтың құнарсыздануы салдарынан құлдырады.

Біздің заманымыздан бұрынғы 1500 жылдары Үндістан аумағына басқыншылар баса-көктеп кіріп келді. Ғалымдардың пікірінше, басқыншы *арийлер*—

Шығыс Еуропа пен Уралды мекендеген көшпелі тайпалар шапқыншылығынан соң Мохенжодаро мен Хараппа тып-типыл ойрандалды, сөйтіп бұл өркениеттер бұрынғы қалпына келе алмады.

Өз біліміңді сынап көр!

Үндістан — ... Мохенжодаро — ...
Арийлер — ...

Діни сенімдер Ежелгі үнділер египеттіктер мен бабылдықтар секілді табиғаттың көптеген құбылыстары алдында әлсіз болатын: тропиктік селдерден, су тасқындарынан, қуаңшылықтан қорқатын. Үнділер табиғатты құдайлар басқарады деп ойлаған. Көне үнді аңыздарында айтылуынша, Күн құдайы әр күні таңертең алтын арабада аспан бойымен жол жүреді. Күн түнгі қараңғылықты тас-талқан етіп, адамдарға жарық пен жылылық тарату үшін көкжиектен көтеріледі. Найзағай құдайы Индра аспандағы суды сорлықтан құтқарған соң, жер жүзінде қуаңшылыққа шек қойылыпты.

Үнділер кейбір құдайларды жабайы аңдардың бейнесінде елестеткен. Мәселен, пілге сиынған. Бас құдайлардың бірі – басы пілдікіне ұқсас данышпан *Ганеша* болған. Ал сиырды үнділер ерекше қадірлеген. Сиыр қасиетті жануар саналған. Сиырды өлтірген адам қылмыскер деп жарияланған: ол адамды қоғамнан қуып жіберетін, ешкім онымен сөйлеспеуге тиісті болған.

Үнділер адамның жанының бір денеден басқасына көшіп өтуіне сенген.


Олар адам қаза тапқаннан кейін бәрібір өлмейді, не бары басқа бір хайуанға айналып, өзінің сыртқы көрінісін өзгертеді, аңға, құмырсқаға және өсімдікке айналады деп ойлаған. Ал адамның өлімінен кейін кімге, неге айналып қалуы оның осы өмірдегі іс-



**Ганеша —
данышпандық
құдайы**



**Сиыр Үндістанда
қасиетті деп
саналады**



**Үнді
касталары**



Брахма құдайы



Индра – найзағай құдайы

қимылына және лауазымына байланысты деп ойлаған.

Үнді касталары Ежелгі үнділер қандай жұмыстармен шұғылдануына қарай төрт топқа бөлінген. Бұл топтар *каста* немесе *варна* деп аталған, мысалы: абыздар – брахмандар (үнді дінбасылары) жауынгерлер – *кшатрилер*, егіншілер, қолөнершілер мен саудагерлер — *вайшиялар*, ісшілер мен құлдар — шудралар.

Үнділердің сенімі бойынша, касталардың әрқайсысын жоғарғы құдай Брахма өз денесінің қайсы бір бөлігінен жаратқан екен. Мысалы, абыздар оның аузынан, әскерлер – қолдарынан, диқандар құйымшақтарынан, ал ісшілер – аяқтарының табанынан жаратылған. Балалар ұдайы ата-аналарының кастасына жатады деп саналған. Бір кастадан екіншісіне өту мүмкін болмаған. Түрлі касталарға жататын адамдардың ортасында некеге рұқсат етілмеген.

Ал касталардың бірде – біреуіне жатпайтындар ерекше статусқа ие болған. Бұларды «чандал», яғни «*жиіркеніштілер*» деп атаған. «Чандалдар» касталарға жататын адамдармен бір үйде жасай алмайтын, олармен бір дастарқан басында отыруға тыйым салынған. Алыстан көрініп ерекшеленіп тұруы, біреудің оларға байқаусызда тиіп кетпеуі үшін «чандалдар» арнайы киім киіп жүруі тиіс болған. Олар ауылдардан сыртта жасауға мәжбүр болды.

Көмекші конспект

- Үндістан түбегі (Үнді және Ганг өзендері)
- б.з.б. III мың жылдық — Мохенждаро мен Хараппа қалаларының пайда болуы
- б.з.б. 1500 жылдарда көшпелі арийлердің басып алуы
- құдайлар — Индра, Ганеша, Брахма
- Касталар (варна):
 - абыздар — брахмандар
 - жауынгерлер — кшатрилер
 - егіншілер, қолөнершілер және саудагерлер — вайшиялар
- ісшілер мен құлдар — шудралар
- «чандалдар»

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Үндістанды тап. Үндістанның географиялық орнының ерекшеліктері туралы әңгімелеп бер.
2. Үндістанның алғашқы цивилизациялары қашан және қай жерде пайда болды?
3. Халықты касталарға бөлу кімдер үшін пайдалы болды?
4. Сенің ойыңша неліктен бір кастадан екіншісіне өтуге рұқсат етілмеген?
5. Египеттіктер мен үнділердің діни сенімдерінің ұқсастығы және ерекшеліктері неде?


17-§. Біздің заманымыздан бұрынғы I мың жылдықтағы Үндістан

Үндістан мемлекеті Үндістанда егіншілік, қолөнершілік пен сауда дамыған соң әскери шонжарлар мен дін өкілдері едәуір күшейді.

Құлдарды және басқа еңбек етіп жатқан адамдарды бағындырып, тізгінді ұстап тұру үшін армиясы, мансапты тұлғалары, судьялары, сақшылары мен салық жинаушылары болатын күшті мемлекет қажет еді. Әскери сардарлар мен ақсақалдар арасынан бөлініп шыққан үстем таптар үкіметті мирасқорлық жолымен перзенттеріне қалдыратын патшаларға айналды. Сөйтіп б.з.б. VII-VI ғасырларда Үндістанда бірнеше мемлекеттер пайда болды, мысалы: Магадха, Кошала, Малла және басқалар.

Македониялық Александр Орта Азияны басып алғаннан кейін **біздің заманымыздан бұрынғы 327 жылы** Пенджаб өлкесінің аумағына бастырып кірді.

Осы өлкедегі мемлекеттердің патшалары басқыншыларға қатты қарсылық көрсетті. Македониялық Александр көп қиыншылықпен Үнді аңғарына жетіп барады, заманымыздан бұрынғы 325 жылы Бабылға оралады. **Заманымыздан бұрынғы 318 жылы** грек-македон әскерлері Үндістаннан түгелдей қуып шығарылады.



Қолбасшы
Чандрагупта.
Заманауи сурет

Есіңде сақта!

Грек – македониялықтардың әскерлері қуып шығарылған соң Чандрагупта Солтүстік Үндістандағы барлық мемлекеттерді өзінің құрамына қосып алған, астанасы Паталипутра болған, Маурия мемлекетінің негізін қалады.



Маурия –
мемлекетінің
патшасы



Үнділер ойлап тапқан шахмат



Санскрит жазуы



Сиддхарта Гаутама

Грек-македониялықтардың жасақтарына қарсы соғысқа атақты үнді қолбасшысы Чандрагупта басшылық етті.

Гректер-македониялықтардың әскерлері қуып шығарылған соң Чандрагупта Солтүстік Үндістандағы барлық мемлекеттерді өзінің құрамына қосып алған Маурия мемлекетінің негізін қалады. Ал, Паталипутра қаласы Маурия мемлекетінің астанасына айналды. Б.з.б. **III ғасырда** патша Ашок үстемдігі дәуірінде Маурия жоғары деңгейде өркендеді. Бірақ патша Ашок өлген соң өзара соғыс-жанжалдар өршіді. Үндістан тағы ұсақ мемлекеттерге бөлшектеніп кетті. Арадан көп уақыт өтпей олардың көбін Кушан патшалығы басып алды.

Ғылым мен мәдениет Біздің жыл санауымыздан бұрынғы I мың жылдықта Үндістанда ғылым пән, негізінен астрономия мен математика саласы жоғары дәрежеде дамыды.

Үнділер 360 күннен құралған күн календарын жасады. Бұл дәуірде санаудың және есептердің ондық жүйесі кең таралды: үнділер «нольді» кескіндейтін арнайы белгі ойлап тапты, ал цифрларды бүгінгі таңда бүкіл әлем қолданатын бір тәртіп бойынша жазатын болды. Біз бұл цифрларды араб цифрлары деп атаймыз, өйткені бұл цифрларды үнділерден қабылдап алған арабтардың арасында олар кең таралған болатын. Осы мемлекетте ойлап табылған, үнділердің «әскерлердің төрт түрі» деп аталатын ойын қазіргі таңда дүние жүзінде «шахмат» деген атпен белгілі.

Үнділер бірінші болып қант құрағынан шекер алды. Металдарды өңдеу саласында да үнділер адамды таң қалдыратын жетістіктерге қол жеткізді. Осы күнге дейін Дели қаласында сақталған таза темірден құйылған бағана әлі де тоттанбаған, сол күйінде сақталған. Ежелгі үнді тілдері негізінде жаңа тіл — санскрит жасалды. «Махабхарата»,

«Рамаяна» дастандары және басқа туындылар сол тілде жазылған, олар осы күнге дейін жетіп келген.

Өз біліміңді сынап көр!

Паталипутра — ...

Санскрит — ...

«Әскерлердің төрт түрі» — ...

«Құдайларсыз Қоғамдағы өзгерістердің ықпалынан үнділердің діни сенімдері де реформаға ұшырады. Б.з.б. VI ғасырда жаңа буддизм дінінің жаратылуы Будда деген бүркеншік ат алған ханзада Сиддхартхе Гаутаманың есімімен байланысты.

Аңызда айтылуынша, ханзада Сиддхартхе Гаутама 20 жасқа толғанша әкесінің сарайында ешқандай уайымсыз күн кешкен. Күндерден бір күні серуендеп жүрген кезінде қартайған шалға ұқсаған, дауасы жоқ ауруға шалдыққан жасырақ бір адамға, ал кейінірек жерлеу рәсіміне көзі түседі. Осы ұшырасулар ханзада Сиддхартхе Гаутаманың өмірін бүтіндей өзгертіп жіберді. Ол сарайдағы салтанатты тұрмыстан бас тартып, өмірдің мән-мазмұнын іздеп табу мақсатымен жер шарын аралап, саяхатқа аттанды.

Бір күні ағартудың биік шоқысына жеткен Будда адамның сан рет туылуын және қаза табуын түсініп жетеді. Кейінгі өмірде адамның кім болып туылуы да оның іс-қимылдарына және лауазымдарына байланысты болады. Будда мен оның орынбасарлары болған буддистер адамның өтірік сөйлемей, мал-дүние жинамауы, тірі организмдердің қанын төкпеуі керек деп санайды. Адам әрқандай өуестіктен бас тартуы тиіс, өйткені ерік-қалау азапқа алып келеді. Буддистер Жер бетінде өрмелеп бара жатқан құрт-құмырсқаларды кездейсоқ басып алып, оған жәбір көрсетпеуі үшін тіпті қыста да жалаңаяқ жүрген.

Есіңде сақта!

Будда дініне Будда атын алған ханзада Сиддхартхе Гаутама негіз қалаған.



Будда

Есіңде сақта!

Буддизмде ең әуелі құдай болмаған, себебі олар құдайлар адамның азап-қиыншылықтарын жеңілдете алмайды деп санаған.



Хуанхэ өзені

Буддизмде ең әуелі құдай болмаған, себебі олар құдайлар адамның азап-қиыншылықтарын жеңілдетпе алмайды деп санаған. Бірақ көп өтпей Будданың өзі құдайға айналды. Бүгінгі таңда да буддизм ғибадатханаларында оның мүсінін көруге болады. Будда қолына лотос гүлін ұстағанша терең ойға шомып, қимылдамай, қабақтарын салғанша, малдас құрып отырған күйінше бейнеленген.

Жаңа дін алдыңғыларынан адамның беделі касталарға да, қоғамдағы статусына да байланысты еместігімен ерекшеленеді. Буддистердің пікірінше, барлық нәрсе адамның өзіне байланысты: оның кемелдікке нәрселерден бас тартуы рухани дамудың негізін қалайды.

Өз біліміңді сынап көр!

**Буддизм — ... Чандрагупта — ...
Будда — ...**

Көмекші конспекті

- б.з.б. VII–VI ғасырлар — Магадха, Кошала, Маллу мемлекеттері
- б.з.б. 327 жыл — Македониялық Александрдың Үндістанды басып алуы
- Чандрагупта — астанасы Паталипутра болған Маурия мемлекетінің негізін қалаушысы
- б.з.б. III ғасыр — Ашок үстемдігі — гүлдеп-жайнаған дәуір
- ашулар: цифрлар, «ноль» цифры, шахмат
- «Махабхарат», «Рамаяна», — халық дастандары
- Буддизм – «құдайларсыз дін»

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Б.з.б. I мыңжылдықта Үндістанда қайсы мемлекеттер пайда болды?
2. Ұлы жаһангірлердің қайсы біріне Үндістан мемлекетін бағындыру нәсіп етпеді? Неліктен?
3. Маурия мемлекетінің негізін салған адамның атын айт.
4. Маурия мемлекеті қайсы патшаның дәуірінде жоғары деңгейде дамыды?
5. Үндістанның ең маңызды ашулары мен жаңалықтарын айтып бер.
6. Үнділер қайсы дінді «құдайларсыз дін» деп атаған?



Қала сақшылары мұнарасының көшірмесі. Б.з.б. I ғ.

18-§. Қытайдың ежелгі өркениеттері

Қытайдағы өркениет үшқындары

Мысырдағы, Месопотамия мен Үндістандағы сияқты Қытайда да алғашқы цивилизациялар *Хуанхэ* және *Янцзы* деген үлкен өзендердің бойларында б.з.б. III—II мыңжылдықтарда пайда бола бастады. Ежелгі Қытай мемлекеті *Хуанхэ* өзенінің орта сағасында құрылды (Қытайша «Хуанхэ» — «Сары өзен» деген мағынаны білдіреді).

Қытайлықтар «қаңғыбас өзен», «мың апат келтіретін өзен» деп те атаған *Хуанхэ* өзені ағысын жиі-жиі өзгертіп тұратын. Әр екі жылда бір рет қыран-топан су тасқындары болып өтетін. Адамдар осы тасқындардан төбешік жерлерде жан сауғалайтын еді.




Ежелгі Қытай



Қытай шонжары

Есіңде сақта!

Қытайда алғашқы цивилизациялар *Хуанхэ* мен *Янцзы* өзендері бойында б.з.б. III — II мыңжылдықтарда пайда болды



Күріш өсетін дала



**Қаладағы
сақшылар
мұнаралары**



**Чжоу
мемлекетінің
билеушісі**

Біздің заманымыздан бұрынғы III мыңжылдықта Қытайда тайпалардың одақтары пайда бола бастады. Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасында одақтас-қалалар біртұтас мемлекетке бірікті, бұл мемлекеттің аты оның бас қаласының атымен «Шань» деп аталған. Б.з.б. II мыңжылдықтың аяғында Шаньға көрші чжоу тайпасы бастырып кіреді, оның көсемі Шань жерлерін өзіне қосып алады да «Чжоу» деген үлкен мемлекетті құрады. Мемлекет үлкен болғандықтан патшалар оны «Жеңімпаз» немесе «Орта патшалық» деп, ал өздерін «Аспан ұлдары» деп атайды. Бүкіл Орталық Қытай міне осы империяның құрамына кіреді.

Халқының кәсіптері Екіншілік Қытайда ежелден абыройлы және мақтанышты кәсіп саналған. Негізгі екіншілік егіндері бидай болған. Кейінірек қытайлықтар салы өндіре бастады. Салы ұрығы Үндістаннан әкелінген. Салы өндіру оңай жұмыс емес. Ұрықты себуден бұрын дала өгізге жегілген соқамен сүдігерленеді. Сүдігерден соң дала қысқа тістері бар ауыр боронамен тегістеледі. Салы ұрығы алдын ала дымдалып қойғандықтан көгере бастайды. Көгерген ұрық көшеті жерге отырғызылады. Салы алқабы көлдетіп суарылады, көшеттің бойы 20-25 сантиметр болғанда алқаптарға егіледі. Шамамен 100 күннен кейін салы пісіп жетіледі, өнімді жинап алған соң ағаштан жасалған шынжырлармен жаншылады.

Қытай халқы кейінірек «шай» ағашын да өсіре бастады, оның жапырақтарынан дәрілік сусын саналатын «шай» дайындалды. Шай тез арада бүкіл әлемге тарады. Тұт ағашын өсіру Қытай халқының негізгі кәсіптерінің бірі болған. Тұт жапырағымен жібек құрты бағылады. Жібек құрттары піллеларға талшықтарын орайды, ал пілләдан өте жеңіл әрі жұқа жібек мата дайындалады.

«Қытай көп патшалықтар» дәуірінде Б.з.б. VIII — VII ғасырларда Чжоу мемлекетінде орталық үкімет әлсірей бастады. Кейбір облыстардың орынбасарлары патша үкіметінен азат болуға ұмтылар еді. Қытайға көшпелі тайпалардың шабуыл жасай бастағанынан пайдаланған шеткі облыстардың халқы бөлініп шығып, өз мемлекетін құра бастады. Сөйтіп, **заманымыздан бұрынғы VII—V ғасырлардағы** үлкен дәуір тарихта «топ патшалықтар» деп аталған. Сол кезде Қытайда «күресіп жатқан патшалықтар» дәуірі де басталады. «Жеңімпаз» империяның жоғары билік басшыларымен бөлініп шыққан мемлекеттердің патшалары ортасында басталған соғыстар 200 жылдан астам уақытқа созылды. Бұл дәуір Син мемлекетінің патшасы өзінің барлық қарсыластарын жойып, **біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда** бірыңғай мемлекет құруымен аяқталды.



Қағаз жасау

Көмекші конспектi

- б.з.б. III—II мыңжылдық — Қытайда өркениеттің пайда болуы
- Хуанхэ — «тұрақсыз өзен», «мыңдаған апаттар өзені»
- б.з.б. II мыңжылдық — Шань, Чжоу мемлекетері
- егіншілік — салы; шай; жібекшілік
- б.з.б. VII—V ғасырлар — «топ патшалықтар дәуірі»
- б.з.б. III ғасыр — бірлескен Син мемлекетінің құрылуы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қайсы өзендердің аңғарында Қытайдың алғашқы өркениеттері пайда болды?
2. Хуанхэні неліктен «тұрақсыз өзен» деп атаған?
3. Қытайда тұңғыш мемлекет қашан пайда болды? Ол қалай аталған?
4. Қытайдың қайсы ежелгі мемлекеті «Жеңімпаз» деп аталған?
5. Ежелгі Қытай халқының негізгі кәсіптерін санап бер.
6. Қытайдың тарихындағы «топ патшалықтар» және «қорғалатын патшалықтар» дәуірлері аттарының мағынасын түсіндір.




Сүйекке жазылған қытай жазуы

19-§. Б.з.б. III—II ғасырлардағы Қытай



Син Шихуанди орталықтанған Қытай патшасы



Ұлы Қытай қабырғасы

Есіңде сақта!

Қытайда Син Шихуанди дәуірінде көшпелі хунндардың шабуылынан өздерін қорғау үшін Ұлы қабырғаны құрды.

Орталықтанған мемлекеттің пайда болуы

Қытайды бірыңғай мемлекетке біріктіру процесіне Қытай мемлекеттерінің бірі саналатын Син мемлекетінің патшасы басшылық жасады. Син мемлекетінің патшасы қарсыластарын күл-талқан етіп, Қытайды қоластына бірлестірді. Содан кейін ол Син Шихуанди (б.з.б. 246–210 жылдар) деген ат алған, бұл ат «Синнің бірінші патшасы» деген мағынаны білдіреді. Өз мемлекетінің аумағын 36 облысқа бөлген патша әрқайсысына император орынбасарларын бастық етіп тағайындады.

Негізінде қатал болған Син Шихуанди өз қарсыластарын аяусыз қырып тастады. Син Шихуанди үстемдігі кезеңінде егіншілік, қолөнершілік пен сауда дамыды.

Син Шихуанди көзі тірісінде-ақ өзіне арнап кесене салуға жарлық берген болатын. Сәулеттілігі мен сұлу ою-безектері тұрғысынан бұл кесене Египет пирамидаларымен бәсекелесе алады. Кесенені 720 адам 37 жыл бойы құрды. Кесененің асты бір неше шаршы километр ауданды иелеген. Син Шихуанди қабірінен императорды «күзетіп» тұру үшін орнатылған 6 мың қыш әскерлердің мүсіндері де табылған.

Син Шихуанди үстемдігі дәуірінде Қытайда көшпелі хунндардың кейде-кейде жасаған шабуылдарынан қорғану үшін Ұлы қабырғаны құру басталып кетті. Қабырғаның биіктігі 12 метр, кеңдігі 5 метр, ал ұзындығы 4000 километрді құрайды. Ерте замандарда дұшпанның әскерлеріне бөгет болып қызмет еткен, себебі атты әскерлер одан асып өте алмайтын, ал қорғандарды штурммен басып алуды көшпенділер әлі меңгере алмаған.

Патша мен шонжарлар жүз мыңдаған шаруаларды қабырға тұрғызуға тегіннен тегін істеуге мәжбүр етті.

Ұлы қабырғаны белкүректермен, сүймендермен және дөңгелекті арабалардың көмегімен құрды. Сол дәуірде диқанның отбасында ұл баланың туылуы қайғы саналған: ұлғайған соң оны бәрібір қабырға құрылысына жөнелтеді, ол жақтан тірі оралу бәріне нәсіп ете бермейтін.

Мындаған құлдар мен тұтқындар қабырға құрылысындағы шектен тыс ауыр еңбектен қаза тапты. Өліп қалғандарды сол жердің өзінде көміп жіберетін.

Қытайдағы халық көтерілістері **Б.з.б. 206 жылы** Син әулетіне қарсы шаруалар көтерілісі басталып кетті. Оған *Луи Бан* деген адам басшылық етті. Көтерілісшілер астананы иелеп алды. Империя орнында Хан әулеті үстемдік еткен жаңа мемлекет құрылды. Бұл әулеттің мемлекеті У-Ди үстемдігі дәуірінде (б.з.б. 140—87 жылдар) ең құдіретті мемлекетке айналды және 220 жылға дейін өмір сүрді.

Шығыстағы басқа мемлекеттердегі сияқты Қытайда да жерлер патшаныкі саналатын, халық натуралды салықтар төлейтін, түрлі еңбек міндеттемелерін орындайтын еді. Еңбекпен өндірілген өнім көбінесе диқанның өзіне бұйыра бермейтін. Өнім жинап алынған соң шонжарлар мен қарауылдар келетін еді. Егер диқан салықтарды өз уақытында төлей алмаса немесе қарызды қайтарып бермесе, қарыздардың орнына өз балаларының бірін беріп жіберетін болған. Ал түскен ақшаға ол отбасының қалған мүшелерін жаңа өнім жиынына дейін бағып тұратын болған.

Қиын жағдайлардың салдарынан наразылық ретінде кейінірек шаруалар көтерілісіне айналып кететін ұйымдастырылмаған көтерілістер де болып тұратын. Соның бірі «қызылқастылар көтерілісі» деп аталды, себебі көтеріліске шыққандар өз адамдарын адастырмау үшін қастарын қызыл түске бояп алған еді.



Хан әулетінің патшасы — У-Ди



Әскерлердің қыш мүсіндері. Син Шихуанди сағанасының қазбалары



Қытайдағы халық көтерілістері




Сейсмограф



Қытай фарфоры



Қытайда жасалған компас



Бамбук тақтайшадағы жазулар

«Сары арқандылар» көтерілісі II ғасырдағы ең үлкен көтеріліс болған. Бұл көтеріліске жақсы дайындық жасалған, көтерілісшілер арасында әскери өнерді жетік білгендері де болған. Көтеріліс бүкіл мемлекетті қамтыды. Тек патшаның жақсы қаруланған және жақсы әскери білімі бар қосындары ғана көтерілісті баса алды. Алайда халық көтерілістері мемлекеттің басқа облыстарында жалғаса берді. *Хунндардың* шабуылының арта түсуінен мемлекет те әлсізденіп қалды, біздің заманымыздың III ғасырында Қытай империясы үш патшалыққа бөлшектеніп кетті.

Ежелгі Қытай мәдениеті

Ежелгі Қытайда барлық сөздерді бейнелеген иероглиф жазуы бар еді. Қытайлықтар ең әуелі бамбукке жазған. Олар бамбукты ұзын-ұзын тақтайшаларға бөліп, ұшы үшкір ағаш таяқшамен тақтайшаларға иероглифтерді ағаш сусынан даярланған сиямен жазатын. Жіңішке әрі ұзын тақтайшаларға тек сатылы түрде ғана жазу мүмкіндігі болған, сондықтан да жоғарыдан төменге қарай жазу формасы кейін сақталып қалды. Бамбук тақтайшаларының жоғары бөлігінде тесік ойылып, оларды бір бума етіп байлаған. Бамбук тақтайшалар бумасы сол кезеңде ежелгі Қытай кітаптары болды.

Бұдан 2,5 мың жыл бұрын бамбуктің орнына жібекті қолдануға өтті. Жібекке таяқшамен емес, қаламмен жазылатын еді. Кітап енді ұзын жібек бөлігіне ұқсайтын, оны орам тәрізді таяқшаға орайтын еді. **Заманымыздан бұрынғы I ғасырда** қағаз ойлап табылды.

Қытайлықтардың ең ғажайып ашуларының бірі *компас* болған. Ол магниттелген темірден жасалған ұзын сапты үлкен қасықты елестететін. Бұл аспапты торларға бөлінген жылтырақ бояумен боялған ағашқа орнатқан, ал оның стрелкасы үнемі оңтүстікті көрсеткен.

Қытайлықтар компасты қажетті істерде, құрылыста және теңізде пайдаланды. Сондай-ақ Қытайда зілзаланы алдын ала айтып беретін *сейсмограф* та ойлап табылды.

Өз біліміңді сынап көр!

Син Шихуанди — ...
Ұлы Қытай қабырғасы — ...

Көмекші конспект

- Син Шихуанди – Син мемлекетінің патшасы
- Ұлы Қытай қабырғасының құрылысы
- халық көтерілістері:
 - з.б.206 жыл — Луи Бан
 - «қызылқастылар көтерілісі»
 - б.з. II ғасыр «сары арқандылар» көтерілісі
- ашулар: иероглифтер, қағаз, компас, сейсмограф

Сұрақтар мен тапсырмалар


1. Қытайда бірыңғай мемлекетке біріктірген патшаның атын айт. Бұл оқиға қашан болған?
2. Патша Син Шихуанди туралы айтып бер, оған баға бер.
3. Ұлы Қытай қабырғасы туралы не білесің?
4. Қытайда қандай халық көтерілістері болып өтті? Олардың себептерін айт.
5. Қытайлардың ашқан жаңалықтарын санап бер. Қайсыларын қазіргі күнде де пайдаланамыз?

20-§. Өзбекстан аумағындағы алғашқы мемлекеттер

Ежелгі халықтың этникалық құрамы мен аумақтық орналасуы Жазба деректерге қарағанда, **біздің заманымыздан бұрынғы VII—VI ғасырларда** Өзбекстан аумағында *соғдылар, бақтриялықтар, хорезмдіктер, сақ және массагет ұлыстары* жасаған. Зарафшан және Қашқадария аңғарында егіншілікпен шұғылданатын көптеген халық өмір сүрген. Жазба деректерде бұл аумақ Соғда («Авестода»), Суғуда

Есіңде сақта!

Қытайлықтар бұдан екі мың бес жүз жыл бұрын шәйіні жазу үшін пайдалана бастады.



Ежелгі Қытай тарихшысы Сим Цянь

Есіңде сақта!

Соғды— Зарафшан аңғарында, **Хорезм** — Өмударияның төменгі бөлігінде, **Бақтрия** Сұрхандария аңғарында, солтүстік Ауғанстан мен оңтүстік Тәжікстан аумақтарында орналасқан.



**Орта Азия ұлыстары.
Б.з.б VI ғасыр**

(Бехистун жазуларында), Арриан, Страбон, Квинт Курсий Руф шығармаларында *Соғдияна* деп аталған. Осы аумақты мекендеген халық соғдылар деп аталған.

Әмударияның төменгі ағысында өмір сүрген отырықшы диқан ұлыстары хорезмдіктер болған. Олардың елі *Хваризам* («Авестода»), *Хваразмиш* (Бехистун жазуларында), *Хоразмия* (Арриан, Страбон шығармаларында) делінген.

Соғдылардың ең жақын көршілері бақтриялықтар болды, олардың елі Сұрхан аңғарын, Ауғанстанның солтүстігін, Тәжікстанның оңтүстік аумақтарын мекендеді. Жазба деректерде ол *Бахди* («Авестода»), *Бақтриш* (Бехистун жазуларында) деп аталған. Грек-римдік авторлар оны *Бақтрияна* немесе *Бақтрия* деп атаған.

Шөл және Әмудария бойларында көшпелі массагет тайпалары өмір сүрген. Орталық Азияның таулы, шөл-шөлейт жерлерінде негізгі кәсібі мал шаруашылығы болған *сақтар* жасаған. Біздің заманымыздан бұрынғы VI ғасырда олар өз жерлерін басқа тайпалардың шабуылынан қорғау үшін әскери-тайпа одағын құрды.



**Сақ әскері.
Тіктелген**



Орта Азия және Ежелгі Шығыс

Ежелгі рим және грек тарихшыларының жазуларына, сақтар үш әлеуметтік топқа бөлінген. Олардың көпшілік бөлігі *сака-тиграхауда*, яғни ұшы сүйір киіз қалпақ киіп жүретін сақтар деп аталған. Олар қазіргі Ташкент облысы мен оңтүстік Қазақстан жерлерін мекендеген.

Екінші топ *сака-тарадарайя*, яғни өзеннің арғы жағында жасайтын сақтар деп аталған. Олар Арал теңізінің бойларында, Сырдарияның (бұл өзеннің ежелгі аты Яксарт) төменгі ағысында жасаған.

Памирдің таулы аудандарында және Ферғанада *сака-хаумоварка* деп аталатын сақтар өмір сүрген.

Өз біліміңді сынап көр!



Б.з.б. VII — VI ғасырлардағы экономикалық дамуы Хорезм, Соғдияна және Бақтрия халқының негізгі кәсібі сол дәуірде жасанды суаруға негізделген егіншілік болатын. Қоғам өмірінде қолөнершілік пен сауданың рөлі үлкен болды. Олардың тұрақ орындарынан құмырашылықтың сапалы бұйымдары, темір және қола қару-жарақтар табылған.

Көшпелі сақ және массагет ұлыстарының негізгі кәсібі мал шаруашылығы еді, олардың көптеген түйе, ат және қой-ешкілерден құралған падалары болды. Аңдардың терісінен аяқ киімдер, шатырлар тігіп, оларды бидайға және жеміске айырбастаған. Орта Азия халықтары Шығыс мемлекеттерімен тығыз мәдени байланыс орнатқан. Сонымен Орта Азияның отырықшы және көшпенді халқы арасында өзара сауда айырбастау болған.

Қолөнершілік пен сауданың дамуы нәтижесінде заманымыздан бұрынғы VII–VI ғасырларда көне қалалар өркендеген. Олар берік қорғаныс



Көшпенді



Құмырашы доңғалақта қышыдыс жасауда



Бақтриядағы үйлердің қалдықтары.

Б.з.б VI — V ғасырлар



**Ежелгі
Бақтриядағы үй.
Сұрхандария
аңғары.
Б.з.б. VII– IV
ғасырлар**

Есіңде сақта!

Ежелгі Бақтрия мемлекеті Орта Азияда б.з.б. VII-VI ғ.ғ. пайда болды.



**Қызылтөбенің
қыш ыдыстары**

қабырғаларымен қоршалған, қолөнершілік өндіріспен сауда орталықтары болатын.

Б.з.б. VII—VI ғасырларлағы ежелгі көне қала мәдениеті Ежелгі дүниетанушылар *Афрасияб* (Самарқанд), *Жарқотан* және *Ұзынқыр* (Қашқадария аңғары), *Көзеліқыр* (Хорезм), *Қызылтөбе* (Сұрхандария) сияқты көне қалаларды зерттеген. Өзбекстанның осындай көне қалаларының көрінісі қандай болған?

Көне қалаларға тән ортақ белгі олардың қорғаныс қабырғаларымен қоршалғандығында. Қалада патша жасайтын қорған болған. Қорғанда шикі қыштан құрылған үлкен сарай орналасқан. Қалалардың бір бөлігі сауда және қолөнершілік орталықтары болса, басқалары бөлек аудандар мен облыстардың орталықтары саналған. Мысалы, алғашқы Қызылтөбе қаласы берік қорғаныс қабырғаларымен, ал қабырға су толтырылған шұңқырмен қоршалған. Қабырғаның мұнаралары және оқ ату үшін арнайы саңылаулары да болған. Қаланың ішінде үйлер және қолөнершілік шеберханалары орын тепкен.

Көне мемлекеттер **Б.з.б. VII ғасырда** құрылған Ежелгі Бақтрия мемлекеті Орта Азия аумағында көне мемлекеттердің бірі саналады.

Марғияна мен Соғдияна Бақтрияның саяси және мәдени ықпалында болды. Сондықтан ол бір-біріне туыс болған ежелгі ұлыстардың мемлекет бірлестігі делінген. Біздің заманымыздан бұрынғы VII – VI ғасырларда Көне Бақтрия мемлекетінің құрамындағы Сұрхандария, Қашқадария, Зарафшан аңғарлары және Өзбекстанға шекаралас облыстар Ежелгі Бақтрия мемлекетінің ықпалында болған. Қызылтөбе, Ұзынқыр, Жерқорған және Афрасиябтың орнына Бақтрия мен Соғдының орталық қалалары орналасқан. Бұл қалалар Өз-

бекстан аумағындағы ең көне қалалар, олардың жасы 2700 жылдан кем емес.

Тағы бір көне мемлекет Хорезмнің аумағында құрылған. Бұл мемлекет Хорезмнен тыс жатқан жерлерді де бірлестірген. Көне Хорезм орталықтарының бірі Көзеліқыр қаласы болып табылады. Ол қалың әрі берік қорғаныс қабырғаларымен қоршалған. Оның егіншілікпен шұғылданатын халқы түрлі үй-қорғандарда және қыстақтарда жасаған. Көне Хорезмде қолөнершілік, сәулет өнері және сауда жоғары деңгейде өркендеді.

Сөйтіп, біздің заманымыздан бұрынғы IX—VIII ғасырларда Өзбекстанның аумағында алғашқы темір ғасырына өту басталды. Заманымыздан бұрынғы VII—VI ғасырларда бұл жерде ежелгі ірі мемлекеттер болды. Қалаларда қолөнершілік, сауда ілгері өсті. Көне Шығыс мемлекеттерімен мәдени байланыс орнатты. Жергілікті құмыра, қару, зергерлік заттарды жасау ісінің атағы өзге елдерге де жетті. Қалаларда сауда дамыды. Хорезмдіктер шебер құрылысшы әрі қолөнерші болған.

Ежелгі дәуірде Өзбекстан аумағында мемлекеттіктің дамуы жергілікті халықтың жоғары деңгейде өркендеген егіншілік саласына негіз салған еді.

Көмекші конспект

- б.з.б. VII—VI ғасырлар — соғдылар, бактриялықтар, хорезмдіктер, сақтар, массагеттер
- Соғды → Суғуда → Соғдияна
- Хваризм → Хваризмиш → Хорезмия
- Бахди → Бактриш → Бактрияна (Бактрия)
- Әмудария (Окс) — Сырдарья (Яксарт) сақтар, массагеттер
- б.з.б. VII ғасыр Көне Бактрия мемлекеттері — Қызылтөбе, Жарқорған, Ұзынқыр, Афрасияб
- Хорезм — Көзеліқыр

Есіңде сақта!

Афрасияб — біздің заманымыздан бұрынғы VIII—VII ғасырларда құрылған қаланың қалдықтары. Ол қазіргі Самарқанттың шеткі шығыс жағында орналасқан. Бұл Самарқанттың ең көне бөлігі саналады. Ежелгі тұрақ-мекен, үй, шаруашылық орындарының қалдықтары осы күнге дейін сақталып қалған.



Көне қала қалдықтары

Есіңде сақта!

Қызылтөбе, Жарқорған, Ұзынқыр мен Афрасияб Өзбекстан аумағындағы ең ежелгі қалалар.



**Зардушт.
Заманалық сурет**

Есіңде сақта!

Зардушт — жаңа зардуштилік дінінің негізін салушы.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Б.з.б. VII–VI ғасырларда Өзбекстан аумағында қандай тайпалар мен ұлыстар жасаған?
2. Б.з.б. VII–VI ғасырларда Өзбекстан аумағында дамыған қолөнершіліктің түрлерін санап бер.
3. Өзбекстанның ең ежелгі мемлекеттері қайсы?
4. Өзбекстанның алғашқы қалаларының көрінісі қандай болған?
5. Контурлы картада Өзбекстанның алғашқы қалаларын белгіле.
6. Өзбекстанның қайсы облыстарында ең көне қалалар мен мемлекеттер бар?

21 – 22-§§. Зардуштилік

Зардуштиліктің пайда болу тарихы **Заманымыздан бұрынғы I мыңжылдықта** Орта Азияда *зардуштилік* деп аталған дін кең таралады. Бұл дін адамдар табиғатқа сыйынатын кездерде бүршік жара бастаған болатын. Зардуштилер отқа (күн), топыраққа, суға, айға, жұлдыздарға сыйынған, оларды қасиетті деп санаған.

«Зардуштилік» сөзі де Зардушт (басқа тілдерде Заратуштра, Зороастр) деген аттан келіп шыққан.

Грекияда кейінірек пайғамбар Зардушттің аты «Зороастр» деп айтылды (грекше «астрон» — «жұлдыз» сөзінен), себебі Грекияда оны бірінші кезекте данышпан, жұлдыз санаушы астролог ретінде білетін. Зардушттің есімінен туындаған ілім де зардуштилік діні деп айтыла бастады.

Ғалымдардың ізденуі арқасында қазіргі күнде біз зардуштилердің қасиетті кітабы «Авесто» мәтіндерімен таныстық. Француз ғалымы А. Дьуперрон алғаш рет «Авестоның» арнайы бөлімдерін аударған.

Зардуштиликтің таралуы

Зардуштилик тарала бастаған кездерде ғибадатханаларда, адамдар дұға мәтіндерін үйренуі үшін арнайы кітаптар да болмаған. Діни рәсімдер ашық аспан астында, оттың алдында немесе үйдегі ошақ басында өткізілген.

Зардушттің соңғы уағыздары дін қызметкерлері болған абыздар тарапынан жазып алынған. Зардуштилик абыздар діни мәтіндерді жаттап, діндарларға оқып беретін болған. Зардушт қаза тапқаннан соң бірнеше ғасырлар өткеннен кейін, барлық діни рәсімдер, құрандар мен дұғалар зардуштилер үшін қасиетті болған бір кітапқа жинақталды. Бұл кітаптың аты «Авесто», «қатаң белгіленген заң-ережелер» деген мағынаны білдіреді.

Зардуштиликтің пайда болуы туралы бір аңыз бар. Бір күні таңертең Зардушт су алу үшін өзенге келіпті. Тынық суда ол Ахурамазда елшілерінің бірінің бейнесін көреді, бейне нұрмен қай тұсқа баруға жол көрсетеді. Зардушт сиқырлы нұрдың артынан жүреді, көп өтпей үлкен құдайдың алдына барады. Ахурамазда оған Зардуштті құдай Ахурамазда мен оның ізгі істері туралы білімдерді тарату үшін таңдап алынғанын айтады.

Сөйтіп Зардушт 30 жасында жаңа діни ілім пайғамбарларына айналған. «Пайғамбар» сөзінің мағынасы «ізгі істер туралы түсінік беруші» дегенді білдіреді.

«Авестоның» алғашқы бөлігі з.б. IX–VII ғасырларда пайда болған. Зардушт сөздері мәтіндерінің бәрі б.з.б. III ғасырда 21 кітапқа жинақталған, бұл кітаптар «Авестоға» негіз қалады. «Авесто» мәтіндеріне шолу «Занд» дейіледі.

Зардуштилик Зардуштиликтің ең қадірленген **құдайлары, ілімі** құдайлары Ахурамазда, **Митра және рәсімдері** және **Анахита** болып табылады. Ахурамазда зардуштиликтің ұлы әрі дана, жоғары



Ахурамазда

Есінде сақта!


Астролог — жұлдыздардың орналасуына қарап келешекті болжалдаумен шұғылданатын адам.



Зардуштилер сиынатын күннің шығуы



**Митра — Күн
құдайы**



**Зардуштилік
абыз**

құдайы саналады. Митра — Күн мен сәуле құдайы, егіншілер мен малшылардың мол өнім, бақыт және мал-дәулет беретін құдайы. Митра Ахурамазда мен адамдар арасында бас дәнекер болған. Митра жасөспірім жауынгер бейнесінде кескінделген. Алты найзағайдың көмегімен ол жауыздық пен өлім құдайы *Ахриманмен* соғысады. Жаңбырдан соң шығатын кемпірқосақ Митраның садақ жебесіндей иілген. Анахита зардуштилікте өнімділік және су әйел құдайы саналған. Зардуштилік дінінің ілімі адамзаттың Ізгілік пен Жауыздық туралы дуалистикалық көзқарастарының өсуіне ерекше ықпал етті.

Зардуштилік іліміне орай болмыс пен бізді қоршап тұрған барлық нәрсе Жақсылықтан және Жамандықтан тұрады. Екеуінің ортасында үнемі күрес жүреді. Мысалы, жарық қараңғылықпен, өмір өліммен, жақсылық жамандықпен, ал шындық әділетсіздікпен күреседі.

Зардуштилер өмірінің түпкі мағынасы игі іс, ізгі сөз және ізгі пікірден тұруы қажет. Адам баласының басты парызы ең алдымен әділетті тұрмыс салты саналған. Жауыздықпен күресте ізгілікке көмек беруге тиіс: өтірік сөйлемей, алдамау, уәдеде тұру, тек игі істерді істеу.

Өз біліміңді сынап көр!

***Ахурамазда — ...
Митра — ...***

***Ахриман — ...
Анахита — ...***

Зардуштилік ілімі бойынша, адам өз жолын өзі таңдамайды, кімнің сөзін сөйлеу, кімді қорғауды да өзі шешеді.

Отты, топырақты, су және ауаны зардуштилер қасиетті деп санаған. Оларды Жауыздықты білдіретін заттармен араластырып жібермеу керек.

Жер жүзіндегі ең қорқынышты Жауыздық — өлім. Сондықтан да зардуштилерде қаза тапқан

адамдарды жерлеуде арнайы рәсім дүниеге келген. Адам өлгенінде бұл жағдай оған алғашқы Жауыз — өлімнің көшіп өткенін білдіреді, Жауыздық пен Ізгілік саналатын топырақты былғамау керек. Марқұмның денесін көму де, өртеп жіберу де, суға тастап жіберу де мүмкін емес. Сол себепті де мәйітті құстар мен аңдар жеп кетуі үшін арнайы ғимаратта қалдырған. Жаңбырлар тазалаған және күн қақтаған сүйектерді арнайы қыш табыттарда — *оссуарилерде* (сағаналарда) жерлеген.

Көмекші конспект

Зардуштилік (б.з.б. I мың жылдық)	→ Зардушт — жаңа діннің негізін салушы
	→ Зороастр — «астролог»
	→ «Авесто»
	→ тайпалардың бірігуінің қажеттілігі
	→ отқа табыну
	→ Митра, Ахурамазда, Ахриман, Анахита, Хумо
	→ «Занд» — «Авесто»ға шолу
	→ Ізгілік пен Жауыздықтың күресуі
	→ жерлеу рәсімдері
	→ оссуарилер

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Зардуштиліктің алғашқы уағыздаушысы кім?
2. Орта Азия аумағында зардуштилік тараған дәуірді айт.
3. Зардуштилер сиынатын үлкен құдайдың атын айт.
4. Зардуштиліктің қандай рәсімдерін білесің?
5. Зардуштилердің қасиетті кітабы «Авестоның» маңызы неде?

Есіңде сақта!

«Авестоның» алғашқы бөлігі б.з.б. IX— VIII ғасырларда пайда болған. Зардушт сөздері мәтіндерінің барлығы заманауыздан бұрынғы III ғасырда 21 кітапқа жинақталған, бұл кітаптар «Авестоға» негіз салған еді.




Оссуарий

Есіңде сақта!

Зардуштилер өмірінің түпкі мағынасы — ізгі іс, ізгі сөз, ізгі пікір. Адамның басты парызы ең алдымен әділетті тұрмыс салты болып саналған.



III БӨЛІМ ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ



Ежелгі Грекияның жартасты жағалаулары

23-§. Антикалық тарихтың басталуы

Аумақ және кәсіптер

Ежелгі Грекия — Балкан түбектерінде және Жерорта теңізі аралдарындағы ежелгі грек мемлекеттерінің жалпы аты. Солтүстік жағынан тыс Ежелгі Грекияны Жерорта теңізі қоршап тұрады.

Грекия аумағының үштен бір бөлігін таулар алып жатады. Грекияның ең биік тауы Олимп. Бұл тау мемлекеттің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан.

Өнімді жерлер тек аңғарларда болған. Ормандар аз. Таулар шөп-өсімдіктермен, ұсақ ағаштармен оралған. Жапырақты ормандар тек Грекияның солтүстігінде және Пелопоннес аралында өскен. Бұтақты ұсақ ағаштарды отын ретінде пайдаланған,



Ежелгі Грекия

олардың қабығы мен жапырақтары қой-ешкілерге азық ретінде берілген.

Бағзы замандарда гректер егіншілікпен, мал шаруашылығымен шұғылданған. Ал егіншіліктің құралы соқа болған. Қой-ешкілерді бағып көбейткен. Гректер түрлі құрал-аспаптарды да қолданған.


Цивилизация Біздің заманымызға дейінгі ұшқындары II мыңжылдықта алғашқы мемлекеттер пайда бола бастады, мысалы: *Кносс, Микена, Тиринф, Пилос*. Б.з.д. II мыңжылдықтың айналасында Крит аралында өркениет пайда болды. Оны аңыздық патша Меностың атымен Минай өркениеті деп атаған. Крит аралындағы Минай өркениеті күшті жер сілкінісіне және су тасқынына себеп болған вулканның атылуы салдарынан күйреді. Көп өтпей қайта тіктелген. Б.з.б. 1450 жылдары континенттегі Ежелгі Грекия аумағынан жауынгер тайпалар бастырып кіреді, оның негізгі халқын ахейлер деп атаған. Нақ осы ахейлер Минай өркениетінің құлдырауын соңына жеткізді. **Б.з.б. 1200 жылы дарилер** оңтүстік Грекияға бастырып кіреді, Микен мемлекетін қиратып, Спарта мемлекетін құрады.

Гректердің теңіз саяхаттары Эгей теңізіндегі көптеген үлкен-кіші аралдар, қолайлы айлақтар мен шығанақтар гректердің арасында теңізде жүзудің дами түсуіне мүмкіндік ашып берді. Бірақ гректердің үлкен кемелері болмаған, ал ескекті шағындау қайықтарда жағадан ұзағырақ жүзіп бару едәуір қауіпті еді. Бұдан тыс, гректерде әлі компас болмаған, адасып қалудан шошып, көз ілінетін қысқа қашықтықтарға – аралдан аралға не болмаса жағалауға жақынырақ жүзіп жүретін еді.

Ал тәжірибелі теңізшілер желкендерді пайдаланып алыс саяхаттарға — Египетке және Жерор-




Гректер өзенде




Минай өркениеті ғимараттарының қалдықтары



Микена қаласы.
Тіктелген



Грек гоплиті



Афина портында

Есіңде сақта!

Афина мен **Спарта** мемлекеттері Ежелгі Грекияның ірі қала-мемлекеттері болды.

та, Қара теңіздерінің жағасындағы қалаларға жүзіп барған. Гректер адамдар жасайтын аумақтарды *Ойкумена* деп атаған.

Көмекші конспект

- Балкан түбегі, Пелопоннес түбегі
- б.з.б. II ғасыр — Микения, Крит мемлекеттері
- б.з.б. 1450 жылдар ахейлер — Минай (Крит) өркениетін ойрандады
- б.з.б. 1200 жыл — дарилер Микения мемлекетін ойрандады

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Ежелгі Грекия мен Крит аралдарының аумақтарын көрсет. Мемлекеттің географиялық орнын сипатта.
2. Ежелгі Грекияда алғашқы өркениет қай жерде пайда болды? Ол неліктен күйреуге ұшырады?
3. Ежелгі Грекияның географиялық орнының өзіне тән ерекшелігі неде?
4. Ежелгі гректердің шаруашылық кәсіптеріне қандай географиялық жағдайлар ықпал етті?
5. Сөздікке қара: неліктен Ежелгі Грекия тарихына «антикалық» сын есімі қосып айтылады? Бұл сөз қандай мағынаны аңғартады?

24 – 25-§§. Ежелгі Грекияның дамуы

Грек қалалары **Заманымыздан бұрынғы I мыңжылдықта** егіншілік пен қолөнершіліктің дамуы арқылы мекен-жайлар мен қалалардың аумағы да өсе түсті. Мұндай қалалар мен олардың айналасына орналасқан ауыл-қыстақтар қала мемлекеттерді дүниеге әкелді. *Афина* мен *Спарта* мемлекеттері ең ірі мемлекеттер болды.

«Полис» деп аталған барлық қала-мемлекеттер өз армиясына ие болған (грекше «полис» сөзі «қала» дегенді білдіреді). Полистер бір-бірімен жиі-жиі шайқасып тұратын еді, сондықтан да әскерлерге жақсы тәлім-тәрбие беру және жақсы қаруландыруға ұмтылатын. Армияның негізін ауыр қаруланған әскерлер — *гоплиттер* құраған. Олар төртбұрыш

секілді бір-біріне тығылып алған шеп болып соғысқан. Ал мұндай шеп *фаланга* деп аталған. Егер алда бара жатқан гоплит өлтірілсе, оның артында тұрған жауынгер өлген әскердің орнын иелейді. Әскерлер қылыштармен, найзалармен қаруланған, оларды қоладан және темірден жасалған омырау сауыты мен теріден қапталған ағаш қалқан қорғайтын еді. Ал басын қоладан жасалған пысық дулыға қорғаған.

Өз біліміңді сынап көр!


Қала-мемлекеттер — ... Фаланга — ...
Полистер — ... Гоплиттер — ...

Афина Орта Грекияның оңтүстікшығыс мемлекеті бөлігінде таулы *Аттика* облысы орналасқан түбек бар болатын. **Б.з.б. II мыңжылдықта** Аттиканың батыс бөлігінде гректер «Акрополь», яғни «Биік қала» деп атаған қорған құрды. Акропольдің төңірегіне бірте-бірте адамдар көшіп келіп, қоныстана бастады, Афина қаласы осылай пайда болды.


Аттика халқы үш үлкен топқа бөлінген еді, мысалы: *құлдар, шетелдіктер (метектер)* және *азаматтар*. Ата-анасы еркін афиналық болған еркектер ғана Афина азаматы бола алатын. Афина мемлекетінің азаматы болу тек абырой ғана емес, сонымен бірге пайдалы еді, себебі б.з.б. V ғасырдан бастап мемлекет органдарында жұмыс істеуге белгілі бір мөлшерде ақы төлене бастады.

Тек азаматтар ғана барлық құқықтардан пайдаланатын. Сондай-ақ, азаматтар ауыр еңбектен және денсаулыққа зиян тигізетін істерден азат етілген еді. Құл иеленушілер құлдардың өмірін қадірлемей қойды, себебі олар арзымайтын ақшаға сатылатын еді.

Афина мемлекетіне күміс кендерінің өнімдері мен тұз қазып алу үлкен табыс келтіретін. Бұдан тыс, Афинада теңіз одағының нығаюымен теңіз



Грек жаяу әскерлерінің сап түзеуі (фаланга)



Афина азаматтары

Есіңде сақта!

Аттика халқы үш үлкен топқа бөлінген еді, мысалы: **құлдар, шетелдіктер** (метектер) және **азаматтар**.

Есіңде сақта!

Грек мүсіншілері мүсіндер арқылы жасөспірімдердің дене бітімі күшті, өз Отанын қорғауға дайын болуы қажеттігін бейнелеген.



Диск лақтырушы.
Мүсінші Мирон

саудасы да дамыды. Афинаның негізгі порты — *Пирей* портынан мемлекетке мыңдаған құлдар және сан-алуан тауарлар әкелінетін.

Афина теңіз одағының кассасы Афина қаласында орналасқан, қала билеушілері одан қалағанша пайдаланатын еді.

Афинадағы білім беру Афинада мемлекеттік мектептер болмаған. Ата-аналар перзенттерін оқыту үшін педагогқа ақы төлейтін еді (грекше «педагог» сөзі «баланы жолда күзетіп барушы» деген мағынаны білдіреді). Заң бойынша, тек ұл балалар үшін білім алу мәжбүрлі түрде болған.

Жеті жастан бастап балаларға жазу, есеп үйретілген. Металл таяқша — *стильмен* парафин жағылған тақтайшаларға әріптерді жазды. Азаматтардың көпшілігінің білім алуы осымен шектелетін. Ал қалталы ата-аналардың перзенттері палестра – жеке гимнастика мектептерінде оқуын жалғастыратын. Палестрада әдебиет оқытылып, өлең жазу және музыка үйретілетін.

Ұл балалар 14 жастан гимнастикамен шұғылданатын. Сонымен бірге оларға күрес, найза және диск лақтыру, ұзындыққа және биіктікке секіру, жүгіру де үйретілген. Жасөспірімдер күресу әдістерін, әскери істер мен атта салт жүруді үйренген.

Палестраларда атақты мүсіншілер жасаған мүсіндер тұрған. Мысалы, палестралардың бірінде Миронның «Дискобол» (Диск лақтырушы) және Поликлеттің «Найзашы» деген мүсіндері орнатылған. Мүсін арқылы жігіт адамның қандай болуы — күшті, дені сау, кемел және өз отанын қорғауға дайын тұруы қажеттілігі ұқтырылады.

Афинада жоғары мәлімет беретін оқу орындары да болды. Бірақ ол жерлерде тек өте бай ата-аналардың перзенттері ғана оқи алған. Осындай оқу мекемелерінде астрономия, география, тарих

оқытылды. Оқу мерзімі 3–4 жылға созылған. Содан кейін ғана мемлекетте белгілі бір лауазымды иелеу мүмкіндігі туған.

Өз біліміңді сынап көр!

Педагог — ...

Палестра — ...

Стиль — ...

Мирон — ...

Спарта

Біздің заманымыздан бұрынғы XII ғасырда Оңтүстік Грекия (*Лако-ника*) аумағына көшпелі *дарилер* тайпасы шабуыл жасады. Олар жергілікті халықты бағындырып, Спарта мемлекетіне негіз салды. Спарта ең үлкен грек мемлекеттерінің біріне айналды. Спарталықтар құлға айналдырған жергілікті халық илоттар да гректер болған, олармен бір тілде сөйлескен.

Біздің заманымызға дейінгі VIII—VII ғасырларда құлдардың саны онша көп болмаған. Афинадан айырмашылығы сол, Спартада құлға айналдырылған халықтың саны көп болатын, олардың да спарталықтарға деген наразылығы шексіз болатын. Мұндай сәтте өз билігін тек біріккен күшті мемлекет құрып сақтап қалу мүмкін болған. Сондықтан да спарталықтар өз мемлекетінде арнайы шарттар қойды: барша мойынсұнуы тиіс болған қатаң тәртіп, нақты жоспарланған тұрмыс салты, сондай-ақ жеңілгендерге қарсы аяусыз болу.

Спарта соғысқа дайындалып жатқан бір қалаға ұқсап қалған. Шетелдіктер Спартаға кіргізілмеген. Сауда ісі баяу дамыған, өнер туындылары, көрікті ғибадатханалар және тұрғын үй ғимараттары да жоқ еді. Барлық үйлер айнымай бір-біріне ұқсайтын. Спартада философтар да, суретшілер де, ғалымдар да қалмаған болатын.


Илоттар мемлекет бойымен қаз-қатар ірге тепкен шағын-ұсақ ауыл-қыстақтарда жасайтын, өз алдына спарталықтар емес, мемлекеттің түгелдей




**Спарта
азаматтары**



**Спарталықтар
соғыста**




**Спарталық
әскер**



**Периектік
құмырашылар
жұмыс үстінде**

Есіңде сақта!

Спарталықтарға илоттар да бағынышты болды. Илоттардан тыс, Спартада түгел құқықтарға ие болмаған азаматтар – периектер де жасаған.



**Илоттар өнімді
жинауда**

бір мүлкі саналған. Илоттар ерекше спарталықтар жанұясының жерлерін өңдеп, малдарын бағатын және басқа да көптеген міндеттерін орындайтын. Ал спарталықтар тек жауынгер болған. Олар егіншілікпен де, мал шаруашылығымен де шұғылданбайтын. Олар ешқашан қаруларын тастамайтын.

Илоттардан тыс, Спартада түгел құқықтарға ие болмаған азаматтар – *периектер* де жасаған. Олар жеке азат адамдар болғанымен, Халық кеңесіне қатыса алмайтын, армияда қызмет ете алмайтын.

Ежелгі Спартада күшті әрі төзімді адамдар қадірленген. Балалар едәуір қатаң жағдайда өсіп ұлғайған. Басынан еркіндікке үйрету үшін оларды дерлік күтіп-бақпаған. Балалар өздеріне азық табуға мәжбүр болған. Мұндай жағдайда балалардың ұрлық жасаудан басқа амалы жоқ еді.

Спарта мектептерінде балаларды әскери істерге үйретіп, оларды күшті де шыдамды етіп тәрбиелейтін.

Спарталық әйелдерді де дене жаттығулармен шұғылдануға мәжбүрлеген. Әйелдер де жаттығу жасап, спорт жарыстарына қатысуға мәжбүр болған.

**Жаңа жерлерді
игеру себептері**

Ежелгі Грекияда шонжарлардан қарыз болып қалған, өзінің жер үлесінен айрылған көптеген кедей-жарлылар, баспанасыз, жұпыны киінген және аш-жалаңаш адамдар пайда бола бастады. Көпшілігі отанын тастап кетуге, жат жерлерде бағын сынап көруге мәжбүр болды.

Грек көпестері кемелермен жиі-жиі теңіз артындағы өлкелерге барып тұратын. Олар Жерорта теңізі жағалауларында иесіз жатқан құнарлы жерлер жөнінде қуана-қуана әңгімелейтін.

Күйреуге ұшырап, сорлыға айналған шаруалар жолға шығуға дайындала бастады. Бай құлиеленушілер кетіп бара жатқандарға көмектесті. Жөнep кетушілер өздерімен жолға кептірілген балық, ұн, зәйтүн майын, еңбек құралдары мен қосымша желкендерді алған.

Жөнөп кетуден бұрын гректер құдайларға құрбандық шалған. Өздерімен бірге лай жағылған қамыстан тоқылған себеттерде отты да алған. Сонымен бірге от олар мәңгі тастап кеткен отанның бір бөлшегі де еді.



Ұлы грек отарлары

Грек отарларының пайда болуы Грекиядан көшіп кеткендер Сицилия жағалауына және Апеннин түбегінің оңтүстігіне қоныстанды.

Олардың мекен-орындары Жерорта және Қара теңіз бойларында да ірге тепті. Гректердің мекен-жайлары барған сайын қала мемлекеттерге айнала берді. Бұл қалалардың өз билеушілері, заңдары және теңгелері болды, сауда және қолөнершілік дамыды.

Отарлардың басым көпшілігі дербес құлиеленушілік мемлекет болды. Олардың халқы Грекия полистерімен тұрақты қарым-қатынас жасап тұрды. Гректер өзін бір ғана халық — *эллиндер* деп санап, ал өз отанын *Эллада* деп атады. Өздерін «варварларға» қарсы қоятын, олар колонияларлық маңында жасаған грек емес халықтарды осылай атайды.




Гректердің Қара теңіз жағалауларына қоныс тебуі



**Херсонес қаласындағы
ғибадатхана колонналары**

Есіңде сақта!

Б.з.б. VIII — VI ғасырларда көптеген грек отарлары пайда болды.



Пантикапейдегі халық жиыны

Б.з.б. VIII — VI ғасырларда көптеген грек отарлары пайда болды. Бұл дәуір тарихта *Ұлы грек колониялары* деп аталған. Қара теңіздің жағалауларында *Олвия, Херсонес, Пантикапей, Танаис, Фасис, Трапезунд* және басқа ірі колониялар пайда болды. Жерорта теңізінің жағалауларында жүзден астам грек колониялары жүзеге келді.

Жаңа мемлекеттермен танысу грек мәдениетін байытты. Мысалы, б.з.б. VIII ғасырда Ежелгі Грекияда Финикия әліппесі бойынша жаңа жазу пайда болды. Әліппеде 24 әріп бар еді. Олардың ішінде үнді әріптер жасалды. Отарлар мен грек қалалары арасындағы өнім айырбастау сауда және қолөнердің дамуына септігін тигізді. Элладаға бидай, металдар мен құлдар келтірілді.

Көмекші конспект

- б.з.б. IX–VIII ғасырлар — мекен-жайлардың қала-мемлекеттерге (полистерге) айналуы
- гоппит — фаланга
- Акрополь — «жоғары қала»
- құлдар — метектер — азаматтар
- педагог — «баланы жолда күзетіп барушы»
- стильдер
- палестра
- Мирон — «Диск лақтырушы», Поликлет — «Найзашы»
- б.з.б. XII ғасыр — дарилер — (Спартаны) басып алды
- периектер – илоттар
- б.з.б. VIII—VI ғасырлар — Херсонес, Пантикапей, Танаис, Фасис, Трапезунд колониялары

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Грек қалалары қалай пайда болды?
2. Полис деген не? Полистің өзіне тән ерекшелігі неде?
3. Аттика халқы қайсы топтарға бөлінген болатын?
4. Не үшін Афина азаматы болу тек абырой ғана емес, пайдалы да еді?
5. Афинада балаларға нелер үйретілген?
6. Спарта мемлекеті қалайша пайда болды? Бұл мемлекет халқын кім деп атаған?
7. Спарталықтар қандай заңдар бойынша жасайтын еді?

8. Илоттар мен периектер кімдер? Өз статусы бойынша олар немен ерекшеленетін?
9. Грек колонияларының басталу себебі неде?
10. Мемлекет неге колониялықтарды қолдап-қуаттады?
11. Картадан грек колонияларын көрсет.

26-§. Афинадағы демократия

Демократияның қалыптасуы Афина қаласының орталығында бір алаң бар болатын, оның айналасын сан-қилы ғимараттар қоршап тұратын. Ал алаң *агора* делінген. Қала халқының көпшілігін колөнерші мен көпестер құрайтын.

Афина қаласында барлық еркек азаматтар мемлекетті қалай басқару керектігі туралы өздерінің ой-пікірлерін айта алатын. Олар әр айда төрт рет пайда болған ділгірлерді және жаңа заңдарды талқылау үшін агораға жиналатын. Барлық қаулылар дауыс беру жолымен қабылданған. Басқарудың бұл формасы демократия деп аталды, яғни бұл атау «халық үкіметі» деген мағынаны білдіреді («*demos*» — халық + «*kratos*» — үкімет).

Драконт заңдары Б.з.б. VII ғасырда Афинаны басқаруда Ақсақалдар кеңесінің маңызы үлкен еді. Сол кеңес өкімдер мен судьяларды сайлаған. Олар кеңес мүшелері сынды тек Афина ақсүйектерінен ғана құралды. Афинада халықтың бір бөлігі шонжарлар (аристократия) мал-мүлік пен байлықтың айтарлықтай бәріне иелік ететін, басқа бір бөлігі қарапайым халық (демос) олардың пайдасы үшін жұмыс істеуге мәжбүр еді. Нақ осы нәрсе мемлекет халқы арасында келіспеушілік пен наразылықты туғызған.


Әділет орнауын қалаған әр екі жақ *Драконт* деген патшаға жүгінетін. Олар Драконттан құқықтар мен міндеттер туралы баршаны теңдестіретін заңдарды жазуды өтініш етеді. **Б.з.б. 621 жылы**

Есіңде сақта!

Қара теңіздің жағалауларында *Олвия, Херсонес, Пантикапей, Танаис, Фасис, Трапезунд* және басқа ірі колониялар пайда болды. Жерорта теңізінің жағалауларында жүзден астам грек колониялары жүзеге келді.



Афина. Акрополь



Шешен Афина азаматтары алдында сөйлеп тұр



Драконт заңы бойынша жазалау

Есінде сақта!

Афина халқы екіге – **аристократтарға** және **демосқа** бөлінді.



Қарыздар гректердің Солон реформаларынан кейінгі құлдықтан оралуы

Драконт халықты басқаруды жоятын заңдарды жазып, жүзеге енгізді. Бұл заңдардың қатаң әрі аяусыздығы соншалықты, афиналықтар оларға «сия қалып, қанмен жазған» деп баға берген. Арзымайтын нәрсеге заңды бұзғаны үшін де Драконт бір ғана жаза — өлім жазасын белгілеген. Мысалы, Драконт заңдарына орай, бөгде адамның бағынан алма ұрлаған адам өлімге үкім етілуі тиіс болған.

Бастапқыда афиналықтар осы заңдарға мойынсұнған, кейінірек одан наразы бола бастаған, сөйтіп Драконтты қаладан қуып жіберген.

Солон Афина мемлекетінде халық шон-реформалары жарлардың үстемдігінен наразы болды. Халықтың жағдайы барған сайын нашарлай берді, содан соң адамдар өздерінің құқықтары үшін күресуге бел байлады. Таяқтармен, айырлармен, соқалармен қаруланған өте кембағал-бейшаралар белгілі бай–шонжарлардың шағын қорғандарына шабуыл жасай бастады. Жерінен, жанынан үрейленген шонжарлар оларды қолдауға және халық талаптарының бір бөлігін орындауға уәде берді.

Солон деген ақылды әрі тәжірибелі ақсүйек, әсіресе халықты жақтайтын еді. Солон бай-шонжарларға былай деген: *«Грекияның көптеген қалаларында болдым, халықтың шонжарларға қарсы бас көтеріп жатқанын өз көзіммен көрдім. Кедейлер құлдарға қосылмай тұрғанда, халық талаптарының бір бөлігін орындау қажет».*

Шонжарлар Солонға сеніп, патша етіп сайланды. **Б.з.б. 594 жылы** Солон мемлекетті басқарудың алдыңғы жүйесін өзгертті. Алдыңғы басқару жүйесі — *аристократияны* (шонжарлар үкіметі) Солон *демократияға* (халық үкіметі) ауыстырды. Мемлекетті басқаруға тек еркек азаматтар қатыса алатын болды. Әйелдер мен

шетелдіктер (оларды *метектер* деп атаған) қабылданып жатқан заңдарды талқылауға және дауыс беруге қатыса алмайтын.

Солон реформаларының барлығы шаруалардың қарыздары және қарыздарлықтан құлдықты жою, мемлекеттік басқару реформаларынан құралды. Солон ақсүйектерді ренжітуді қаламады, тек халық көтерілісінің алдын алуға әрекет етті. Мемлекеттік басқару реформаларының мақсаты Халық жиналысы қызметін тіктеу және шығу тегінен тыс афиналықтар үшін мемлекеттік лауазымдарды иелеу болып табылатын. Солон реформаларынан кейін Аттика халқы азаматтарға және құлдарға бөлінетін болды.

Өз біліміңді сынап көр!

Аристократия — ... Метектер — ... Реформалар — ...

Афинада демократияның дамуы Еркек жынысты барлық азаматтар 20 жастан бастап Халық жиналысына қатысатын. Халық жиналысының үлкен бөлігі бай емес қолөнершілерден, көпестерден, жалдамалы ісшілерден, шаруалардан құралған еді. Халық жиналысында көпшілік үшін пайдалы болған қаулылар қабылданатын.

Кезектегі жиналыс болатын күн алдын ала жарияланар еді. Жиналыс ерте азанда белгіленетін, себебі еңбек ететіндер күндіз күні жиналысқа келе алмайтын. Олар қарын тойғызу үшін азық-ауқат істеп табуы керек еді.

Афинада мансапты тұлғалар Халық жиналысында белгілі бір мерзімге сайланатын және жиналысқа есеп беретін. Егер де мансапты адам өз міндеттемелерін орындай алмаса, Халық жиналысы бұл адамды мерзімінен бұрын лауазымынан босататын еді.

Есіңде сақта!

Б.з.б. 594 жылы

Солон мемлекетті басқарудың алдыңғы жүйесі – **аристократия жүйесін демократияға ауыстырды.**



Солон – Афина мемлекетінің билеушісі

Халық жиналысы



Стратег




Бесжүздер кеңесі



Халық соты



**Бесжүздер
кеңесінің
жиналысы**



Халық жиналысы

Халық жиналысы жаңа заңдарды бекітіп, ескі заңдарды жоятын, басқа қаулылар, мысалы, жаңа ғимараттардың құрылысына, армияға және басқаларына қаржы бөлу туралы шешім қабылдайтын.

Әр жылы сайланатын *Бесжүздер кеңесі* күнделікті жүзеге асырылатын мәселелерді шешті. Оның қаулылары Халық жиналысында бекітілді. Бесжүздер кеңесіне *стратег* басшылық етті.

Халық соты да Афинада маңызды мемлекеттік орган болды. 70 жасқа толған азаматтар орган қызметіне қатысатын. Сотта айыпталушы тұлға өзін-өзі қорғай алуы я болмаса жақсы сөйлей алатын және заңдарды білетін адамды жіберуі тиіс еді.

Перикл ғасыры

Біздің заманымыздан бұрынғы 443—429 жылдарда стратег лауазымына сайланған *Перикл* үстемдігі кезеңінде Афина ең құдіретті мемлекет болды, мемлекетте демократия дамыды. Сондықтан да бұл дәуір «Перикл ғасыры» деп аталған. Өте дарынды грек жазушылары, ғалымдары мен суретшілері Периклдің достары еді. Перикл тарихшы Геродотпен, мүсінші Фидимен дос тұтынған болатын. Перикл абырой-беделге ие болды. Ол ешқашан халықты өзі қалаған қаулы қабылдауға мәжбүр етпеді, қайта сендіруге тырысып жұмыс жүргізетін. Перикл өзінің саяси қарсыластарына және оның іс-қимылдарын сынаған адамдарға еш қысым көрсетпеген.

Перикл Халық жиналысындағы лауазымдыларға еңбек ақы төлеуді жүзеге енгізді. Перикл үстемдігі дәуірінде Афинада ауқымды құрылыс істері жүзеге асырылды. Акропольдегі *Парфенон* — әйел құдай Афина храмы ғимараты ең әйгілі ғимарат болатын.

Б.з.б. V ғасырдың екінші жартысында Спарта Афинаның басты қарсыласына айналды. Қаланы қауіп-қатерден қорғау үшін Перикл Афинадан бастап Пирей теңізіне дейін қорғаныс қабырғаларын құру жөнінде бұйрық берді.

Периклдің қызметі бай қалалықтарға ұнамайтын, ол шонжарлардың аузын ашырмай қайтарып отыруға мәжбүр болған. Обамен науқастанған Перикл өлгеннен кейін ол жүзеге асырған көптеген жаңалықтар жойылды.

Өз біліміңді сынап көр!


Бесжүздер кеңесі — ... Перикл — ...
Стратег — ... Парфенон — ...

Көмекші конспект

- агора — халық жиналыстары үшін алаң
- демократия
- аристократтар — демос
- б.з.б. 621 жыл — Драконт заңдары
- б.з.б. 594 жыл — Солон реформалары
- б.з.б. 443—429 жылдар — Перикл 15 рет стратег лауазымына қайта сайланған
- Парфенон — әйел құдай Афина храмы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Афина мемлекетін көрсет және сипаттап бер.
2. Демократия деген не? Афинада демократия қандай формада көрініс тапты.
3. Солон реформалары өткізілген соң халықтың тұрмысында нелер өзгерді?
4. Солон реформалары бойынша Афина мемлекеттік басқаруының негізгі органдарын санап бер.
5. «Перикл ғасыры» деген не?



Перикл – Афина стратегі


Есіңде сақта!

Біздің заманымыздан бұрынғы 443—429 жылдарда 15 рет стратег лауазымына сайланған Перикл үстемдігі кезеңінде Афина ең құдіретті мемлекет болды, мемлекетте демократия дамыды.



Афиналықтардың құдайы — Афина

27-§. Грек-парсы соғыстары



Грекия жағалауларындағы парсы кемелері


Грек-парсы соғыстарының Біздің заманымыздан бұрынғы VI ғасырдың басында Грекияға **себептері** парсылар қауіп төндіре бастады. Дари I үстемдік етіп жатқан Парсы мемлекеті жаңа мемлекеттерді басып алуға ұмтылды. Грекияға парсылардың жасаған әскери жорықтары грек-парсы соғыстары деп аталды, соғыстар б.з.б. 490 жылдан басталып, б.з.б. 449 жылға дейін созылды.

Грекияның барлық қалаларында парсы елшілері пайда болды, олар: «Біздің патшамыз, ұлы жаханшах Дари, таңертеңнен кешке дейін барлық адамдардың бір ғана иесі сендерден жер мен су талап етуде» деп жар салды.

Грекиядағы кейбір қалалардың халқы парсыларға қарсылық көрсетудің ешбір шарасы жоқ деп санап, патша Дари I-дің шарттарын қабылдауға разы болды. Афина мен Спарта басқыншыларға бас имеуге келісті. Афинаға Иран елшілері келгенде, қала халқы ашу-ызадан оларды өлтірді де, жардан лақтырып жіберді. Ал елшілерді терең құдыққа тастап жіберген спарталықтар мысқылмен: *«Қалағаныңша суды да, жерді де құдықтың түбінен табасың да!»* деген екен.

Б.з.б. VI ғасыр соңында Парсы патшалары Кіші Азиядағы гректің қала-мемлекеттерін басып алды. Афина патшасы гректің полистеріне көмек қолын созды. Бұдан ашуланған Дари I Афинадан аяусыз өш алуға бел байлады.

Марафон соғысы Біздің заманымыздан бұрынғы 490 жылдың қыркүйегінде парсының әскери флоты Эгей теңізін жарып өтіп, Аттика жағалауына якорь тастады. Парсылардың кемелері ұсқынсыз және бұрылуы қиын еді. **Марафон жазығына** садақ-жебемен қаруланған парсының атты әскерлері кемедең түсе бастады. Бұл жазық



Парсы әскерлері



Грек-парсы соғыстары


атты әскерлердің жүруіне қолайлы еді, парсылар нақ осы жерде соғысуға бел байлады. Гректер парсыларға қарағанда, біршама аз болатын, сол себепті де парсының атты әскерлері жетіп бара алмайтын жар, қияларға орналасып алды.

Грек қосындары парсыларды Аттиканың ішкерісіне апаратын жолдардан бөгеп қойды. Алайда ашық соғысуға шошитын. Бір апта өтті. Парсылар қулық істеді. Олар түнде кемелерге атты қосындарын тиеді, Аттиканы айналып өтті, Афинаны тосқауылдан басып алуды ұйғарды. Грек қосындарына сардарлық еткен Милтиад таңертең түнгі оқиғадан хабардар болған соң Марафон аңғарында қалған парсы әскерлерін күл-талқан етуге шешім қабылдады. Гректің жаяу жасақтары фаланга болып сап түзеді. Парсылар оның ортасын жарып өтті. Бірақ грек фалангаларының екі жағасында тұрған күшті отрядтар парсыларды тымтырақай қуды.

Сол кезде гректер жазықта қалған парсы қосындарының артынан кіріп барды. Тұтқындалудан қорыққан парсылар кемелеріне қарай қаша жөнелді. Шешуші шайқаста гректер парсылардың




**Парсы әскерлері.
Тегіс жазыққа
түсірілген бөртпе
мүсін**



**Марафон
аңғарындағы
соғыстың
схемасы**

Есіңде сақта!

Парсы және гректердің Марафон шайқасы б.з.б. 490 жылы болды, ол гректердің жеңісімен аяқталды.



**Фермопиль
шайқасы**

Есіңде сақта!

Фермопиль
шайқасы б.з.б.
480 жылы болды.

жеті кемесін иелеп алды. Ал парсының қалған әскерлерін қырып тастап немесе тұтқынға алды. Гректер жеңіске жетті.

Милтиадтың бұйрығына орай бір жауынгер парсыларды жеңгені туралы хабарды жеткізу үшін Афина қаласына қарай жүгірді. Дәл 42 километр қашықтықты басып өткен жауынгер «Жеңіс! Жеңіс!» деп айқайлады да, демі жетпей өлім хәлінде құлап түсті. Кейінірек ұзақ қашықтыққа жүгіру *Марафон жүгіруі* деп атала бастады.

**Фермопиль
шайқасы**

Жаңа ұрысқа дайындық өтіп жатқанда Дари I қаза тапты. Қосындарды Грекияға оның баласы Ксеркс бастап келді. Парсылардың әскерлері түрлі тайпалардан құралып, қару-жарақтары мен соғысу әдістері де түрліше еді.

Б.з.б. 480 жылы Ксеркстің қалың қолы Геллеспонт бұғазына жетіп келді. Ксеркстің бұйрығымен бір километрден ұзын көпір құрылды.

Таулардағы *Фермопиль* тізбегі Грекияның сол-түстігінен оңтүстігіне алып баратын жалғыз жол болатын. Гректер сол жерге тұзақ қоюды ұйғарды, бірақ олардың арасынан парсыларға таулар арқылы жол көрсеткен бір сатқын шығып қалды. Гректер қосындарына Спарта патшасы *Леонид* басшылық еткен. Ол 300 спарталықтан басқа барлық грек жауынгерлеріне шегінуді бұйырған. Спарта заңдарына орай, спарталық жауынгерлер соғыс алаңынан шегінуі мүмкін емес еді. Олардың барлығы қаһармандарша қаза тапты. Осы оқиға «*Үш жүз спарталықтар ерлігі*», деп тарихта әйгілі болды. Ксеркс қосындары Оңтүстік Грекияға жетіп барды.

**Саламин
шайқасы**

Гректер Фемистокльдің кеңесімен 200 әскери кеме — *трийер* құрды. Мұндай әскери кемелер жартастардың арасынан және саяз жерлерден оңай ғана жүзіп өтетін, сол дәуір үшін

шапшаң жылдамдықпен — сағатына 18 километр жылдамдықпен жүзе алатын еді.

Шешуші теңіз шайқасы **біздің заманымыздан бұрынғы 480 жылы** тар *Саламин* бұғазында болып өтті. Грек мемлекеттерінің біріккен флотының парсылардың әскери флотынан мықты екені белгілі болды. Ксеркс жеңілген соң флоттың қалған қалдықтарымен Грекиядан шығып кетуге мәжбүр болды.

Біздің заманымыздан бұрынғы 479 жылы парсылар Афинаны тағы да басып алуға әрекет жасады. Бірақ гректердің бірлескен жасағы Платея қаласының төңірегінде парсы қосындарын күл-талқан етті. Бұл грек-парсы шайқастарындағы үлкен соғыс болатын. Парсы патшасымен жасалған келісім-шартқа сәйкес ол кіші Азиядағы барлық грек полистерінің тәуелсіздігін жариялады, бұдан былай гректерге қарсы әскери жорық жүргізбеуге уәде берді.

Осы орайда, бірнеше грек қалаларының бірлігі мен азаттық үшін күрескен гректердің батырлығы өте күшті қарсыласты жеңуге мүмкіндік берді. 40 жылдан артық уақытқа созылған грек-парсы соғыстары гректердің толық жеңісімен аяқталды.

Өз біліміңді сынап көр!

Б.з.б. 490 жылы — ... Б.з.б. 479 жылы — ...

Б.з.б. 480 жылы — ...

Көмекші конспект

- б.з.б. 490—449 жылдар — грек-парсы соғыстары
- б.з.б. 490 жыл — Марафон алаңындағы шайқас
- б.з.б. 480 жыл — Фермопиль шайқасы — үш жүз спарталық жауынгерлердің ерлігі
- б.з.б. 480 жыл — Саламин шайқасы
- б.з.б. 479 жыл — Платея шайқасы — гректер жеңісі

Есіңде сақта!

С а л а м и н аралында шайқас б.з.б. 480 жылы болды.



Саламин шайқасындағы гректердің кемесі

Есіңде сақта!

Біздің заманымыздан бұрынғы 479 жылы парсылар Афинаны тағы да басып алуға әрекет жасады. Бірақ гректердің бірлескен жасағы Платея қаласының төңірегінде парсы қосындарын күл-талқан етті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Грекияға парсылардың бастырып кіру себептерін айтып бер.
2. Картадан парсылардың Грекияға жасаған жорықтарының негізгі бағыттарын көрсет.
3. Марафон шайқасына қатысушының атынан әңгіме құрастыр (парсылар немесе гректер армиясының жауынгері).
4. Саламин шайқасы қалай өтті, немен аяқталды?
5. Саламин аралында Парсы мемлекеті флоты жеңілісінің басты себептерін айт.

28-§. Македонияның Грекияны басып алуы



Демосфен жас кезінен шешен болуды армандады. Ол өте баяу, тұтығып сөйлейтін. Дауысы қатты шығу үшін теңіз жағасына барып, оның шуылынан да қаттырақ айқайлайтын.

Грекия жеңілісінің себептері

Гректер бір-бірімен соғысып жатқанда Македония патшасы *Филипп II* Элладаны басып алу мақсатымен соғыс тактикасын жетілдірді және қосын жинады. Оның қосындары атты және жаяу әскерлерден құралған болатын. Жаяу әскерлер 16 қатардан тұратын *фаланга* болып сап түзейтін. Фаланганың алтыншы қатарындағы найза бірінші қатардағы жауынгерді қорғайтын еді. Соғыс кезінде бүкіл фаланга броньдалған темір жануарға ұқсап қалатын. Фаланганың қанаттарын атты әскерлер қорғайтын еді.

Гректер Филипп II тәртіп орнатады, полистердің арасында тұрақты бейбітшілік орнатады деп үміттенетін. Тек атақты шешен Демосфен Эллада қалаларын аралап, халықты бірігуге, македондарға қарсы күресуге шақырды. Алайда тек Фива қалаларының халқы ғана Филипп II-нің қосындарына қарсы Афина қалаларының одағына қосылды.

Хероней маңындағы шайқас Демосфен Филип II-ні басқыншы ретінде қаралауды тоқтатпайды, грек мемлекеттерінің билеушілерін дұшпанға қарсы күресу үшін бірігуге шақырады. Демосфен грек қала-мемлекеттері патшаларының бір бөлігін сендіруге әрі көндіруге қол жеткізеді,


олар бір одаққа бірлеседі. Қатты қарсылық көрсетілуіне қарамай, Филипп II қалаларды бір-бір басып ала бастайды. Біздің заманымыздан бұрынғы 338 жылдың 2 тамызында гректер мен македондардың негізгі күштері Херсонес қаласының маңындағы Беотиде ұшырасады. Қосындар саны бойынша тең болатын. Бірақ гректердің қарсы алдында Македонияның еркін азаматтарынан түзілген жақсы әскери білім алған жасақтар тұрды. Ал гректердің қосындары белгілі бір ақы үшін соғысатын жалдамалы әскерлер мен азаматтардың жақсы әскери дайындығы жоқ топтарынан құралған еді.

Аяусыз соғыс көпке созылды. Айла маневрді қолданған македондар жеңіп шығады. Македондар шегіне бастайды. Жеңе бастағанына сенген гректер оларды қуа түседі. Гректердің қосындары сол кезде екіге бөлінеді. Сонда барып бөлінген бөліктің біріне Филипп II-нің ұлы *Александр* басқарған атты әскерлер ойсырата соққы береді. Грек әскерлерінің екінші бөлігі кері шегіне бастайды, олар да құлталан етіледі. Бұл соғыста көп грек әскерлері мерт болды. Херонея астанасындағы шайқастан соң гректердің болашақ тағдырын патша Филипп II шешуі тиіс еді. Жеңілістің салдарынан Ежелгі Грекия Македонияға бағынышты болып қалды.

Ежелгі Грекия «Херонея маңындағы шайқаста **Македонияның құрамында** қаза тапқандардың денелерімен қоса гректердің азаттығы мен еркі де жерленген еді», деген еді Демосфен. Сол жеңілістен кейін Ежелгі Грекия халқы өз тағдырына үрейленіп тұрған болатын. Алайда Филипп II өзін гректердің патшасы деп жарияламады. Филипп II гректермен парсыларға қарсы одақ түзеді. Ол өзін біріккен қосындардың бас қолбасшысы деп жариялады. Ал Филипп II грек қалаларына азат

Есіңде сақта!


Фаланга – жаяу әскерлердің 16 қатар болып тығыз орналасуы.



Филипп II-нің жаяу әскерлері

Есіңде сақта!

Ежелгі Грекияны Македонияға біздің заманымыздан бұрынғы 338 жылы Херонея маңындағы соғыстан соң басып алды.



Филипп II

екенін және өз мемлекетінің кейінгі тағдыры жөнінде бір-бірімен келісім-шарт жасауы қажет екенін жариялады.

Біздің заманымыздан бұрынғы 337 жылы Спартадан тыс барлық грек мемлекеттері Коринфке жиналды, сөйтіп Македония үкіметі шеңберінде грек мемлекеттерінің одағын түзді. Олар тыныш өмір сүру, өзара соғыстар жүргізбеу және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау туралы келісім жасады. Барлық наразылықтарды грек қала-мемлекеттері Одағы шешуі тиіс екендігі көзделген еді.

Парсы мемлекетін басып алуы жоспарланған қосындардың негізгі бөлігін Ежелгі Грекия әскерлері құрауы керек еді. Филипп II тіпті гректерді жігерлендіретін соғыс үшін желеу ойлап тапты: грек-парсы соғыстары кезінде тигізілген шығын үшін кек алу және шах Ксеркс Иранға алып кеткен грек құдайларының мүсіндерін тұтқындықтан құтқару!

Алайда Филипп II парсыларға қарсы жорықты жүзеге асыра алмады. Ол б.з.б. 336 жылы өз сарайындағы орынбасарлының қолынан қастандықпен өлтірілді. Оның ұлы македондық Александр патша болды.

Есіңде сақта!

Біздің заманымыздан бұрынғы 337 жылы Спартадан тыс барлық грек мемлекеттері Коринфке жиналды, сөйтіп Македония үкіметі шеңберінде грек мемлекеттерінің одағын түзді.

Көмекші конспект

- Македония патшасы Филипп II
- б.з.б. 338 жылы — Хероней маңындағы соғыс
- б.з.б. 337 жылы — Коринф одағының жүзеге келуі
- барлық келіспеушіліктер мен наразылықтарды грек қала-мемлекеттері кеңесінің шешуі
- б.з.б. 336 жылы — Филипп II өлтірілді → Александр

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сеніңше, гректер неліктен өз мемлекетінің тәуелсіздігін сақтап қала алмады?
2. Демосфеннің Эллада халқы алдындағы қызметтері қандай?
3. Картадан Филипп II соғыстарының бағыттарын көрсет.
4. Македондар қосындарының грек қосындарынан айырмашылығы неде?

5. Қашан және қайсы шайқаста Ежелгі Грекия басып алынды?
6. Филипп II Ежелгі Грекияны басып алған соң грек полистерін басқаруда қандай өзгерістер болды?

29 – 30-§§. Ежелгі Грекияның мәдениеті


Азамат тәрбиесі Гректердің санасына қоғам істерінің жеке істерден маңызды екені туралы көзқарас сіндірілді. Мектептер белсенді азаматтарды, мемлекет қорғаушыларын тәрбиелеуі тиіс болды. Спорттың дамуы мен Олимпиада ойындарына жалпы қызығу да соған бағытталған еді. Ұл балаларға жастайынан поэзия мен музыкаға деген сүйіспеншілік сезімі дарытылды.

Арыстанды жеңген *Гераклдың* мүсініне назар аударамыз. Ежелгі гректің балуан күресшісі Геракл нақ бір ертегінің ішінен шығып келе жатқан Алып адамға ұқсайды. Солай емес пе?! Ал артқы аяқтарында тұрып алған үлкен арыстан Гераклдың иығына да жетпейді. Бірақ Геракл неге киімсіз бейнеленген? Бұл ежелгі грек мәдениетінің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Мүсіншінің ойынша Гераклдың күш-құдіретін көрсету маңызды еді. Егер шебер мүсінші баһадүрді киімде бейнелегенде, оның арыстанды жеңген бұлшық білектеріндегі күшті көрмеген, құдіретті, жатыққан денесінің сұлулығын сезбеген болар едік.

Жалпы білім алудан тыс ұл балалар екі жылдық әскери білім де алған. Бірінші жылы олар үйлерінде жасайтын, сапта жүруді, қару тағып жүруді, аштыққа, суыққа төзімді болуды үйренетін.

Ал екінші жылы кейбіреулері Аттика шекара қамалдарында әскери қызметті өтесе, басқалары Пирей портында теңізшілік өнерін үйренетін еді.


Мемлекетті қорғау қажеттілігі туған сәтте 30 жасқа толмаған еркектердің бәрі қару-жарағымен,



Гераклдың арыстанмен күресуі




Білім беру процесі



**Олимпия
стадионына кіру**

Есіңде сақта!

Алғашқы Олимпиада ойындары б.з.б. 776 жылдан – б.з. 394 жылға дейін өткізілді. 1896 жылы Олимпиада ойындары қайта тіктеліп, қазіргі күнде де өтуде.



**Олимпиада
ойындарындағы
жүгіру жарысы.
Ыдыстағы сурет**

әскери киім-кешегімен тексеруге жетіп келуі тиіс болды. Содан соң өз құдайлары, өзінің ыстық үйі, мемлекеті үшін соғысқан. Отанға деген махаббат мемлекеттің әрбір азаматының үлкен ерлігі, батырлығы саналды.

Гректерге ұлы отаншылдық сезімі тән болған. Отанды қорғау жолында қаза тапқандар қаһармандар деп жарияланатын. Қаһармандар жерленген жерлерде құрбандық шалынған.

Олимпиада ойындары Спорт барлық гректерге жалпы ермек болатын. Алғаш рет заманымыздан бұрынғы 776 жылы өткізілген Олимпиада ойындары сан-алуан спорт жарыстарының арасында ең маңыздысы саналған. Міне, осы санадан бастап әр төрт жылда бір рет Олимп тауында қасиетті от Күннің сәулесінен жандырылатын, Ежелгі Грекияның төрт жағынан келген спортшылар бесткүресте белдесетін. Ал бесткүрес ұзындыққа секіруден, диск лақтырудан, найза лақтырудан, жүгіру және күресуден тұратын. Ипподромда арабаларда және аттарда бәйге ұйымдастырылатын. Адамдар мен спортшылар Олимпиадаға аман-есен жетіп келулері үшін ойындар өткізіліп жатқан кезде соғыстар тоқтатылатын.

Ежелгі Грекиядағы Олимпиада ойындары Олимп құдайы Зевстің құрметіне арналып өткізілген. Олимпиада ойындарына негіз салған Геракл деп саналды. Олимпиада ойындарында тек қылмыс жасамаған, беделіне дақ түсірмеген азат грек қана қатысу құқығына ие болатын. Жарыстарда үш рет жеңіске жеткен спортшы Олимп тауында өзінің мүсінін орнатуға құқылы болған. Гректер жыл санауын да Олимпиада ойындарына қарап жүргізген.

Жеңімпаздар қасиетті зәйтүн ағашының бұтақтарынан тоқылған гүлшеңберлермен марапатталған. Әйелдер Олимпиада ойындарында қатыса алмайтын. Әйелдер ойындардың кезінде тіпті Олимп


тауының маңына таяу келе алмайтын. Олар үшін жүгіру бойынша арнайы жарыстар өткізілетін.

Христиан діні тарқалғандықтан құдай Зевстің құрметіне арналған Олимпия ойындарына тыйым салынды.

Б.з.б. 394 жылы болған зілзеланың салдарынан Олимпия ойрандалғандықтан, ежелгі Олимпиада ойындары да өткізілмей қалды. Ақыры, 1896 жылда Олимпиада ойындары қайта тіктелді. Олимпиада ойындары ашылатын күні жалынды жағу салты осы күнге дейін сақталып қалған. Олимпиаданың күн сәулесінен жандырылған жалыны жарыстар өткізілетін жерге әкелінеді.

Гомердің «Илиада» және «Одиссея» дас-тандары Б.з.б. 1200 жылдарда гректер Кіші Азияда орналасқан Трояға шабуыл жасады. Сан-санақсыз олжа үшін соғыс болды. Алайда грек аңыздары басқа бір себепті әңгімелейді. *Ең сұлу әйел Спарта патшасының жұбайы Көрікті Елена еді. Троя патшасы Парис Спарта патшалығына келеді де Көрікті Еленаны Трояға ұрлап кетеді. Бұдан хабардар болған Спарта патшасы Паристен өш алуға серт етеді, сөйтіп барлық спарталықтарды Троямен соғысуға шақырады. Гректер тоғыз жыл Троямен босқа соғысады.*

«Илиада» деген әйгілі грек дастаны сол соғыстың соңғы оныншы жылы жөнінде әңгімелейді. *Одиссейдің кеңесімен гректер айлаға көшеді: іші боп-бос үлкен ағаш ат жасайды. Міне, сол ағаш аттың ішінде грек қосындарының бір бөлігі жасырынған, ал басқа бір бөлігі жақын арадағы аралға орналасып алған еді. Троялықтар гректер шабуылды тоқтатты, Трояның жебеушісі Афинаның Палладаға қош келуі үшін өздеріне ат тарту етті, деп ойлайды сөйтіп ағаш атты Трояға сүйреп әкелді.*




Боксшының мүсіні. Олимпиада ойындарының жеңімпазы

Есінде сақта!

394 жылы жиі болған зілзела салдарынан Олимпия қирағандықтан Олимпиада ойындары өткізілмеген.




Гомер – Ежелгі грек ақыны



Троя аты



«Ахиллес
табаны»



Троя соғысы

Түнде аттың ішінен шыққан жауынгерлер қақпаларды ашты, Троя басып алынды. Қазіргі тілдерде «Троя аты» атауы қасиетсіз сый-сияпат деген мағынаны білдіреді.

«Илиада» дастанының бас кейіпкері Ахиллес. Ұлының мәңгі жасауын қалаған ана нәрестені Стикс өзеніне батырып алады. Сол кезде Ахиллестің анасы ұстаған нәрестенің табанына су тимей қалады. Бір соғыста Ахиллес табанына тиген оқтан қаза табады. Сол уақыттардан бері «Ахиллестің табаны» деген атау нәзік жерді білдіреді.

Троя соғысы аяқталды. Гректер Трояны талады, мол олжамен үйіне қайтпақшы болды. Олар Эгей теңізі арқылы алыс әрі қауіпті жолдардан өтулері керек еді. Бірақ ең көп машақат пен оқиғалар Одиссей мен оның серіктерінің басына түседі. Одиссей ақыры сүйікті Итакаға жетіп келгенше теңізде және жат жұрттарда қаңғып қалады.

XIX ғасырдың соңында неміс ғалымы Генрих Шлиманн Гомердің әңгімелерін зерттеп, Троя орналасқан жерді анықтады. 1870 жылы ғалым Түркиядағы Хисорлик қаласының аумағында қазба жұмыстарын жүргізді, шынында да Трояның қалдықтарын тапты.

Ежелгі грек ақыны Гомер «Илиада» және «Одиссея» поэмаларын жазды. Оның өмірі туралы дерлік ешнәрсе сақталмаған. Аңыздарда жазылуынша, ол соқыр болған, ел кезіп, музыка аспабына қоса өз әндерін шырқаған. Егер қазіргі ғалымдардың еркінде «Илиада» мен «Одиссея» дастандары болмағанда біз бұдан үш мың жыл бұрын жасаған гректердің өмірі туралы айтарлықтай ешнәрсе білмеген болар едік.

Бұдан екі жарым мың жыл бұрын Ежелгі Грекияда театр пайда болды. «Театр» сөзін грекшеден аударғанда «тамашаларға арналған орын»,

Грекиядағы
театр

«тамашахана» деген мағыналарды білдіреді. Ежелгі грек театрлары аудан өлшемдерінің үлкендігімен ерекшеленіп тұрған. Афина театры 17 мың көрерменге арналды. Тамашалар тек мейрамдарда қойылды. Таңертеңнен басталған тамашалар күн батқанша болатын. Көрермендерге бірнеше пьесалар көрсетілетін.

Театрға кіру үшін арзымайтын ақы төленген. Кедей азаматтарға театрға баруы үшін ақша берілетін. Алдыңғы қатарлар тегін болған, олар абыздарға, стратегтерге, мемлекетте маңызды қызмет істеген азаматтар сияқты құрметті көрермендерге арналды. Өзара күрес көрсетілген, әдетте қатысқан адамдардың өлуімен аяқталатын пьесалар трагедия деп аталды. «Софокл» мен «Еврипид» секілді ең әйгілі трагедияларды Эсхил жазған еді. «Шах Эдип» және «Антигона» деген ең әйгілі трагедияларды Софокл жазған.

Әдемі өлеңдер, көңілді сахналар, нәзік юморлы комедиялар адамның кемшіліктері үстінен күледі. Аристофан атақты комедиялардың авторы болатын. «Аралар», «Құстар», «Бақалар» деген әйгілі комедияларды Аристофан жазған.

Өз біліміңді сынап көр!

«Театр» грек тілінен аударылғанда ...


Трагедия — ... Комедия — ...

Мүсіншілік және сәулет өнері

Гректер тек патшалар мен шонжарларға ғана арнап сарайлар, кесенелер салған емес, сонымен бірге барлық адамдар пайдаланатын қоғамдық ғимараттар да құрған. Мүсіндер және басқа мүсіншілік туындылары тек сарайдың мансапты тұлғаларының ғана үйін безеген емес, сонымен қатар қаланың аландарын, ғибадатханаларды, баршаға ашық саябақтар мен стадиондарды да безеп тұратын.

Есіңде сақта!


Атақты трагедияларды Софокл жазған. Ал Аристофан комедиялар шебері болды.



Грек театры



Театр маскалары




Софокл



**Зевс пен Аполлон.
Парфенон
дәлізінің жоғарғы
бөлігі**



Парфенон



Аристофан

Біздің заманымыздан бұрынғы VII ғасырдан бастап ғибадатханалар және басқа қоғамдық ғимараттар тастан құрыла бастады, ол кезде жеке меншік үйлер қыштан, laidan құрылатын еді. Колонналар қоғамдық ғимараттар мен ғибадатханалардың ерекше безегі әрі көркі болатын. Колонналар металл тіректердің көмегімен бір-біріне берік орнатылған бірнеше тас бөліктерінен жасалған.



Ежелгі Египетте мүсіндер перғауындарды бейнелеген болса, Ежелгі Грекияның шебер мүсіншілері өз замандастарының мүсіндерін жасады. Олар мүсіндерде әрбір азаматты тәрбиелеуге қажет болған шапшаңдық, күш-құдірет, салауаттық және сұлулық секілді қасиеттерді арнайы анық көрсетуге тырысты. Бұл, әсіресе Миронның «Диск лақтырушы» деген мүсінді туындысында жарқын кескінделген. Грек мүсіншілері Олимпиада ойындарының жеңімпаздарының немесе соғыста жеңіске жеткендердің құрметіне ескерткіштер құрды. Мүсіндердің көптігі соншалықты, тарихшылар Афинада тірі адамдарға қарағанда мүсіндер көбірек деп жазған.

Ең ұлы грек мүсіншілерінің бірі Фидий болған. Ол Афинада *Парфенонның* құрылысына және *Акропольдің* қайта құрылуына басшылық еткен. Оның атақты шығармаларының бірі Жер жүзіндегі жеті ғажайыптың бірі саналған, бұл жәдігерлік Олимпиялық Зевстің мүсіні еді. Архитектор әрі мүсінші *Дадал Минос* деген патшаға арнап әйгілі Лабиринт сарайын құрды.

Акропольдің орталығында Парфенон бой көтерді. Парфенон ежелгі Грекиядағы ең қымбат мәрмәр тастардан құрылған. Жарықтың түсуіне қарап ол өз түсін алтын түстен көк яки ақ боз түске өзгертіп тұрған. Биік төбешік Парфенонның қабырғасы болып қызмет еткен. Ғибадатхана жар-

тасқа жұтылып кетіп, оның бір бөлігіне айналып қалғандай түйіледі. Колонналарымен ғимараттың алдына шығып тұрған арка Парфенонға өзгеше көрік берген. Арканың жоғарғы бөлігінде құдайлардың бейнесі кескінделген.

Көмекші конспект




Аңыздарға қарағанда, Геракл жеті басты мақұлықты жеңген. Мақұлық малдарды ұрлап, жерді тып-типыл ететін.

Өз біліміңді сынап көр!

Фидий — ... Дедал — ...
Парфенон — ...


Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ежелгі Грекия оқытушыларының алдына қандай мақсат қойылған еді? Грек мектептерінің қазіргі мектептерден нендей айырмашылығы бар?
2. Олимпиадаға қатысушы атынан әңгіме құра. Ол жерде не көргеніңді айтып бер.
3. Гомердің «Одиссея» деген қаһармандық дастанында нелер туралы әңгімеленеді?
4. Қайсы дастанда Гомер Троя аты туралы аңызды бейнелейді? Сөніңше, сондай оқиғаның шындығында болуы мүмкін бе?
5. Ежелгі Грекияда театрдың көрінісі қандай болған?
6. Грек сәулет өнерінің өзіне тән жақтарын айтып бер.
7. Қайсы грек мүсіншілерін және олардың туындыларын білесің?




Гераклдың тағы бір ерлігі – фракиялық патша Диомедтің жабайы аттарын ұстап, тізгіндейтін.


31 – 32- §§. Ғалымдар мен ойшылдар



Диоген бір бөшкенің ішінде жасады



Философ Гераклит



Аристотель

Ғылым

Ежелгі Грекияда философтарды еркін сұхбаттасу, қалаған сұраққа жауап алуға болатын данышпандар, өмір тәрбиешілері ретінде таныған.

Грек ойшылдары болмыстың пайда болуы және адам өмірінің мән-мазмұнын түсіндіруге әрекет жасады. Олар өсімдіктерді, аңдарды, адам денесін, Күн мен жұлдыздарды зерттеді.

Атақты грек философы *Гераклит* Жер бетіндегі барлық нәрсе оттан пайда болған деп түсіндірді. «Бір өзенге екінші рет түспейсің», «Барлық нәрсе ағады, ешнәрсе бір жерде тұрмайды» деген әйгілі сөз соныкі.

Фракиялық *Демокрит* деген философ Гераклиттің пікірін мақұлдамаған, ол бізді қоршап тұрған барлық нәрсе көзге көрінбес ұсақ бөлшектерден — атомдардан құралған деген пікірді айтты.

Грек философы *Диоген* адам ешнәрседен мұқтаждық көрмеуі тиіс деген пікірді өз іліміне негіз етіп алған. Өмірдегі қолайлықтардан бас тартқан Диоген бір бөшкенің ішінде күн кешкен. Македониялық Александр одан: «Саған қандай жәрдем берсем болады?» деп сұрағанда, Диоген: «Әрі тұрсайшы, күнді жауып қойдың!» деп міндет еткен екен.

Заманымыздан бұрынғы V ғасырда жасаған *Геродот* «Тарих» деп аталған кітап жазған. Египет, Месопотамия және Солтүстік Қара теңіз колониялары бойлап саяхатын аяқтағанда Геродотты Ежелгі Грекияда әлі танымайтын. Өз отандастарын «Грек-парсы соғыстары туралы тарих» шығармасымен таныстырғаннан кейін ол бірден атақты адамға айналды. Геродотқа көзі тірі кезінде-ақ «тарихтың атасы» деген құрметті атақ берілген еді.

Ежелгі грек ғалымы *Аристотель* жинақталған білімдерді арнайы тармақтарға бөліп, оларды еркін ғылымдар ретінде тұжырымдап берді. Аристотельді Шығыста «Арасту» деп атау әдетке айналған.

Көп замандардан бері ғалымдар ғылыми мәселенің шешімін тапқан грек физигі әрі математигі *Архимедтің* «Эврика!» («Таптым, таптым!») деген айқайын қайталап айтып жүрді. Бұл бәлкім бір аңыз шығар, бірақ гректер Архимедтің кешенін пайдаланып, сәулені бір бағытқа жинағанын және гректерге қарсы шабуылға келе жатқан римдіктердің кемелерін жандырып жібергені туралы толық сеніммен әңгімелеп беретін. Архимед рычаг заңын ойлап тапты және әйгілі болып кеткен бір сөзді айтты: «Маған тірек нүктесін тауып берсең, жерді астан-кестең етіп тастаймын!»


Архимед бүкіл болмысымен ілім тұңғыығына батқан ғалым рәмізіне айналған. Оның туған қаласы Сиракузаны римдіктер басып алғанда Архимед құмға сызу сызып, математикаға тиісті бір мәселені шешу үстінде бас қатырып отырған екен. Римдік бір әскер жетіп келгенде тек: «Менің сызуларыма қолыңды тигізбе!» деуге ғана үлгерді. Архимедке найза шаншылған еді.

Өз біліміңді сынап көр!


Гераклит былай дейді... Геродот — ...
Диоген — ... Демокрит былай дейді...
Философия — ... Архимед — ...

Афиналық данышпандар

Афиналық атақты философ Сократ өзінің дана сөздерімен қаланың ең ақылды адамы деп саналды. Бұған жауап ретінде Сократ былай деді: «Менің данышпандығым сол, ештеңе білмейтінімді білемін, барлығы осы!». Сократ ешқашан өзінің




Архимед және римдік әскер



Философ Платон



Архимед римдіктердің кемелерін өртеп жіберді




Қолжазбаны оқып жатқан ғалымның суреті

шығармаларын қағазға жазбаған. Сократтың идеялары Атлантида деген мінсіз мемлекет туралы ілімді жаратқан. Платон деген бір философтың сөздері арқылы бізге дейін Сократтың әйгілі бір сөзі де жетіп келген: «Құдай біздің өзімізде!»

Сократ азаматтардың рухани мінез-құлық тәрбиесіне үлкен мән берді. Дельфия ғибадатханасындағы оның сүйікті сөзі мынау екен: «Өз-өзіңді баста және біл!» Сократ қарсыластарымен болған сұхбатта Жақсылық пен Жамандық не деген мәселеге жауап беруге тырысқан. Жаман, өтірікші, қатыгез болумен салыстырғанда жақсы, әділ, мейірімді болу неге жақсырақ, деп сұраған философ.


Сократ әсіресе ашкөздік пен дүниеқоңыздық сияқты жаман қасиеттерді қатты қаралаған. Базарда серуендеп жүргенде былай деген екен: «Бұларсыз да күн көруге болатын осынша нәрселердің бары да қандай жақсы!». Сократ дүниеде Ізгілік заңдарының бар екенін, тек оларды білу және оларға мойынсұнып жасау қажеттігін дәлелдеген.

Афинадағы кейбір тәртіп-ережелерді қорықпай сынағаны үшін оны өлімге үкім еткен. Сократтың басқа бір мемлекетке қашып кету мүмкіндігі болса да, одан бас тартқан. Сократ тарихта адамилық, сабырлылық және ержүректік символы болып қалды.



Сократ

Көмекші конспект



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Грек ғалымдары мен философтарының ашқан жаңалықтары, жетістіктері туралы әңгімелеп бер.
2. Архимедтің «Маған тірек нүктесін тауып берсең, Жерді астан-кестең етіп тастаймын!» деген сөзінің мағынасын түсіндір.
3. Сеніңше, Сократ «Өз-өзінді баста және біл!» деген насихатымен не демекші?
4. Сократ туралы не білесің? Сократтың қайсы идеяларын мақұлдамайсың?

33 – 34- §§. Ежелгі Грекияның аңыздары

Аңыздар: шындық пен жалған

Грек аңыздары — құдайлар мен батырлар туралы аңыздардың кейіпкерлері — түрлі *титандар*, жауыз мақұлықтар, *сиреналар* (жартылай құс, жартылай әйелдер), *кентаврлар* (жартылай аттар, жартылай адамдар), *циклоптар* (мандайында жалғыз домалақ көзі бар фантастикалық құбыжықтар) болып табылады. Аңыздар (грек тілінде «миф») ежелгі дәуірдегі ел-жұрттың тарихы туралы көп оқиғаларды әңгімелейді. Олардан гректердің табиғатпен күресі, кәсіптері, еңбек құралдары мен қару-жарақтары, батырлардың ерлігі және теңіз саяхаттары туралы біліп алуға болады.

Грек аңыздары сан-алуан әрі өте қызықты. Әлемнің және құдайлардың жаратылуы жайлы аңыз да тартымды. Ең әуелі Жер мен Аспан — *Гея* мен *Уран* жаратылған. Олар Әлемді басқаратын титандарды дүниеге әкелген. *Олимп* тауында жасайтын құдайлар оларды тақтан түсірмегенше үстемдік етті.


Аңыздарда айтылуынша, Жер бағзы заманда теңіздермен қоршалған болатын. Бастапқыда олардың патшасы *Океан* деген титан болған. Үлкен аспан күмбезі Жердің бір бұрышында тұратын *Атлас* деген титанның иығына сүйенетін.




Сиреналар бейнесі



Кентавр мен әскер



Циклоп



**Гэфест —
теміршілік және
қолөнер құдайы**



**Артемида —
аңшылық құдайы**



**Арес — соғыс
құдайы**

Гректердің аңыздары *Геракл*, *Тесей* және *Одиссей* сияқты ержүрек қаһармандардың ерлігі туралы баяндайды. Олардың бәрі ержүректік, күш-құдірет және ақыл-ой сынды ерекше қасиеттерге ие болған. Геракл он екі ерлігі арқылы Олимп тауындағы құдайлардың салтанатында құрметті орын алған екен.

Өз біліміңді сынап көр!

Титандар — ...

Сиреналар — ...

Кентаврлар — ...

Циклоптар — ...

**Ежелгі
гректердің
құдайлары**

Ежелгі гректер де олардың өмірі мен қоршаған ортаның көзге көрінбейтін жұмбақ күштерге бағынатынына сиынатын. Сол көзге көрінбейтін күштерді гректер құдайлар деп атаған. Құдайлар олардың Жер жүзіне және марқұмдардың салтанатындағы өміріне үстемдік ететін. Ежелгі гректердің үш құдайы Әлемге үстемдік еткен: *Зевс* аспанда, *Посейдон* теңізде, *Аид* марқұмдардың салтанатында ұлы құдай деп саналған. Ал басқа құдайлар егіншілік пен қолөнердің, өнер мен поэзияның, махаббаттың және сұлулықтың демеушілері есептелген. Соғыс пен жеңістің, әділеттің, ұйқы мен арайлы таңның құдайлары да болған. Сатиралар мен нимфалар деген төмен құдайлар да бар болатын. Олар ормандарда, өзендер мен тауларда жасайды деп елестеткен.


Ежелгі гректердің құдайлары

Зевс	ұлы құдай және басқа барлық құдайлардың басшысы
Посейдон	Зевстің інісі, теңіз патшасы.
Афина	Зевстің қызы, жауынгер әйел, данышпандықтың әйел құдайы
Аполлон	Зевстің ұлы, музыка мен поэзия құдайы
Гелиос	Күн құдайы
Деметра	егіншілік құдайы

Фемида	әділет құдайы
Гефест	теміршілер мен қолөнершілер құдайы
Афродита	махаббат пен сұлулықтың әйел құдайы
Арес	соғыс құдайы
Дионис	шарап құдайы
Гермес	сауда құдайы
Ника	жеңіс әйел құдайы
Хронос	уақыт құдайы
Артемида	ормандар және аңшылық құдайы
Гипнос	ұйқы құдайы

Гректердің сенімі бойынша, құдайлар Македония мен Фессалия шекарасындағы Ежелгі Грекия облыстарының бірі Элладада, Олимп тауында өмір сүрген. Гректер құдайларды қызғаншақ және қатыгез, күнді ойын-сауықпен босқа өткізеді деп ойлайтын болған. Құдайлар қатал әрі кекшіл. Гректердің құдайлары ерік-қалауына қарсы шыққандарды аяусыз жазалайды. Сол себепті де гректер өздері ойлап шығарған құдайлардан корқатын, құрбандық шалатын және оларға арнап көптеген ғибадатханалар құратын еді.

Көмекші конспект




Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ежелгі Грекияның тарихын үйренуде аңыздардың маңызы қандай?
2. Гректер құдайлар туралы аңыздарда табиғаттың түрлі оқиғаларын қалайша түсіндірген?
3. Ежелгі грек аңыздарының басты кейіпкерлерін атап өт.
4. Сеніңше, неліктен гректер құдайларды қызғаншақ, қатыгез, күнін той-думанмен өткізеді, бір-бірімен келісе алмайды, деп ойлаған?




Деметра — егіншілік және өнімділік құдайы



Аид — марқұмдар салтанатының құдайы



Дионис — шарап құдайы



IV БӨЛІМ

Б.З.Б. VI – Б.З. III ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОРТА АЗИЯ

35—36-§§. Ахаманилердің Орта Азияға жасаған басқыншылық жорықтары



Томарис –
массагеттер
ханшайымы

Кир II және оның басқыншылық жорықтары Заманымыздан бұрынғы VI ғасырдың орта шенінде Ежелгі Парсы патшалары әулетінен шыққан Ахаманилер құрамына әлемнің барлық ірі мемлекеттері мен қалалары енген империя құруға әрекет ете бастады. Кир II Орта Азия аумағын басып алуға тырысқан алғашқы парсы патшасы болды. **Біздің заманымыздан бұрынғы 545 – 540 жылдар** арасында Кир II Парфияны, Марғияна мен Бақтрияны басып алды. **Б.з.б. 530 жылы** Кир II қалың қолмен массагеттерге қарсы жорыққа шықты.

Бұл жорықтар туралы «тарих ғылымының атасы» Геродот әңгімелеп берген. Парсылар массагеттердің аумағына бастырып кіргенде массагеттердің әйел патшасы *Томарис* басқыншыларға есен-аман кері қайтып кетуді ұсынды. Бірақ парсы патшасы бұл ұсынысқа көнбейді де Әмударияны кешіп өтуге бұйрық береді.

Геродот массагеттердің негізгі күштері мен парсылардың соғысы туралы былай дейді: «Бұл соғыс басқа соғыстарға қарағанда сұмдық үрейлі еді. Ең әуелі әр екі жау жақтар бір-біріне қарсы жауынгерлік сап түзеп, садақтан оқ жаудырды. Оқтары таусылған соң, қолдарына қанжарлар мен найзаларды алып бір-біріне лап қойды. Шайқас көпке созылды. Ешкім шегінуді ойлаған жоқ. Қан судай ақты. Ақыры, массагеттер

Есінде сақта!

Көптеген мемлекетті басып алған Ахаманилер әулетінен шыққан Кир II б.з.б. 530 жылы массагеттермен болған шайқаста қаза тапқан.



Орта Азия Ахаманилер мемлекетінің құрамында жеңді. Парсының көп қосындары қырылды. Соғыс алаңында Кир II өлді».

Дари I-дің сақтарға қарсы жорығы Біздің заманымыздан бұрынғы 522 жылы Ахаманилер әулетінен шыққан Дари I таққа отырды. Ол заманымыздан бұрынғы 522—486 жылдарға дейін үстемдік еткен.

Дари I үстемдік еткен алғашқы жылы Марғиянада парсы басқыншыларына қарсы ірі халық көтерілісі болды. Көтеріліске **Фрада** басшылық етті. Көтерілісшілер мен парсы қосындары ортасындағы шешуші шайқас **біздің заманымыздан бұрынғы 522 жылы** болып өтеді. Фраданың өзі тұтқынға алынады да **б.з. б. 521 жылы** өлтіріледі. Бұл оқиға туралы мәлімет Бехистун бітіктерінде ұшырайды.

Дари I үстемдігінің үшінші жылында (**б.з.б. 519 жыл**) сақтарға қарсы жорыққа шығады. Осы жорық жөнінде Бехистун бітіктерінде былай делінген: «Патша Дари былай дейді: кейін қосынмен сақтар мемлекетіне шабуыл жасадым. Соңыра ұшы сүйір дулыға киіп жүретін сақтар соғысқа шықты. Мен өзеннен өтіп алған соң, сақтарды дерлік күл-талқан еттім, қалғандарын тұтқындадым.



Парсы патшасы

Есіңде сақта!

Б.з.б. 522 жылы Дари I үстемдік еткен алғашқы жылы Марғиянада парсы басқыншыларына қарсы ірі халық көтерілісі болды. Көтеріліске **Фрада** басшылық етті.



Шырақ



Шырақ парсыларды бастап барады

Олардың Сқунха деген сардарын қолға түсіріп, алдыма әкелді. Сонда мен оларға басқа бір сардар тағайындадым. Мен солай болуды қаладым. Содан соң бұл мемлекет маған бағынды».


Сол кезде осы шайқас туралы тарихшы Полиен (б.з.б. II ғасыр) келтірген басқа бір аңыз да бар. Сақтардың аңызына сүйеніп, онда айтылуынша, парсылардың қосынына сақ тайпасынан Шырақ деген шопан келеді, ол парсы қосындарын өзінен басқа ешкім білмейтін соқпақ жолмен сақтардың арт жағына бастап баратынын айтады. Сусыз шөлмен жеті күн жол жүргеннен кейін, сусыздықтан, аштықтан сүлдесі құрыған парсылар өздерінің алданғанын біледі. Парсылар ержүрек шопанды шауып тастайды, Дари I -дің сақтарға қарсы жорығы жеңіліспен аяқталады.

Ахаманилердің үстемдігі дәуірінде мемлекетті басқару

Ахаманилер басып алынған мемлекеттерді бағындырып тұру үшін бүкіл бір мемлекетті өз алдына бір облысқа – сатраптарға бөліп тастады. Бұл сөз парсыша «хшатра» – «облыс» дегенді білдіреді. Облыс бастығы – сатрапқа шексіз билік берілген болатын. Сатраптардың көбі Ахаманилер әулетінің өкілдері болған.

Орта Азияның парсылар басып алған облыстары үш сатраптыққа бөлінеді. Әрқайсы сатраптық хираж салығын төлеген. Бұдан тыс, бағындырылған халықтар сарайлардың, ғибадатханалардың құрылысына жұмылдырылған. Хиражды күміс, малдар (аттар, түйелер, қойлар), қолөнер бұйымдары (қыш бұйымдар, қару-жарақ, әшекейлер), киім-кешектермен және аңдардың терісімен төлеген.

Дари I, оның мұрагері Ксеркстің үстемдігі кезеңінде (б.з.б. 486—465 жылдар) басып алынған облыстардағы Орта Азия халықтары саяси өмірге



Ортаазиялық әскерлер

және грек-парсы соғыстарына да қатысты. Әйгілі Марафон шайқасында (б.з.б. 490 жылы) парсы қосындарының орта шенінде шебер соғысқан сақтар ерекше көзге түсті.

Геродот Ксеркс басқыншылығы кезінде гректерге қарсы шыққан Орта азиялық жауынгерлердің қару-жарағын толық бейнелеген. Бақтриялықтар садақ және найзалармен, сақтар қанжар және айбалталармен, хорезмдіктер мен соғдылар бақтриялықтар секілді қару-жарақпен қаруланып шайқасқан. Сақ және бақтрия атты әскерлері Ксеркс армиясындағы ең жақсы жауынгерлер болған.

Ежелгі гректің атақты драматургы Эсхил өзінің «Парсылар» деген трагедиясында Саламин маңындағы теңіз соғысында мерт болған ержүрек бақтриялық жауынгерді тілге тиек етеді.

Ахаманилер Орта Азия халықтарына 200 жылдан астам үстемдік етті. Тек б.з.б. IV ғасырда ғана сақтар мен массагеттер өздерін Ахаманилер мемлекетінің азаматы деп санамайтын болды.

Мәдениеттің дамуы Б.з.б. VI—IV ғасырларда мәдениеттің дамуы жазба және археологиялық деректер арқылы зерттелді. Олар Орта Азия халықтарының қолөнершілік, зергерлік, тігіншілік, құмырашылық және сәулет өнерлерінің өркендеуінде жоғары деңгейде көрсеткіштерге қол жеткізгенін дәлелдейді.

Сұрхандария, Қашқадария, Зарафшан аңғарлары, сондай-ақ Әмударияның төменгі саласында (мысалы, Қызылтөбе, Ұзынқыр, Афрасияб, Кезеліқыр, Жерқорған және басқалар) ірі қолөнершілік орталықтары болған. Деректерде алтын, күміс, ақық, феруза минералдарының қазып алынғаны, мыс пен темірдің ерітілгені, құмырашылықтың дамығаны, Орта Азияның Шығыс мемлекеттерімен байланысқан көне керуен жолдарында жүргізілген сауда істері туралы мәлімет беріледі.



Массагеттердің киімі мен құралдары



Ортаазиялық әскердің қоладан жасалған дулығысы

Есінде сақта!

Ахаманилер дәуірінде Қызылтөбе, Жерқорған, Ұзынқыр, Афрасияб пен Кезеліқыр сынды ірі қолөнер орталықтары болды.



**Алтын білезік.
Әмудариядан
табылған**



**Орта Азия халқы.
Б.з.б. VI ғ**



**Алтыннан
жасалған ат-
арабаның
көшірмесі. Б.з.б.
V—IV ғасырлар**

Заманымыздан бұрынғы V – IV ғасырларда Орта Азия аумағында алғашқы теңге ақшалар таралған. Зергерлік өнерінің жоғары деңгейде өркендегеніне қазіргі таңда Ұлыбритания мұражайында сақталатын *Әмудария қазынасы* — алтын және күміс бұйымдар жарқын мысал бола алады.

Әрбір қаланың орталығында қорғандар — аркілер болған. Олардың айналасына ірге тепкен диқан шаруашылығында патриархатқа жататын үлкен-үлкен жанұялар жасайтын. Екіншіліктің шағын қорғандары тұрғын үйлерден, шаруашылық және көмекші тамарқа ғимараттарынан тұратын болған.

Археологтар қалалар мен қорғандардың төңірегінде далаларға су әкелетін канал — арықтардың іздерін тапты.

Көмекші конспект

- б.з.б. 545—540 жылдар — Кир II Парфияны, Марғияна мен Бактрияны басып алды
- б.з.б. 530 жыл — Кир II массагеттермен болған шайқаста қаза тапты (Томарис)
- б.з.б. 522 жыл — Фрада көтерілісі
- б.з.б. 519 жыл — Дари I — сақтар (Полийен Шырақтың ерлігі туралы)
- сатраптықтар — Орта Азия → үш сатраптық
- б.з.б. IV ғасыр — хорезмдіктер, сақтар мен массагеттер Ахаманилердің қанауынан азат етілді
- б.з.б. VI—IV ғасырлар — қалалар — Қызылтөбе, Жерқорған, Ұзынқыр, Афрасияб, Көзеліқыр

Сұрақтар мен тасырмалар

1. Кир II Орта Азия аумағына қашан бастырып кірді?
2. Орта Азияның қайсы мемлекеттерін Кир II басып алды?
3. Кирдің кезектегі жорығы кімге қарсы бағытталған еді?
4. Марғиянада Дари I-ге қарсы көтеріліс қашан басталды? Оны кім басқарды?
5. Контурлы картада Орта Азияны бойлай басқыншылардың жолын белгіле.
6. Ахаманилер Орта Азияда қандай салықтарды енгізді?
7. Шырақтың айла-әдісін қалай бағалайсың?

37 – 38-§§. Орта Азия халқының грек-македон басқыншыларына қарсы күресі

Б.з.б. IV ғасырда Македонияның өрлеуі Александр б.з.б. 336 жылы Македония патшасы болды. Сол жылы ол 20 жасқа толған еді. Македониялық Александр ерекше күш-құдіретке ие, ержүрек болған, серіктері мен қосындары оған өте адал болатын. **Б.з.б. 334 жылы** ол шығысқа жорыққа шықты, бұл жорық 11 жылға созылды. Нақ осы шайқас барысында ол Кіші Азияда, Сирияда, Египетте, Иран мен Үндістанда ұлан-ғайыр аумақтарды басып алды. Македониялық Александр үлкен аумақта грек мәдениетінің қанат жаюына мүмкіндік жасау мақсатымен басып алынған қалаларға гректерді орналастырды. Македониялық Александрдың жорықтарына қатысқан тарихшы Аристокл олар туралы толық мәліметтерді қалдырған.


Орта Азия халықтарының қару-жарағы мен жауынгерлік өнері **Б.з.б. VII—IV ғасырларда** Орта Азия жауынгерлері немен шұғылданған еді? Жауынгер әскерлер соғысқа сауыт киіп қатысқан, бастарына дулыға киген. Қанжар, қылыштармен қаруланған. Әскери айбалтаны және найзаны қолданған. Садақтың жебесі, шапқыштар темірден, жезден жасалған. Жауынгерлер атта да, жаяу да соғыса алатын болған.

Орта Азия халықтарының арасында қанжарды «ақинак», ал әскери айбалтаны «сагарис» деп атады. Алыс қашықтықта тұрып соғысу құралы ретінде садақтың оқтарын пайдаланды. Әскери аттардың үстіне және омырауына темірден тоқылған жабу жабылды.

Жауға қарсы шабуылды аттылы әскерлер бастап берген. Олар атты шаптырып келе жатып оқ-жебемен, найзамен яки қылышпен дұшпанға

Есіңде сақта!

Македониялық Александрдың жорықтарына қатысқан тарихшы Аристокл олар туралы толық мәліметтерді қалдырған.



Македониялық Александр




Ақинак



**Ортаазиялық
әскер – сагаристің
әскери балтасы**

Есіңде сақта!

Біздің заманымыздан бұрынғы VII ғасырда Қызылтөбе, Афрасияб және Ұзынқыр тәрізді қалалар саңылаулары бар берік қабырғалармен қоршалған еді.



**Македониялық
Александрдың
әскерлері**

лап қойған. Аттылылар басқа бір тактиканы да қолданған: өтірік шегініп, басқа жақтан жауды тұзаққа түсірулері де мүмкін болатын.

Қорғандар мен қалаларды қорғауда садақтарды және тас атар құралдарды қолданған. Тас лақтырған, қайнап тұрған суды құйған. Қорғаныс ретінде тас және піскен қыштан жасалған гуалаларды да пайдаланған.

Қызылтөбе, Афрасияб және Ұзынқыр тәрізді қалалар саңылаулары бар берік қабырғалармен қоршалған еді. Қабырғалардың төбесінде садақшылар үшін арнайы сүрлеу жолдар құрылған. Қабырғалар сыртындағы саңылауларға да садақшылар қойылған. Су толтырылған терең әрі кең орлар қорғанға апаратын жолды бөгеп тұратын.

**Македониялық
Александрдың
басқыншылығы**

Б.з.б. 330 жылы Македониялық Александр Ежелгі Парсы мемлекетінің Ахаманилер әулетінен шыққан патша *Дари III* қосындарын тас-талқан етті. Ол Үндістанға жорыққа шығудан бұрын қосынының арт жағын қауіпсіздендіру мақсатымен Әмударияның арғы жағында жасайтын ұлыстарды бағындырмақшы болады.

Оның жолына тосқауыл болған алғашқы қала Бақтрияның астанасы Бақтра (Зариасп) болды. Бұл жерде сатрап Ахаманилер әулетінен шыққан *Бесс* болатын. Бақтраны жауға тастап, Әмударияның арғы бетіне қашып кетеді.

Соғдияна тәуелсіз күйінше тұратын. Македониялық Александр өзінің ұстазы, ежелгі грек философы Аристотельдің Әмудариядан екі патшаның — Кир II мен Дари I-дің кешіп өткені, екеуінің де жеңіліске ұшырағаны, сондықтан ол

Өз біліміңді сынап көр!

Александр — ... Ақинак — ... Сагарис — ...



Б.з.б. II ғасырлар басындағы Грек-Бақтрия мемлекеті

шайқасқа жақсы дайындық көру қажет екені туралы кеңесін ұмытпаған болатын.

Мароқанттың басып алынуы

Б.з.б. 329 жылы Македониялық Александрдың қосындары Окс – Эмудариядан өте бастады. Александрдың әскерлері бұл бөгеттен өтіп алды. Ал қосынның қарсы алдында *Наутака* (Қашқадария аңғарының солтүстік бөлігі) және *Мароқант* тұрар еді.

Заманымыздан бұрынғы 329 жылы Македониялық Александрдың қосындары Мароқантты иеледі. Александр қосындарының бір бөлігін қалдырып, ал өзі *Курушкат* (Кирополис) қаласын басып алу үшін негізгі күштермен Сырдария жағалауларына қарай жол алады. Аңыздарға қарағанда, бұл қалаға парсы патшасы Кир II негіз салған екен.

Соғдияна халқы басқыншыларға қарсы күреске аттанды. Тез арада соғдыларға бақтриялықтар, сақтар мен массагеттер қосылады. Көтеріліске қабілетті жетекші әрі қолбасшы *Спитамен* басшылық етеді.



Бақтриялық түйеші



Спитамен

Есіңде сақта!

Б.з.б. 329 жылы грек-македон әскерлері Мароқантты басып алды. Оларға қарсы көтерілісті **Спитамен** басқарды.



Тұзақ қою

Әжептеуір қосын жинаған Спитамен Мароқантты қоршап алды. Александр қоршауда қалғандарға көмекке үш мыңға жуық жауынгерлерден құралған қосын жібереді. Ежелде «Политимет» деп аталған Зарафшан өзені бойында македондарға тұзақ қойған Спитамен жау тобын түгелдей қырып тастайды. Сонда Александрдың өзі көтерілісті басуға жөнеледі. Гректердің қалың қолының жақындап келе жатқанынан хабардар болған Спитамен қоршауды тоқтатады да өз жасағын шөлге қарай бастап кетеді.

Александр сақтарға қарсы күресу үшін Сырдария бойында, Хоженд төңірегінде бір тірек орталығын құруға бұйрық береді. Бұл бекініс *Александрия Эсхата* (Алыс Александрия) деп аталды.

Александр Мароқантта гарнизоншы — қорғау күштерін қалдырып, негізгі күштерімен қыстау үшін Зариаспқа (Бақтрия) жөнелді. Сол жылдың көктемінде Александр көтерілісті басу шараларын қарастырады. Өз әскерлерін үшке бөліп, Соғдиянаның ана басынан мына басына дейін жүріп өтеді де, тыныш халықтың 120 мыңға жуығын қырып тастайды.

Б.з.б. 328 жылдың күзінде Спитаменнің Александрмен шешуші шайқасы болып өтті. Күштер тең болмағандықтан Спитамен жеңіліп, тағы шөлге қарай шегінеді. Сол жерде көшпелі тайпалардың бастықтары оны аяусыз өлтіреді.

Өз біліміңді сынап көр!

Окс — ...	Құрышкент — ...
Наутака — ...	Спитамен — ...
Мароқант — ...	Бақтрия — ...

Күрестің жалғасы

Спитаменнің өлімі соғдылар мен бақтриялықтардың еңсесін түсіре алмады.

Александр Соғды шонжарлары – Хориен және Оксиарттың Хисар тауларындағы таулы бекіністерін қолға енгізіп, Александр Оксиарттың қызы Ракшанаға үйленеді. Сөйтіп, Македониялық Александр беделді бір соғды тайпасы бастықтарының бірімен туыс болады.

Орта Азия жерлерін басып алуға Александр үш жыл жұмсады, бірақ оншалықты үлкен емес аумақты: Марғияна, Бақтрия, Соғдияна және қазіргі Бекабат пен Хожеңд арасындағы Сырдарияның бойларын бағындыра алды. Хорезм, Ташкент өңірі мен Ферғана тәуелсіз болып қала берді.


Спитамен көтерілісінің бастырылуына қарамай, грек-македон қосындары алғаш рет бірнеше жеңілістерге ұшырады.

Басқыншылықтың салдары

Грек-македон қосындарының басқыншылық жорықтары Орта Азия жерлерінің күлін көкке ұшырды, халықтың көпшілігі қырылып кетті, көптеген қалалар ойрандалды.

Грек тарихшыларының жазуынша, Македониялық Александр Орта Азияда бірнеше қала құрғызған. Бұл қалалар оның есімімен *Октағы Александрия, Александрия Эсхата, Марғияна Александриясы* және басқа аттармен аталған. Олардың кейбіреулері ойрандалған Соғдияна мен Бақтрия қалаларының орнына, ал басқалары тірек қорғандар ретінде жаңадан құрылған. Сол қалаларда грек-македонның жаяу және атты әскерлері орналасқан еді. Б.з.б. 324 жылдан бастап сол әскерлердің азайған қатары Македония тәртібі бойынша қаруландырылған Бақтрия мен Соғдияна жастарының есебінен толықтырылады.

Бірте-бірте қолөнершілік пен сауда қайта тіктелді. Жергілікті және грек мәдениеттерінің салт-дәстүрлері өзара тығыз байланыса бастады. Сол арқылы Орта Азияда Грек-Бақтрия және Парфия сияқты антикалық мемлекет дамыды.



Шайқастан көрініс

Есіңде сақта!

Александр Орта Азия жерлерін басып алу үшін үш жыл әрекет етті. Бірақ ол шағын аумақты ғана бағындырды.



**Александр
теңгесі**

Есіңде сақта!

Б.з.б. 323 жылы македониялық Александр дүниеден өтті. Ол құрған мемлекет үшке бөлініп кетті: Македония, Мысыр және Сирия. Орта Азия аумағы Сирия мемлекетінің құрамында қарас болды.



Салавка

Көмекші конспект

- б.з.б. 334 жыл — Македониялық Александрдың Шығыс өлкелеріне жорығы
- Александрдың жорықтарын тарихшы Аристокл бейнелеген
- қару-жарақ: акинак, сагарис
- көне қалалар — Қызылтөбе, Афрасияб, Ұзынкыр
- Бесс — Бактрия сатрапы
- б.з.б. 329 жыл — Марокандтың басып алынуы → Спитамен
- Политимет (Зарафшан өзені) → жағасындағы шайқас
- Александрия Эсхата
- б.з.б. 328 жыл — Спитаменнің соғыста жеңілуі

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Орта Азиялық жауынгердің қару-жарағын сипаттап бер.
2. Македониялық Александр Соғдиянаға қашан жорыққа шықты?
3. Македониялық Александр басып алған аумақтарда өз билігін қандай жолдармен жүзеге асырған?
4. Спитамен көтерілісі қашан болып өтті? Көтеріліс қалай аяқталды?
5. Грек-македон қосындары Орта Азияға бастырып кіруінің салдарын айтып өт.
6. Контурлы картада Македониялық Александрдың Орта Азия арқылы өткен жолдарын белгіле.

39 – 40-§§. Салавкилер мемлекеті және Грек-Бақтрия патшалығы

**Орта Азия
Салавкилер
мемлекетінің
құрамында**

Біздің заманымыздан бұрынғы 323 жылғы 13 маусымда македониялық Александр дүниеден өтті. Ол құрған үш империя: Македонияға, Египет пен Сирияға бөлініп кетті. Осы мемлекеттерді Александрдың ең жақын әскери бастықтары басқарды.

Көпке созылған өзара соғыстардан соң, б.з.б. 312 жылы македониялық Александрдың әскери бастықтарының бірі Салавка Бабыл (Месопотамия) мемлекетінің патшасы болды. Салавка мемлекетінің құрамына Месопотамия, Иран,

Парфия, Бақтрия, Соғдияна және Марғияна енді.

Мемлекетінің құрамына кірген Орта Азияны Салавка сатраптық өлкелерге бөлді, олардың әрқайсысына сатрап үстемдік етті. Мемлекеттің қорғанысымен және қосындарды құрумен бұрынғы әскербасылардан тағайындалған *стратег* шұғылданды.

Б.з.б. 293 жылы Салавка Шығыс облыстар — Парфия, Марғияна, Бақтрия, Соғдияналардың орынбасары етіп өзінің ұлы Антиохты бекітті. Б.з.б. 280 жылы Салавка әлемнен өткен соң, Антиох үлкен мемлекеттің патшасына айналды, ол 20 жыл үстемдік етті.

Өз біліміңді сынап көр!

Салавка — ... Стратег — ...

Бірте-бірте Соғдияна, Бақтрия мен Марғияна қайта еңсе көтере бастады. Бұл жерлерде жаңа тұрғын-орындар, қалалар құрылды, сауда, егіншілік пен қолөнер дами бастады. Бақтрия, Мароқант, Антиох Марғиянасы (Мерв), Терміз ірі қалаларға, мәдениет орталықтарына айналды.

Грек-македон басқыншылықтарынан соң Орта Азия облыстарының тарихында антикалық дәуір басталды. Осы жорықтардың нәтижесінде Батыс пен Шығыс ортасында мәдени қарым-қатынастар мен айырбастау көлемі өсті. Бақтрияда грек жазуы, грекше салмақтың өлшем бірліктері, ақша қатынастары, қолөнер мен өнер бұйымдары кең таралды.

Грек-Бақтрия мемлекеті

Б.з.б. III ғасырдың орталарында Бақтрия Салавкилер мемлекеті құрамынан бөлініп шықты. Антикалық дәуірдің тарихшылары мәлімет беруінше, Диодот — өзін Бақтрияның мыңдаған қалаларының патшасы деп жариялады. Осы



Салавкилер армиясы




Салавкилердің әскерлері

Есіңде сақта!

Эллинизм — Шығыста б.з.б. III — II ғасырда грек мәдениетінің таралуы және жаңа (грек пен жергілікті — шығыстық мәдениеттерінен құралған) мәдениеттің пайда болуы.



Ежелгі Бақтрия таулары



Б.з.б. II ғасырлар басындағы Грек-Бақтрия мемлекеті

оқиғадан Грек-Бақтрия мемлекетінің тарихы басталды. **Б.з.б. 250 жылы** Салавкилер мемлекетінің құрамынан бөлініп шыққан Парфия Бақтрияның бәсекелесіне айналды. Бақтриядан тыс, Грек-Бақтрия патшалығының құрамына Соғдияна мен Марғияна да кірді.

Диодоттан кейін Грек-Бақтрияда үстемдік мемлекет тарихында айтарлықтай із қалдырмаған Евтидемге өтті. Евтидемнің ұлы *Деметрийдің* үстемдігі кезінде (б.з.б. 199–167 ж.ж.) Грек-Бақтрия патшалығы ең үлкен шекараларға ие болды. Үндістанның бір бөлігі осы мемлекетке қосып алынды.

Парфияда билік Митридат I-дің қолына өтісімен Бақтрияға қарсы әскери қысым жасауды күшейтті. Грек-Бақтрия мемлекеті үздіксіз соғыс жүргізуге мәжбүр болғандықтан, ол әлсіреп қалды. Мұны пайдаланған көшпелі *юэжи* тайпалары **біздің заманымыздан бұрынғы 140–130 жылдарда** Грек-Бақтрия мемлекетін басып алды.

Есіңде сақта!

Грек-Бақтрия мемлекетінің билеушілері:
Диодот, Евтидем, Деметрий.

Өз біліміңді сынап көр!

Диодот — ... Митридат I — ...
Евтидем — ... Деметрий — ...

**Мәдениеттің
өркендеуі**

Грек-Бақтрия мемлекеті 120 жыл өмір сүрді. Сол дәуір ішінде оның экономикасы мен мәдениеті өрледі. Қолөнершілік пен сауда дамыды, көптеген қалалар бой көтерді. Бақтрия, Соғдияна мен Марғияна қолөнершілері жасаған бұйымдар бірнеше көрші қалалар мен мемлекеттерге де таралды.

Грек-Бақтрия мемлекетінде теңгелерге патшаның суреті соғылған. Дажла өзені бойында – Салавқиядан Бақтрияға дейін керуен жолы құрылып аяқталған соң, әлемдегі көптеген мемлекеттермен халықаралық сауда және мәдени байланыстар дамыды. Бақтрия арқылы Қытайдан Үндістанға баратын керуен жолы, сондай-ақ, ұлы Жібек жолының оңтүстік тармақтары өтті.



Грек-Бақтрия мемлекетінің теңгелері

Көмекші конспект

- б.з.б. 323 жыл — македониялық Александрдың қаза болуы
- патшалық
 - Македония
 - Египет
 - Сирия
- б.з.б. 312 жыл → Салавка — Салавкилер мемлекетінің негізін салушы
- б.з.б. 280 жыл → Антиох — Салавкилер мемлекетінің патшасы
- антикалық дәуірі

- эллилендіру → Ежелгі Грекия мен Шығыс мәдениетінің араласуы
- б.з.б. III ғасырдың орталары — Грек-Бақтрия мемлекетінің құрылуы
 - Диодот → Евтидем → Деметрий
- 140 – 130 ж.ж. — Грек-Бақтрияның юэжилер (кушандар) тарапынан басып алынуы

Есіңде сақта!

Б.з.б. 140–130 жылдарда Грек-Бақтрия мемлекетін юэжи тайпалары жаулап алды.


Есіңде сақта!

Бақтрия, Мароқант, Антиох Марғиянасы (Мерв) және Терміз Салавкилер мемлекетінің ең ірі қалалары болып саналады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Македониялық Александр империясы қандай тәуелсіз мемлекеттерге бөлініп кетті?
2. Салавка мен Антиох туралы нелерді білесің?
3. Парфия мен Бақтрия қашан Салавкилер мемлекетінен тәуелсіз болды?
4. Грек-Бақтрия патшалығы қашан пайда болды?
5. Грек-Бақтрия мемлекетінің тарихында көшпелі юэжилердің алатын орны қандай?
6. «Эллинлендіру» реформасының мағынасын түсіндір.
7. Контурлы картада Салавкилер мемлекеті мен Грек-Бақтрия патшалығы аумақтарының шекарасын белгіле.

41-§. Ежелгі Хорезм, Қаңға және Даван мемлекеті



Қойқырылғанқамал.
Тіктелген



Ежелгі хорезмдіктердің бет әлпеті

Ежелгі Хорезм Б.з.б. IV ғасырда Хорезм Ахамилер мемлекетінен дербес мемлекетке айналды.

Македониялық Александр мен Салавкилер патшалығы дәуірінде де Хорезм мемлекеті тәуелсіз болатын. Бұл өлкенің халқы негізінен егіншілікпен шұғылданған.

Хорезмде қала құрудың басталуы б.з.б. VII ғасырға барып тіреледі. (Көзеліқыр қаласының қалдықтары). Б.з.б. V–IV ғасырларда бұл жерде жергілікті патшаның резиденциясы болған үлкен қорған құрылған (*Қамалықыр* қаласының қалдықтары).

Б.з.б. III–II ғасырларда Хорезмде көне қала — Жамбасқала болған. *Қойқырылғанқамалдың* қалдықтары астынан дөңгелек тәрізді құрылған берік ғибадатхананың қалдықтары табылған.

Б.з.б. II—III ғасырларда Топыраққамал қаласында бұдан да үлкен әрі берік құрылыс істері жүзеге асырылған еді. Қала құдіретті қорғаныс қабырғалармен қоршалып, қабырғаның бұрыштарында саңылаулар құрылған. Орталықтан өткен көше қаланы екі бөлікке бөлген, ал одан жанжаққа көшелер таралған, махаллалар бір-бірінен

ажыралып тұрған. Орталық алаңда нық берік сарай мен ғибадатханалар орналасқан.

Зәулім сарайдың қабырғалары суреттермен безендірілген, патшалардың, әскерлердің, әншілердің, аңдар мен құстардың суреттері сызылған. Залдардың бірінде қабырға жанындағы биіктікте малдас құрып отырған 20-дан көп қыш мүсіншелер орнатылған.

Әсіресе, Хорезмде қолөнер өндірісі жоғары деңгейде дамыды. Құмырашылық, темір, мыс құрал-аспаптары, зергерлік бұйымдарға сұраныс көп болған. Хорезм халқы Соғдияна, Марғияна, Бақтрия және шөл көшпенділерімен тығыз сауда қатынастарын орнатқан. Бұл өлкеден маңызды керуен жолдары өткен. Б.з.б. I ғасырда және б.з. бастапқы ғасырларында Хорезмде күміс пен мыс теңгелер соғылған.

Хорезмнің аумағынан Орта Азия бойынша ең көне жазулар табылған. Бұлар Айбайырқамал (б.з.б. V–IV ғасырлар) жәдігерліктері — құмыраның сыртына ойылған жазу мен Қойқырылғанқамалдан (б.з.б. IV–III ғасырлар) табылған көне жергілікті жазулар.

Б.з.б. I ғасырда Хорезмде жасалған жергілікті календарьды хорезмдіктер VIII ғасырға дейін пайдаланған.

Қаңға мемлекеті Қытай деректеріне қарағанда, бұл Қаңлы мемлекеті *Қаңғұй* деп аталғаны белгілі. **Б.з.б. III ғасырда** сақтар оның негізін салған. Ежелгі дүниетанушылардың анықтауынша, Ташкент облысының Аққорған ауданындағы Қаңха қаласының қалдықтары сақтардың сол кездегі астанасы Қаңдез болған, оған б.з.б. III ғасырда негіз салынған. Қытай тарихшылары бұл қаланы *Битиян* деп атаған.

Қаңға мемлекетінің негізгі қалалары Сырдария жағалауларын бойлай орналасқан болатын.



Қорғаныс қабырғаларының қалдықтары. Хорезм

Есіңде сақта!


Хорезмде қалалар құру б.з.б. VII ғасырда басталды.




Ежелгі хорезмдік әскер

Есінде сақта!

Қаңға (Қаңғұй)
— қазіргі Ташкент өңірі, Шымкент облысы мен Сырдария бассейнінің жерлерін алып жатқан ежелгі мемлекеттің бірлестігі.



Қамал
қалдықтары.
Хорезм



Аттың мүсіні

Б.з.б. II ғасырдың соңында Қаңға тайпалардың ең құдіретті мемлекетінің бірлестігіне айналады. Оның патшалары тіпті өз атынан теңге соқтырады. Қаңға мемлекетінде үлкен үй-жайлар, қорғандар, қала ғибадатханалары, сауда және қолөнершілік орындары құрылады.

Мемлекет орталықтарының бірі Ташкент өңірі болатын. Нақ осы аумақта отырықшы егіншілік пен сауда-қолөнершілік мәдениеті өркен жайды.

Мемлекет аумағынан Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағының өткендігі оның экономикасының гүлдеп-өркендеуіне ықпал етті. Бірақ дәл осы жағдай Қытаймен соғыстың тууына себеп болды. Бұл соғыстарда қаңғарлар (Қаңға мемлекетінің халқы солай аталған) көбіне жеңіп шығатын.

Б.з.б. III ғасырға таман Қаңға мемлекеті бөлшектеніп кетті.

Даван мемлекеті Мемлекетіміз тарихы бойынша әлі сыры ашылмаған мәселелер едәуір көп. Даван тарихында (Қытай деректерінде бұл өлке солай аталған, басқа деректерде Паркана делінеді) тарихшылар үшін маңызды жайттар: оның құрылған және күйреуге ұшыраған жылдары анықталмаған. Бұл мемлекет шамамен **заманымыздан бұрынғы III ғасырдан б.з.б. II ғасырға** дейін өмір сүрген.

Даван мемлекетінің тарихы туралы толық мәлімет Қытай жылнамаларында ұшырайды, олар заманымыздың I–II ғасырларына тиісті. Қытай тарихшысының жазуынша, бұл мемлекеттің халқы 70-тен астам қалаларда жасаған. Мысалы, Даванда болған қытайлық саяхатшы Чжан Сян былай деп жазады: *«Даван өлкесінде 70-ке жуық ірілі-ұсақты қалалар бар; халқының саны бірнеше жүз мыңға жетеді. Садақ-жебелермен, найзалармен қаруланған. Халқы аттың құлағында*

ойнайтын, құралайды көзге атқан мерген». Басқа бір қытай жылнамасында: «Анси (Иран) қалалары Давандағыға ұқсап кетеді», деп жазылған.

Қытай тарихшыларының мәліметіне қарағанда, Даван мемлекетінің аумақтары Ташкентке дейін созылған: *«Хан әулетінің заманында Ши (Ташкент) меншіктері Даван мемлекетінің солтүстік аудандарын құрайтын және солтүстікте Қаңғ мемлекетіне дейінгі, ал оңтүстікте юэжилер мемлекетіне дейінгі жерлерді алып жатқан»*

Қытай патшалары осы мемлекетті неше рет жаулап алмақ болды, бірақ олардың еңбегі зая кетті. Әскери жорықтардың бірінде олар Даван мемлекетінің астанасы Ершиді бағындырды, алайда халқының қысым көрсетуі нәтижесінде алым төлеу есебіне оны тастап шығып кетуге мәжбүр болды.

Даван мемлекеті Қытай мен Еуропаның басқа мемлекеттерімен жасалған халықаралық сауда да маңызды орын иелеген. Қытай патшаларын көбінесе Ферғананың асыл тұқымды аттары қызықтыратын. Тіпті олар аттардың асыл бір тұқымына «Ғарыш аттары» деп ат қойған. Бұл аттар ұшқыр әрі өте сұлу болған.

Ежелгі дүниетанушылар тапқан деректер Қытай жылнамаларындағы мәліметтерді дәлелдеді: заманымыздан бұрынғы II—I ғасырларда Ферғана жоғары деңгейде дамыған, халқы көп, жақсы қаруланған және әбден машықтанған қарулы күштері бар мемлекет болған.

Ферғана мемлекетінің Шорабашат, Үшқорған қалалары секілді және басқа қалалардың да халықтары жерді өндеуде, салы мен бидай өндіруде, бақташылық пен жүзім өндіруде үлкен жетістіктерге қол жеткізген.

Ғалымдардың анықтауынша, заманымыздың II ғасырында Ферғана мемлекеті құлады.

Есіңде сақта!

Даван (Қытай деректерінде бұл өлке осылай аталған) басқа деректерде Паркана деп аталған. Мемлекеттің астанасы — Ерши (Ериш). Үшқорған халқы егіншілікпен шұғылданған.



Соғыс алаңы


Есіңде сақта!

Б.з.б. II ғасырда Даванды көшпенді тайпалар басып алған.

Көмекші конспект



«Ғарыш аттары»



Ежелгі Хорезм
(б.з.б. IV – 3.б. III)

- суару тармақтары
- қолөнер мен сауда
- қалалар мен қамалдар
- құрылыстың жоғары деңгейі
- мүсіншілік пен қабырғаға сурет салу
- көне хорезм жазуы
- Жанбасқамал, Қойқырылғанқамал, Топыраққамал

Қаңға мемлекеті
(б.з.б. III –
б.з. III ғ.)

- Қаңғой (Қанха)
- Қаңғарлар
- Канка – Қаңдез (Битиян)
- Қытаймен шайқастар
- Көшпенді және отырықшы халық

Даван – Ферғана
мемлекеті (б.з.б.
III – б.з. II ғ.)

- Паркана
- 70 қала
- Қытаймен соғыстар
- Ерши – астана
- «Ғарыш аттар»
- Үшқорған, Шорабашат
- Көшпенділердің басқыншылықтары

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Хорезм қайсы ғасырда Ахаманилер мемлекетінен тәуелсіз болды?
2. Хорезм қолөнершілігін суреттеп бер.
3. Ежелгі Хорезм қалалары туралы не білесің?
4. Хорезмнің өзіне тән мәдениеті туралы әңгімелеп бер.
5. Қаңға мемлекеті түрлі деректерде қалай аталған?
6. Бұл мемлекет қашан пайда болды және қашанға дейін өмір сүрген?
7. Контурлы картада Қаңға мемлекетінің аумақтарын белгіле.
8. Неліктен Қаңға мемлекеті құлады?
9. Даванның мемлекеттік бірлестігі туралы не білесің?
10. Даван мемлекетінің егіншілікпен шұғылданған қандай өңірлерін білесің?
11. Контурлы картада Ферғана мемлекетінің болжалды аумағын белгіле.

42-43-§§. Кушан патшалығы

Кушан мемлекетінің пайда болуы Б.з.б. 140 – 130 жылдарда көшпенді *юэжи* тайпалары Грек-Бақтрия мемлекетінің аумағына бастырып кірді. Юэжилер Бақтрия жерлеріне көшіп келіп, ірге тепті. Б.з.б. I ғасырда Гюшуан (Кушан) отбасының бастығы барлық юэжи тайпаларын өз қоластына біріктіріп, Кушан мемлекетін құрды. Кушан мемлекетін юэжи тайпалары құрған.

Біріккен юэжи тайпасының бірінші патшасы *Кудзула Кадфиз* болды.



Кушан патшалығы

Кудзула Кадфиз үстемдігі кезеңінде Ауғанстан мен Кашмир Кушан мемлекетіне қосып алынған. Оның мұрагері *Вима Кадфиз* үстемдігі дәуірінде Кушан мемлекетінің аумағы одан ары кеңейді. Патша Канишка үстемдігі заманында астана Бақтриядан Пешоварға көшіріледі, ал Кушан мемлекеті үлкен салтанатқа айналады. Оның аумағы Үндістан мен Хотаннан Өзбекстанның оңтүстік облыстары мен Ауғанстанға дейінгі аумақтарды алып жататын. Рим, Парфия, Қытай мемлекеттері секілді Кушан мемлекетіне



Б.з.б. II-I ғасырлардағы құмыра




Жасөспірімнің бейнесі. Қобырғаға салынған сурет



Кушан патшасы

Есіңде сақта!

Кушан мемлекетіне б.з. I ғасырында Кудзула Кафиз негіз салған.



Кушан мемлекетінің теңгелері



Музыка ойнап отырған әйелдің мүсіні

ті де үлкен патшалықтың біріне айналған. Біздің заманымыздың III ғасырында үздіксіз соғыстардың салдарынан Кушан мемлекеті күйреуге ұшырады.

Өз біліміңді сынап көр!

Кудзула Кафиз — ...

Канишка — ...

Вима Кафиз — ...

Шаруашылықтың дамуы

Вима Кафиз үстемдігі дәуірінде Кушан патшалығында патшаның аты жазылған теңге соғыла бастады. Вима Кафиз ақша реформасын өткізді, соғылған теңгелердің құны өсті. Теңгелер алтыннан, күміс пен мыстан соғылды.

Б.з I–II ғасырларда *Канишка* билігі дәуірінде (б.з. 78—123 жылдары) Кушан патшалығы өз өркендеуінің шыңына жетті. Жаңадан жаңа қалалар бой көтерді, Үндістанмен, Қытай және Рим империясымен саудасаттық, елшілік қатынастары орнатылды.

Қолөнер де жоғары деңгейде дамыған. Кушан мемлекетінің жәдігерлері саналатын *Халшаянды*, *Далварзинтөбені*, *Айрытамды*, *Зартөбені*, *Қаратөбені* және басқаларды зерттеу барысында анықталған айғақты заттар да мұны дәлелдейді.

Кушан мемлекеті экономикасының негізін суармалы егіншілік, сауда және қолөнершілік құраған.

Кушан мемлекеті дәуірінде су диірменін, шығырлықты кең пайдаланған, жерді игеру құралдары қалыптасқан.

Кушан мемлекетіндегі жазу

Кушан мемлекетінде жасаған халықтардың өзара мәдени және сауда байланыстары арқылы Орта Азияда көне арамей жазуы кең таралды. Бұл жазу Батыс Азияда пайда болып, әліппені меңгеру едәуір оңай болған.

Ежелгі Терміз жәдігерліктерін зерттеу барысында арамей жазуы негізінде кушан-бақтрия әліппесіндегі жазу үлгілері табылған.

Кушан мемлекетінде тағы бір түрдегі жазу— кушан жазуы болған, мұнда әріптер үшбұрышты, төртбұрышты және шеңбер түрінде кескінделген.

Кушан патшалығында жазу ертеден-ақ болғанын *Сурхкотал* (Ауғанстандағы Құндыз маңында) жәдігерлігінде табылған грек әліппесіндегі кушан жазулары да айғақтайды.

Әмударияның төменгі сағасында, Зарафшан мен Қашқадария өңірлерінде арамей әліппесі бойынша хорезм және соғды жазулары да кең таралған еді.

Табылған түрлі көріністегі жазулар Кушан патшалығының әлемдегі көптеген мемлекеттермен тығыз байланыс жасағанын дәлелдейді.

Діни сенім Кушан мемлекеті құрыла бастағанда Бақтрияның, Соғдияна халқының көп бөлігі зардуштилік дінінде болатын. Канишка үстемдігі дәуірінде Үндістанның бір бөлігі қосып алынып, жақыннан қарым-қатынас орнатылған соң, Кушан мемлекетіне кіріп келе бастаған буддизм зардуштилікпен қатар б.з. VIII ғасырына дейін Орта Азияда кең тарады.

Көне Термізде, Айрытам мен Далварзинтөбеде көрікті буддизм ғибадатханалары болған. Нақ осы жерден буддизм бүкіл Орта Азияға кең тарала бастады.

Сәулет өнері мен өнер Кушан дәуірінде Өзбекстан аумағында үй құру және сәулет өнері жоғары деңгейде дамыды. Далварзин мен көне Терміз тәрізді қалашықтар шикі қыштан құрылған берік қорғаныс қабырғаларымен қоршалған еді. Ал қорғаныс қабырғаларының артында патшаның резиденциясы орналасқан.



Шығырық — су шығаратын аспап



Әйелдің бас құрылысының мүсіні I-II ғ.

Есіңде сақта!


Халшаян, Далварзинтөбе, Айрытам, Зартөбе, Қаратөбе Кушан дәуіріне жататын мәдени жәдігерліктері саналады.



Кушан ханзадасының мүсіні

Есінде сақта!

Шығырық — су шығаратын аспап.



Будда басының мүсіні

Қалалар қолөнершілер махаллаларына және елді мекен массивтеріне бөлінген еді.

Сарайлар мен ғибадатханалар құрылысына баса назар аударылған. Халшаяндағы (Сұрхан өңірі) Кушан патша сарайы, Көне Терміз (Қаратөбе, Фаязтөбе) буддизм ғибадатханаларында, Далварзинтөбедегі буддизм ғибадатханаларында сол дәуірдің қабырға суреттері, сондай-ақ Топырақкамал мен Жерқорғаннан мүсіншіліктің озық көркем үлгілері табылған. Бұлар ханзадалар мен сарай өкілдері, жауынгерлер суреті, Будда мүсіні, сонымен бірге уд ойнап тұрған музыканттар бейнеленген әйгілі Айрытамдағы бейнелер болып табылады.

Темір және сүйек ұсташылығы ілгеріледі. Далварзинтөбеде піл сүйегінен жасалған шахмат даналары табылды. Кушан өнерінде жергілікті салт-дәстүрлер, Ежелгі Шығыс және Ежелгі Грекия эллин өнері тәсілдері құлаш жайып дами түскен.

Көмекші конспект

- б.з.б 140 -130 ж.ж. – юэжилер басқыншылығы.
- юэжилер — кушандар
- Бактрияға орналасу
- Далварзинтөбе, Айрытам, Халшаян
- Кудзила Кадфиз
- Вима Кадфиз
- Канишка
- Кушан жазулары
- Зардуштилік, буддизм

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Юэжилер Бақтрияға қашан бастырып кірді?
2. Канишка дәуірінде Кушан патшалығында қандай өзгерістер болды?
3. Қайсы патшаның заманында патшаның аты жазылған теңгелер соғыла бастады?
4. Кушан мемлекетінде қолөнердің қайсы түрлері өркендеді?
5. Кушан патшалығында қайсы діндер таралған болатын?

44-§. Ұлы Жібек жолы

Пайда болуы және салалары

Б.з. XVI ғасырға дейін Шығыс пен Батыс халықтары ортасындағы тарихи-мәдени және сауда қатынастарының дамуында ежелгі дүниеде әйгілі болған Ұлы Жібек жолы ерекше орын иелеген. Бұл жол заманымыздан бұрынғы II ғасырда пайда болған, «Ұлы меридианалды жол» деп аталған. Бұл жолға «Жібек жолы» деген атты 1877 жылы неміс географы Ф. Рихтгофен қойған.

Ұлы Жібек жолы пайда болмай тұрып, Орта Азия мен Ежелгі Шығыстың аумағында сауда және мәдени айырбастау жасау үшін сан алуан жолдар бар болатын.

Ең көне жолдардың бірі заманымыздан бұрынғы III—II мыңжылдықта пайда болған «Ақық жолы» саналады. Ол Памир тауларынан басталып, Иран мен Алдыңғы Азия, сондай-ақ Египет арқылы өткен. Памирден қазып алынатын жартылай құнды ақықтасы Ежелгі Шығыс мемлекеттерінің зергерлері тарапынан жоғары бағаланған. Бадахшан ақығы істетілген бұйымдар Египет перғауындарының кесенелерінен табылған.

Басқа бірі керуен жолы Иран Ахаманилері әулетінің жолы болып, ол «Патша жолы» деп аталған. Ол б.з.б. VI—IV ғасырларда, Жерорта теңізі бойындағы Эфес, Сард қалаларын Иран астаналарының бірі Сузамен байланыстырып тұрған. Тағы бір жол Иран, Бақтрия арқылы Соғдияна, Ташкент өңірі мен Қазақстан аумағынан өткен де, Алтайға дейін барған.

Ұлы Жібек жолының ұзындығы 12 мың километрге дейін жеткен. Ол Сары теңіз жағалауынан басталып, Шығыс Түркістан, Орта Азия, Иран, Месопотамия арқылы Жерорта теңізінің жағалауына



Домбырашы.
Айрытам жәдігерліктерінен үлгі



Шабандоз
түйеде

Есіңде сақта!


Ұлы Жібек жолы Сары теңіз жағалауынан Жерорта теңізі жағалауына созылған. Бұл жол 12 мың км қашықтыққа дейін жетеді.

Есінде сақта!

Бұл жол заманымыздан бұрынғы II ғасырда пайда болған, «Ұлы меридианалды жол» деп аталған. Бұл жолға «Жібек жолы» деген атты 1877 жылы неміс географы Ф. Рихтгофен қойған.



Піл сүйегінен жасалған шахмат даналары



Тыш ыдыстар

дейін барған. Бұл жолда *Сиан, Дунхуан, Жаркент, Самарқант, Бұхара, Терміз, Мерв* және басқа бірнеше көне қалалар орналасқан болатын.

Соғдиянадан Қытайға жүн мата, кілем, әшекей бұйымдары мен қымбат бағалы тастар апарылған; Бақтриядан түйелер, Ферғанадан асыл тұқымды аттар, Бадахшаннан ақиқ; Үндістаннан Орта Азияға жіп-маталар және мақта шиті тиелген түйелер келген; Қытайдан күріш әкелінген; Орта Азиядан Қытайға жүзім, жаңғақ, анар және басқа егіншілік өнімдері тасымалданған.

Өз біліміңді сынап көр!

Ф. Рихтгофен — ... «Патша жолы» — ...
«Ақиқ жолы» — ... «Ұлы Жібек жолы» — ...

Ұлы Жібек жолын Чжан Сьян сипаттайды

Б.з.б. 138 жылы Қытай императоры У-Ду елші Чжан Сьянды көшпенді хунн тайпаларына қарсы күресте одақтас және серіктес табуға жөнелтеді. Хунндар Қытайдың солтүстік аудандарын талан-тараж ететін. Елші хунндардың қолына тұтқынға түсіп қалады да, он жылға дейін қамауда жатады. Ол тұтқындықтан қашып, Орталық Тянь-Шань асулары арқылы Ыстықкөлге шығады. Нарын көлі бойымен Ферғана аңғарына келеді. Бұл жерде аңғардағы қалаларды көреді. Бұл қалалар Ферғана патшалығына қарайтынын біліп алады. Әрине, елші Қытайдың хунндарға қарсы күресінде Ферғана патшасынан көмек сұрамақшы болғаны табиғи нәрсе. Бірақ Ферғана патшасы тек сауда байланыстарын орнату ықыласын білдіреді. Чжан Сьян оңтүстікке қарай саяхатын жалғастырады. Алай аңғарынан өтіп, тағы хунндардың қолына түседі. Бір жылдан кейін еліне оралады. Елші Қытай императорына көрген-білгендерін әңгімелеп береді. Ол Қытайға Ферғана атын және

жоңышқа ұрығын апарған еді. Бұл атты қытайлықтар «ғарыштық» деп атаған. Император У-Ду өз сарайының төңірегіне жоңышқа еккізеді. Кейінірек ол Қытайдың түгел солтүстігінде егілетін болды. Қытайлықтар анар, жүзім, қияр және жаңғақ егуді үйреніп алады.


Сөйтіп, Чжан Сьян жүрген жолмен б.з.б. II–I ғасырларда Қытайды Орталық және Батыс Азиямен байланыстыратын әлемдік маңызға ие Ұлы Жібек жолы деп аталатын аңғарында Жібек жолы екі тармаққа бөлінген. Біріншісі *Өзгеннен Ахси* қаласы, Қамшық асуы арқылы (жазда) Илақ өңірі мен Ташкентке келген. Екіншісі оңтүстік тармақ – Өзгеннен Ош, Қува, Марғылан, Қоқан арқылы Хожендке, Самарқантқа, Бұхараға өткен.

Ұлы Жібек жолының маңызы – Негізгі керуен жолдарынан тыс ішкі сауда жолдары да болған. Бірі Ахсиден Косон арқылы Чуст өңіріне өткен. Екіншісі Поп, Заркент арқылы кеншілердің мекендеріне, жайлауларына барған. Құрама және Алай тауларының қазба байлықтары және Зарафшан өзенінің байлықтары нәтижесінде осы жол тармағын «Алтын жол» деп атаған.

Археологтар сиыну ережелерімен байланысты жез сымға орнатылған қымбат бағалы тастар қадалған құс қалыбын тапты.

Орталық Азия күмісіне тапшы мемлекеттерге баратын «Күміс жол» да болған. Бұл жол Хазар қағандығы мен Бұлғар мемлекеті арқылы Киев Русіне және Еуропа мемлекеттеріне апарған. Ол Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы саналып, VI ғасырдан бастап іске түскен.

Ұлы Жібек жолының тарихы Шығыс пен Батыс халықтарының арасындағы кең көлемдегі мәдени байланыстардың және айырбастаудың тарихы болып табылады. Бұл тарих өзара ынтымақтастық, алмасу және мәдениеттердің баю тарихы,



Ұлы Жібек жолымен

Есіңде сақта!

Чжан Сьян жүрген жол Ұлы Жібек жолына негіз салған.



Шөлдегі құм төбелер



Есіңде сақта!

Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батыс мемлекеттеріндегі халықтардың арасында мәдени байланыстардың дамуына ықпал етті.

бейбітшілік пен дамудың негізі болған. Өзбекстан аумағы бұл жолдың қиылысуында жатыр.

Орталық Азия халықтары Ұлы Жібек жолы арқылы Шығыс және Батыс елдерінің экономикасымен, мәдениетімен танысқан. Ал Батыс мемлекеттерінің халықтарына жоғары деңгейде өркендеген Орталық Азия мәдениеті үлкен жаңалық болып көрінді. Орта Азия халқы Қытай шәйісін қадірлесе, Қытайда Соғдияна кілемдеріне, жүн маталарына, қолөнер бұйымдарына деген талап күшті болды.

Көмекші конспект



Жібек талшығының құрты

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әлемнің көптеген мемлекеттерін байланыстырып тұратын керуен жолдарының тармағын ең бірінші кім «Жібек жолы» деп атады?
2. Ұлы Жібек жолының ұзындығы қанша?
3. Өзбекстанның қайсы қалалары Ұлы Жібек жолында орналасқан?
4. Контурлы картада Ұлы Жібек жолының Өзбекстан аумағындағы тармақтарын белгіле.
5. Көпестер Ұлы Жібек жолы бойымен қайсы мемлекеттерден қандай бұйымдар әкелген?
6. Ұлы Жібек жолының әлем мемлекеттеріндегі, әсіресе Орта Азия тарихындағы маңызы қандай?



V БӨЛІМ ЕЖЕЛГІ РИМ


45-§. Италия және оның халқы

Аумағы мен табиғи жағдайы

Апеннин түбегінде климат жылы болып, жыл бойы жаңбыр да бір сарынмен жауатын. Италияда қуаңшылық та, қатты суық та болмайтын. Азық өнімдерінің молшылығы, топырақтың құнарлығы нәтижесінде сан ғасырлар бойы Ежелгі Италия халқының негізгі кәсібі егіншілік пен мал шаруашылығы болған. Ежелгі замандардан бастап Апеннин түбегінде түрлі тайпалар өмір сүрді. Лигурлар Италияның көне тайпалары болады, олар мал шаруашылығымен шұғылданған.

Ал «Италия» деген сөз грекшеден аударғанда «бұзаулар өлкесі» деген мағынаны білдіреді. Б.з.б. VIII-VI ғасырларда Италия жағалауларында Колония құрған гректер осы мемлекетте сиырларды жаю үшін сұлу жайлауларды бірінші болып тапқан болатын.


Апеннин түбегінің ең ірі ағын суының қайнар көзі По өзені болып табылады. Апеннин түбегінің барлық тайпалары *италилер* деп аталған. Олардың арасында *латындар*, *сабиннидер* мен *сабинлер* көпшілікті құраған. Олар б.з.б. I мыңжылдықтың басында Италияның түрлі аудандарында орналасқан.



Римдіктердің
ежелгі
мекен-жайы



Ежелгі Италия



Ежелгі Рим халқы. Помпейдегі қабырғаға салынған сурет

Есіңде сақта!

Аңыздарға қарағанда, Римге б.з.б. 753 жылы негіз салынған.



Рем мен Ромулды емізген Ана қасқырдың мүсіні

Италияның солтүстік-батыс бөлігін *этрусктер* мекендеді. Олар негізінен егіншілікпен шұғылданған. *Б.з.б. VIII ғасырға қарай* олар Италияда 12 қала-мемлекет тұрғызады. *Б.з.б. VII ғасырда* олар Шығыс елдерімен еркін сауда жасау үшін грек колонияларымен соғыса бастады. Африканың солтүстік жағасындағы Финикия колониясы мен Карфаген мемлекеті де оларға қосылды. Ең әуелі карфагендер мен этрусктер жеңіп шықты, бірақ көп өтпей грек қосындары оларды құрлықта және теңізде тас-талқан етеді. Сонымен Италия аумағында өмір сүрген этруск өркениеті күйреді, Этрусктер мәдениеті Рим мәдениетінің дамуына өте үлкен ықпал жасаған.

Өз біліміңді сынап көр!

«Италияның» мағынасы — ...

Италилер — ...

Этрусктер — ...

Римнің құрылуы

Рим қаласы Тибр өзені бойындағы шағын бір егіншілікпен шұғылданатын мекен-орындардан басталған. Тибрді бойлай ірге тепкен мекен-жайлар бірігіп, үлкен қалаға айналды. Рим жеті төбешікте орналасқан. Жаңбыр жауып, Тибр тасыған кездерде төбешіктердің ортасындағы алап адам өте алмайтын батпаққа айналатын. Бірақ қала әскери көзқарас тұрғыдан өте қолайлы орналасқан болатын. Өзен мен батпақ латындарды көрші тайпалардың шабуылынан қорғап тұрған.

Аңыздарға қарағанда, **б.з.б. 753 жылы** Рим қаласына ағалы-інілі Рем мен Ромул негіз салған көрінеді. Олар туылған соң аға-ініні Тибр өзені бойында өлсін деп тастап кетеді. Оларды өзен жағасында Ана қасқыр тауып алады, бір шопан келіп алып кетпегенше екеуін емізіп, бағады. Олар

өсіп-ұлғайған соң Тибр бойында қала тұрғызуға бел байлайды. Бірақ аға-іні ұрсып қалады да Ромул інісін өлтіріп қояды, ал қалаға өзінің атын қояды. Қазіргі таңда да, аңызда айтылғандай, егіздерді емізген Ана қасқыр Римнің рәмізі саналады.

Заманымыздан бұрынғы VI ғасырда Рим халқы өте үлкен бір қалаға айналады. Ал *Капитолий* төбешігінде жаудан қорғану үшін бекініс қамал құрылады.

Ежелгі Римдегі басқару ісі


Римдіктер әуелі өз патшаларын сайлады. Патшалар әрі әскери бастық, әрі судья, әрі дінбасы болған. **Б.з.б. 509 жылға** дейін осылай болып келген, бүркеншік аты *Тәкаппар Тарквини* деген адам сайлап қойылған патшаны өлтіріп үкіметті иелеп алады. Тарквини қаладан қуып шығарылады. Қала халқы бүкіл үкіметті бір адамның басқаруына жол бермейтін басқару формасына өтуге шешім қабылдайды. Патша үкіметінің құлауы Рим республикасына негіз қалады.

Көмекші конспект

- Аппенин түбегі
- Италия — «бұзаулар мемлекеті»
- латындар, сабиндер, сабинилер, этрусктер
- б.з.б. VIII ғасыр — 12 қала-мемлекет одағы
- б.з.б. 753 жыл — Тибр өзені бойында Римнің құрылуы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Картадан Италия аумағын көрсет және оның географиялық ерекшеліктерін айтып бер.
2. Италия халқы қалай аталған?
3. «Италия» сөзі қалайша пайда болған? Бұл сөздің мағынасы не?
4. Неліктен Ана қасқыр Римнің рәмізі саналады?
5. Ежелгі Римде басқару қалай жүзеге асырылған?



Тарквинидің қаладан қуылуы

Есіңде сақта!

Тәкаппар Тарквини қуылған соң **б.з.б. 509 жылы** Рим Республика деп жарияланды.



Рим храмы
Тіктелген

46-§. Рим республикасы

Есіңде сақта!

Латыншадан аударғанда «сенат» сөзі «ақсақалдар кеңесі» деген мағынаны білдіреді. Сенатордың әулеттері **патрицилер**, ал қарапайым халық **плебейлер** деп аталды.



Есіңде сақта!

Б.з.б. VI ғасырдың соңынан бастап Рим мемлекеті республика деп атала бастады.

Республиканы басқару

Рим патшалары маңызды мәселелерді талқылау үшін Халық жиынын шақыратын еді. Халық жиыны соғыс жариялайтын, келісім жасайтын, заңдарды қабылдайтын және оны жоятын, маңызды мансапты тұлғаларды сайлайтын. Бұл мәжілістің қаулысын *Сенат* бекітетін, «сенат» сөзі латыншадан аударғанда «ақсақалдар кеңесі» деген мағынаны білдіреді. Сенаторлардың ұрпақтары *патрициялар*, ал Римнің қарапайым халқы *плебейлер* деп аталған. Рим басқаруында тек патрициялар ғана қатыса алатын еді. Б.з.б VI ғасырдың соңында Рим мемлекеті республика деп айтыла бастады.

«Республика» сөзі италияншадан аударылғанда, «халық ісі, жалпы іс» деген мағыналарды аңғартады («рес» — іс; «публика» — халық). Халық жиналысы екі адамды бір жыл мерзімге әкім етіп сайлады. Олар консулдар деп аталды.


Мемлекетке қызмет еткеніне ақы төленбегендіктен кедей адам консул бола алмайтын. Сайлауларды ұйымдастыруға көп ақша қажет болатын. Бай құлиеленушілер түрлі жолдармен сайлаушыларды өздерінің жағына аударып алатын, мысалы, тегін түскі тамақ ұйымдастырып, сый-сияпат таратар және осыған ұқсас істерді жүзеге асыратын еді.

Сайлау күні консулдыққа үміткер бай-бақуат құлиеленушілер «кандида» деп аталатын ақ жұқа жібек матадан киім киіп алған. Қазіргі «кандидат» (үміткер), яғни қайсыбір лауазымды иелеуге ұмтылған тұлға мағынасын білдіретін сөз де «кандидан» келіп шыққан. Ақ түс үміткердің ойданы да оның киіміндей таза әрі пәк екенін білдіріп тұратын болған.

Өз біліміңді сынап көр!

Сенат — ... **Плебейлер — ...**
Патрицилер — ... **Республика — ...**

Сенат мемлекетте үлкен билікке ие болды. Бірде бір заң Сенатта талқыланбай жатып Халық мәжілісі тарапынан қабылданбайтын. Ең мансапты тұлғалар — консулдар мемлекетті тікелей басқарған. Егер ерте замандарда ең тәжірибелі әрі құрметті адамдар Сенатта орын алған болса, уақыт өтісімен консулдар ешқандай сайлаусыз Сенатта орын иелейтін және оның мәңгі лауазымына — *сенаторға* айналатын беделге қол жеткізген. Соғыс басталған жағдайда немесе халық көтерілісі болғанда *диктатор* мен оның орынбасары — атты қосындар бастығы тағайындалған. Диктатор шексіз билікке ие болған. Бірақ ол үкімет басында алты айдан көп тұрмайтын.



Консул

Есіңде сақта!
Сенат құрамына 300 адам енді. Ешбір заң Сенатта талқыланбай жатып, Халық жиналысы тарапынан қабылданбайтын еді.



Әрбір консулды 12 адамнан тұратын құрметті қарауыл — *ликторлар* қорықтап жүрді.

Ликторлар қылмыскерлерді жазалауы мүмкін сияқты белгі ретінде иықтарына ортасына балта шаншылған, иілген жіңішке арқандардан бау тағып жүретін болған.

Консулдар екеу болған, олар маңызды мәселелерді шешкенде бір-бірімен кеңесіп алулары тиіс еді. Консулдар жыл бойы Рим республикасын басқарып, римдіктерді соттайтын. Ал әскери кезеңдерде олар қосындарға қолбасшы болған. Олар әр жылы Халық мәжілісіне есеп беріп отырған.



Плебейлер көтерілісі

Рим республикасында *халық трибуны* лауазымы да бекітілген болатын. Халық трибундары кедей римдіктердің мүдделерін айқындайтын. Олар жиналыста барлық азаматтардың тең әрі жасырын дауыстарымен сайланған. Халық трибуны «*вето*» (тыйым салынбаған) сөзін айта алған, мұндай жағдайда заң қабылданбайтын болған.

Есіңде сақта!

Халық трибундары кедей римдіктердің мүдделерін көздеген. Олар жиналыста барлық азаматтардың тең және жасырын дауыс беруі арқылы сайланды.

Өз біліміңді сынап көр!

Консулдар — ...


Диктатор — ...

Ликтор — ...

Халық трибуны — ...

«12 кесте заңдары»

Ежелгі Рим заңы ауызекі заңдарға негізделген болатын. Соттарда көбінесе әділетсіз қаулылар шығаратын патрицилер мәжіліс жасайтын. Плебейлердің талаптарына орай он патрициядан қазылар алқасы құрылып, олар заңдар кешенін жасауға тиіс болды. Бірақ олар бұл істі соңына жеткізе алмады. Мұндайда көбінесе плебейлерден құралған Рим қосындары бас көтереді. Олар Рим төңірегіндегі Қасиетті тауға кетіп қалады, өз заңдары болатын жаңа қала құрамыз деп ескертеді. Сонымен б.з.б. V ғасыр ортасында 12 мыс пластинаға ойып жазылған заңдар Рим алаңында — форумда бәріне көріну үшін іліп қойылған. Сөйтіп патрицилер 12 кестеден тұратын жаңа заңдарды қабылдауға мәжбүр болады.



Заңды бұзғандар осылай жазаланды

Заңдар жеке меншікті, дербес деп жарияланды. Көптеген заңдар плебейлер мен патрицилердің теңсіздігін заңдастырды, бірақ плебейлерді патрицилердің зұлымдығынан азат еткен еді. Тек б.з.б. III ғасырдың басына қарай Римнің барлық азаматтары беделінен тыс заң алдында тең деп саналатын заңдар қабылданды.

Көмекші конспект

- республика жоғары үкімет — Халық кеңесі
- Сенат — «ақсақалдар кеңесі»
- патрицилер — сенаторлардың ұрпағы
- плебейлер — халық
- республика — «халық ісі»
- консулдар — республиканың үлкен мансапты тұлғалары
- диктатор — соғыс жылдарындағы Рим патшасы
- халық трибуны — Сенатта Римнің кедей халқының мүддесін қорғаушы
- вето — «тыйым саламын»
- «12 кесте заңдары»

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Римде республиканы басқару қалай жүзеге асырылды?
2. «Республика» сөзінің мағынасы қандай?
3. Диктатор кім? Қандай жағдайларда ол Рим патшасына айналды?
4. Рим заңдылығы туралы әңгімелеп бер. Оның өзіне тән өзгешілігі неде? «12 кесте заңдары» кімдердің мүдделерін қорғайтын болған?

47-§. Рим республикасы халқының өмірі


Қалалардағы өмір

Империяның аумағы кеңейіп барған сайын қалалар да көбейе түскен. Рим қалалары алдын ала жасалған нақты жоспар бойынша құрылған. Қалаларда көптеген көрікті қоғамдық және тұрақ-орын үйлері, ғибадатханалар, моншалар, сауда сәрелері мен дәріханалар болған.


Көп адамдар 2-3 қабатты ғимараттарда жасаған. Ал байырақ адамдар өздеріне сарай құрып алатын. Осындай үйлерде орталық жылыту жүйесі болған: едендер ысытылатын, құбырлар арқылы үйлерге су ағып келетін. *Үй мозаикалар* — шыны немесе тас сынықтарынан жасалған суреттермен безендірілген. *Виллалардың* қабырғалары *фрескалармен* — дымқыл сылақ үстіне арнаулы сулы сырмен көркем

Есіңде сақта!


Б.з.б. IV ғасыр соңына қарай Римнің барлық азаматтары лауазымынан тыс заң алдында тең деп саналатын заңдар қабылданды.



Форум — Римнің орталық алаңы



Акведук (аспалы су құбырлары)



Римдіктің киімі – тога



Меркурий — сауда құдайы

бейнеленген. Әрқайсы қала орталығындағы *Форумда* базар алаңы, халық жиындары үшін жай және ең негізгі ғибадатхана болған. Қалаға су бірнеше қабатты көпір тәрізді *акведук* арқылы келген. Тамақ пісіру және ысыту үшін ағаш көмірі жанып тұратын ошақтардан пайдаланылған.

Рим базарларында ең өтімді тауарлар құлдарға талап көп болған. Әр қалада құлдар сатылатын базар болған.

Адамдардың киіп алған киімдері олардың қоғамдағы беделін білдіріп тұрған.

Мысалы, ұл балалар 14 жасқа толғанға дейін сары жолақты «*тога*» киген. Олар 14 жасқа толғанда кәмелетке жеткен тұлға саналып, аппақ тогу кие бастаған. Дәл сондай жұқа тогуды сенаторлар да киетін. Римдік әйелдер түрлі түсті көйлектер киіп, бастарына және иықтарына орамал жауып жүрген.

Өз біліміңді сынап көр!

Мозаика — ...

Акведук — ...

Фреска — ...

Тога — ...

Ежелгі римдіктердің құдайлары

Күнделікті тұрмыста римдік-тер өз құдайларына көмекбе-руді, жебеуді сұрап сиынатын болған. Құдайлар үшін зәулім ғибадатханалар салған. Бұдан тыс, әрбір римдік отбасында өз құдайы болған. Олардың құдайларының көбі грек құдайларын еске түсіреді. Маңызды істі бастаудан бұрын римдіктер бұл істе көмектесу үшін құдайларға құрбандық шалған.

Түрлі құдайлар тұрмыстың сан алуан жақтарын басқарған. Егер, мысалы, соғыста жеңіліске ұшырай қалса, демек қандайда бір істермен соғыс құдайы *Марстың* ашуын шығардық деп ойлаған (салыстыр: гректерде соғыс құдайы Арес).

Римнің бас құдайы — аспанның, найзағайдың және күн күркіреуінің патшасы *Юпитер* саналған. Юпитер Рим мемлекетінің жебеушісі, халық пен мемлекеттердің тағдырын басқарып тұрады, деп санаған. *Нептун* теңіз құдайы, ал ұйқы құдайы *Морфей*, аңшылық құдайы *Диана* деп есептеген.

Сонымен бірге *Вулкан* – от пен теміршілер құдайы, *Венера* – көктем мен сүйіспеншілік құдайы, *Бахус* – шарап құдайы деп саналған. Ал Римнің әділетті сот әйел құдайы *Юстиция* болған. Бұл құдай әдетте көздері байланған Әйел көрінісінде бейнеленген. Юстицияның оң қолындағы қылыш жаза рәмізі саналған, сол қолындағы таразымен әйел құдай кінә мен кінәсіздікті салыстырып өлшеген. Ал Римнің тағдыр әйел құдайы *Фортуна* деп саналған. Көбінесе Фортунаны тағдыр сыны ретінде кейде рульмен, ал кейде тағдыр тұрақсыздығы рәмізі ретіндегі шармен бірге бейнелеген. Римнің кек пен сынақ әйел құдайлары болатын *Фуриялар* жауыз, кекшіл әйелдер бейнесінде кескінделген.


Өз біліміңді сынап көр!

Ежелгі римдіктердің құдайлары — ...
Алтарь — ... Нектар — ...

Ғибадатханада Римнің бас құдайы *Юпитердің* үлкен мүсіні орнатылған. Ғибадатхана жанында *алтарь* – құрбандық аталатын аспалы жай болған. Көбінесе өгіздер, қой-ешкілер немесе шошқалар құрбандыққа шалынған.

**Діни
рәсімдер**


Діни рәсімдер қатаң белгіленген ережелер бойынша өткізілген. Діни рәсімдердің өткізілуін абыздар — *понтификтер* — Рим дін басылары бақылап отырған. Понтификтер мерекелер күнтізбесін, рәсімдер салтанаттарының тәртібін




Нептун — теңіз құдайы



Юпитер — найзағай құдайы



Римдегі жеңіс аркі



**Рим
ғибадатханасы**



**Әділетті сот әйел
құдайы**




**Тағдыр әйел
құдайы**

жасаған. 5-тен 15-ке жуық дін басыларын білдіретін понтификтердің өмір-тіршілігіне Ұлы понтифик басшылық жасап отырған. Ұлы понтифик құдайлармен кеңесіп алып, үзілді-кесілді қорытынды жасайды, деп ойлаған.

Римдіктер барлық маңызды істерін бал ашудан бастаған. Бал ашу абыздар — *авгурлардың* көмегімен жүзеге асырылған. Авгурлар құстардың ұшуына, күннің күркіреуіне, найзағайға, қасиетті құстарға шашылған дәндерге, жаңғырыққа және басқаларға қарап бал ашқан. Егер де белгілер ойдағыдай болмаса, істер белгілі бір мерзімге қалдырылған.

Отбасы ошағының әйел құдайы *Веста* ғибадатханасында қасиетті от сақталатын. Қасиетті отты сақтау әйел абыздардың міндетіне жүктелген. От жанып тұрады екен, демек мемлекет өмір сүріп тұрады деп ойлаған. Соңдықтан *веста* абыз әйелдердің ықпалы мен беделі күшті болған.

Көмекші конспект



Өз біліміңді сынап көр!

Понтификтер — ...

Весташы абыз әйелдер — ... Авгурлар — ...

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Рим қалалықтарының өмірі туралы әңгімелеп бер.
2. Римдіктердің киімдері несімен ерекшеленіп тұрған?
3. Рим құдайларын санап өт. Олардың грек құдайларынан айырмашылығы қандай?
4. Понтифик абыздар мен авгурлар кімдер?
5. Весташы абыз әйелдердің басты міндеттері қандай болған?

48-§. Жерорта теңізінде үстемдік үшін күрес

Рим армиясы


Республиканы сыртқы жаулардан қорғау қажет болды. Армияда 17 жастан 46 жасқа дейінгі еркек азаматтар қызмет ете алды. 80 адамнан құралған әскерлер тобы *сентурилер* деп аталған. Бірнеше сентурилер *когортаны*, 10 когорта *легионды* құрады. Әскерлердің көбі жақсы білім алған жауынгерлер болған, олар үшін армияда қызмет ету мәңгілік іске айналған. Қызмет мерзімі 25 жыл болды. Сол мерзім ішінде легионер қызметі орнына үй-жай, тәуір еңбек ақы алу және басқа өлкелерді көру мүмкіндіктеріне ие болған.

Римдіктер өз соғысу тактикасын жасаған: алдымен қала қоршап алынады, содан соң *катапульта* деген қамал құралының көмегімен қабырғаларды тесіп, қалаға бастырып кіретін болған. Берік металл тақтайшалардан құрылған биік қамал мұнаралары арқылы биік қабырғалардан асып өткен.

Әскери топтар империя аумағының шетімен жедел қозғалу үшін мемлекетте сапалы жолдар тармағы құрылған. Осы жолдармен империяның әрқандай өлкесіне жетіп барса болатын. Ал империя шекараларында тас қорған — бекіністер бой көтерген.




Рим легионерлері



Рим атты әскерлері



Римдегі жеңіс аркасы



Оқ ату құралы – катапульта

Жеңістен кейін Сенаттың қаулысына орай рим қосындары *триумфты* салтанатты түрде атап өткен. Қосындардың алдында төрт ақ тұлпар жегілген арабада басына лавр гүлшеңберін киіп алған қолбасшы тұратын. Оның артынан олжаларды алып жүрген. Капитолий төбешігінде қолға енгізілген жеңіс үшін ризашылық ретінде құдайларға құрбандық шалынған.

Өз біліміңді сынап көр!

*Сентурилер — ... Легион — ...
Когорта — ... Триумф — ...*



Ганнибал


Пуни соғыстары

Рим мемлекетінің аумағы барған сайын кеңейе түсті. Б.з.б. III ғасырдың орта шенінде Рим әскери басшылары мемлекеттің солтүстік бөлігінен тыс бүкіл Италияны жаулап алды. Тез арада олардың басқыншылық жоспарлары шекаралас аумақтарға да жете бастады.

Бұл кезде Солтүстік Африканың жағалаулары, Сардиния, Корсика аралдарын қамтыған құдіретті Карфагеннің құлиеленушілері Сицилия аралының батыс бөлігін иелеп алған болатын. Нақ сол Сицилия мәселесі Рим мен Карфаген ортасында соғыстың шығуына себеп болды.

Әскери тұрғыдан Карфагеннің үлкен әрі күшті флоты болғандықтан Римге қарағанда басым қуатқа ие болған. Бірақ Карфаген қосындарының әлсіз жағы сол, онда жалдамалы әскерлер қызмет ететін. Жалдамалы әскерлердің көздеген мақсаты әскери олжа еді, олар ыңғайы келгенде қалаған уақытта жау жағына өтіп кете беретін.

Римдіктер Карфагенмен үш рет соғысты. Бұл соғыстар тарихқа *Пуния соғыстары* деген атпен ен-



Рим әскерлерінің киімдері

ген, себебі римдіктер карфагендіктерді пундар деп атаған. Алғашқы соғыста римдіктер жеңіске жетті, Сицилияны басып алып, карфагендіктерді өздеріне салық төлеуге мәжбүр етті. Екі жылдан кейін римдіктер *Корсика* және *Сардиния* аралдарын басып алды. Рим Жерорта теңізі аймағында ең мықты мемлекетке айналды. Дегенмен Карфаген Жерорта теңізіндегі аралдар бойындағы соғыста Римнің қауіпті қарсыласы болып қала берді. Сицилиядағы шығындардың есебіне Карфаген құлиеленушілері өздерін марапаттау, қанағаттандыру мақсатымен Испанияның үлкен бөлігін басып алды. Карфаген армиясына тәжірибелі қолбасшы *Ганнибал* басшылық жасады. Испанияда Ганнибал жалдамалы қосындарға қолбасшылық еткенде де ол бірде бір жеңіліске ұшырамаған.

Өз біліміңді сынап көр!

Карфаген — ... *Пундар* — ...
Ганнибал — ...


**Ойрандалып
жатқан Карфаген**

Римдіктер Батыс Жерорта теңізінде жалғыз қожайын болып қалу үшін Карфагенмен соғысуға әзірлік көре бастады. Олар карфагендіктерге екі жақтан соққы бермек болды. Бір армия Испанияда Ганнибал армиясын талқандауы, ал екіншісі Карфагенді басып алуы тиіс еді. Алайда Ганнибал барлық жоспарлардың қитұрқысын шығарды. Өтіп болмайтындай көрінген таулардан асқан Ганнибал Италияның аумағына бастырып кіріп, **б.з.б. 216** жылы *Канн* маңындағы шайқаста рим әскерлерінің тас-талқанын шығарды. Бұл шайқаста 70 мың римдік легионерлер құрбан болды.

Жеңілістен соң римдіктер шешуші шайқастарды тоқтата бастады. Италия халқы Ганнибалды қолдап-

Есіңде сақта!


Б.з.б. 202 жылы Зама қаласы маңында Ганнибал армиясын римдіктер сәтсіздікке ұшыратты.



Ганнибал әскерлері



Рим жаяу әскерлері шайқаста



**Ойрандалып
жатқан Карфаген**

Есіңде сақта!

Басып алған жерлерді римдіктер провинция деп атаған. Провинцияларды басқару үшін орынбасарлар — проконсулдар тағайындалды.



**Рим армиясының
«Тасбақа»
делінетін
қорғаныс тәсілі**

қуаттамады, өйткені Карфагеннің жалдамалы қосындары мемлекетті талан-тараж етіп тастаған болатын. Римдік қолбасшы Сципион кенеттен өз қосындарымен Африка жағалауына келіп түскенде Ганнибал Карфагенді қорғауға асығады, бірақ **б.з.б. 202 жылы** Зама қаласы маңында оның қосындарын римдіктер күл-талқан етеді. Б.з.б. 183 жылы Ганнибал ұзақ қуғын-сүргінде жүргенде, оны римдіктерге ұстап бермек болғанда ол у ішеді. Рим Батыс Жерорта теңізінде дербес үкіметке айналады. Сирия мен Македонияны басып алған соң римдіктер Карфагенді жаулап алуға тырысады.

Б.з.б. II ғасырдың орталарында Римдіктер Карфагенді қоршап алды, бірақ халық оны қорғауға аттанды.

Карфаген халқы екі жыл бойы өз қаласын қорғап тұрды, қалада аштық басталды. Римдік легионерлер жол-жөнекей үй-жайларды басып алып, жолда ұшырағанның бәрін талады, өртеді. Карфаген он жеті күн бойы өрт ішінде қалды. Халықтың мол тәжірибелері мен дана өнегелілерін сақтап келген отбасылардың, кітапханалардың күлі көкке ұшты. Ал Карфаген тұрған жер Сенаттың шешіміне орай қарғыс тиген деп жарияланды. Бұл жерде үй-жай құру және егіншілікпен шұғылдануға тыйым салынған. Сөйтіп **б.з.б. 146 жылы** Карфаген түгелдей күлтөбелерге айналдырылды. Рим қосындары жеңіспен, таланған олжамен және мыңдаған құлдармен Италияға оралды.

Рим басып алған аумақтар Пуни соғыстарынан кейін Италия шекарасынан едәуір шалғайда жатқан ауқымды аумақтар Рим үкіметінің қол-астына өтті. Римдіктер басып алған жерлерді провинция деп атаған. *Сицилия, Корсика, Сардиния, Испания* және басқа аумақтар соған жарқын

мысал. Провинцияларға басшы етіп орынбасарлар – *проконсулдар* тағайындалған.

Олар шексіз билікке ие болған. Әдетте проконсулдар бір жылға сайланып, олар қоластындағы мемлекетті аяусыз талады. Провинциялардың Римге қарсы күресуге бірлеспеуі үшін римдіктер «Бөліп тастап, үстемдік ет!» принципіне сүйеніп іс жүргізген. Римдіктер кейбір қалаларға өзгелердің оларға әуесі келуі және олар өзара бір-бірімен жанжалдасуы үшін жеңілдіктер беретін. Бірақ провинцияларда үнемі көтеріліс болып тұратын, римдіктер бұл жерде қоршауға алынған қалада жасағандай өмір сүретін.

Есіңде сақта!

Провинцияларға басшы етіп орынбасарлар – проконсулдар тағайындалған

Көмекші конспект

- сентурия → когорта → легион
- триумф
- Пуни соғыстары ← Карфаген → Ганнибал
← Рим → Сципион
- б.з.б. 216 жыл — Рим армиясының ойрандалуы — Канн шайқасы
- б.з.б. 146 жыл — Карфагеннің ойрандалуы
- провинциялар
- проконсулдар
- «Бөліп тастап, үстемдік ет!»


Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Триумф деген не? Қандай жағдайларда триумф атап өтілген?
2. Рим қосындары кімдерден құралған?
3. Рим қосындарының карфагендіктерден айырмашылығы неде?
4. Пуни соғыстарының басты себебін айт.
5. Картадан Ганнибал жорығының бағытын көрсет.
6. Римдіктердің «Бөліп тастап, үстемдік ет!» принципін түсіндіріп бер.
7. Рим армиясындағы сентурионың атынан әңгіме жаса.
8. Картадан Римнің басып алған аумағын көрсет.
9. Римдіктер Карфагенді қалай бағындырды?
10. Римдіктер қайсы жерлерді провинция деп атаған, оны қалай басқарған?



Саворагони
Рим

49-§. Құлдар мен гладиаторлар




Тас жонып жатқан
құлдар

Римдегі құлдық Жеңісті жорықтардың нәтижесінде Римде құлдардың саны артты. Египетте де, Ежелгі Грекияда да құлдардың саны Римдегідей көп емес еді.

Еркін римдіктердің пікірінше, құл түгелдей құлиеленушінің қоластындағы бір бұйым сияқты еді. Құлдардың қадірі болмады, өйткені олардың құны өте арзан еді.

Римде басып алынған елдердегі соғыстардың салдарынан құлдардың саны өсіп кеткені соншалықты, римдіктер оларды қайсы шаруашылық істеріне жұмсауда басы қататын еді. Бай римдіктердің бос уақыты көп болған, себебі барлық істі құлдар атқаратын болған.

Рим мемлекетіндегі құлдарда еңбектен мүдделілік сезімі мүлде болмаған. Бұл кезде Солтүстік Африканың жағалаулары, Сардиния, Корсика аралдарын қамтыған құдіретті Карфагеннің құлиеленушілері Сицилия аралының батыс бөлігін иелейтін.



Рим
құлиеленушілері

Біздің заманымыздың I–II ғасырларында құлдардың еңбегі құлиеленушілер үшін пайдалы еместігі белгілі болды. Көптеген құлиеленушілер құлдарды жер жалгерлеріне айналдыра бастады. Құлдар көтерілісінен қорқып әрі өнімділікті арттыруға ұмтылған жер иелері өздерінің жер алқаптарын кіші-гірім меншіктерге бөліп тастады да еркін кедей-жарлыларға жалға таратып бере бастады. Сол жер учаскелерінде егіншілікпен шұғылданды. Олар жерді қаншалықты жақсы өңдесе, өздеріне өнімнің соғұрлым көп үлесі тиетін.

Шағын жер жалгерлері *колондар* деп аталған. Жерді пайдаланғаны үшін олар жер иесіне өздері өндірген өнімдермен төлем төлеген.

Бірте-бірте құлдар саны азайды: кейбіреулерін құлдықтан босатып, басқаларын өзге елдерге сатып жіберген, тағы сол сияқтылар. Кейбір жер иелері құлдарға шағын жер учаскесін, еңбек құралдарын, тұқымдық және отбасымен азат болуға рұқсат беретін. Мұндай құлдар «шайлашы құлдар» деп аталған. Олар да жерден пайдаланғандығы үшін ақы төлеген, бірақ оларды енді жерсіз сатып та, жер учаскесінен қуып жіберіп те болмайтын.

Құлдар мен колондар Рим империясының ең төмен халқы болып қала берді, олар құл иеленушілерге қарсы бірге күреске шықты.

Өз біліміңді сынап көр!

Колондар — ...

«Шайлашы құлдар» — ...

Гладиаторлардың шайқасуы

Римдіктер жақсы көрген ойын-сауықтарының бірі *гладиаторлардың* жекпе-жегі болған. Гладиаторлардың көбі құлдар яки қылмыскерлер болған. Олар арнайы мектептер – түрмелерде оқытылған, соңыра бір-бірімен күресуге, көрермендердің көңілін көтеруге мәжбүр еді.

Әрқандай гладиатордың өмірі көрермендердің ерік-қалауына байланысты болған. Әрбір ұрыстың соңында көрермендер жеңілген гладиатордың тірі қалу-қалмауын шешкен. Егер көрермендердің көпшілігі оң қолының бас бармағын жоғарыға көтерсе – жеңілген гладиатор тірі қалған, ал төменге қаратса – оны көрермендердің көз алдында өлтіретін. Ұрыстар үлкен тас стадиондарда немесе амфитеатрларда өткен. 50 мың көрермен сыятын *Колизей* ең үлкен амфитеатр болған.

Кей кезде гладиаторлар үлкен-үлкен топ болып ұрысатын, мұндайда сахна соғыс алаңына

Есіңде сақта!

«Шайлашы құлдар» — бұл құлиеленушілердің шағын жер, еңбек құралдарымен, тұқыммен қамтамасыз еткен құлдар. Оларға жанұя, үй құруға рұқсат етілген.



Намуди берунаи
колизей



ұқсайтын: өлтірілген, жараланған және жан тәсілім етіп жатқан гладиаторлар жан-жақта аунап жата-тын. Одан да қызықты болуы үшін гладиаторлар ұрысы күштері тең қарсыластар ортасында өткізілген. Біреуінде тек қылыш пен қалқан болса, екіншісінде тор мен чангак (үш ашалы найза) болған. Тормен, чангакпен қаруланған гладиатор өзін ешнәрсемен қорғай алмағанымен, ол қарсыласын тормен орап тастауы, чангакпен өлтіруі мүмкін еді. Гладиаторлардың жабайы арыстандармен, қасқырлармен, ашулы өгіздермен де ұрысы өткізілген.

Өз біліміңді сынап көр!


*Гладиатор — ... Колизей — ...
Амфитеатр — Чангак — ...*



Шайқастан көрініс



Рим бүркіті. Рим патшаларының рәмізі саналған



Колизей

Спартак көтерілісі (б.з.б. 74-71 ж.) Езілген құлдардың қанаушы шонжарларға деген ыза-кегі артып, түрлі жолдармен оларға зиян жеткізуге ұмтылған. Римдік құлиеленушілер: «Құлдар қанша болса, жаулар да сонша» деп босқа айтпаған.


Б.з.б. 74 жылы Спартак басқарған құлдар көтерілісі ежелгі дүниеде ең бұқаралық және ұйымдасқан көтерілістердің бірі болды.

Рим армиясындағы үздік қызметтері үшін Капуада қаласындағы гладиаторлық мектебіне сатып жіберілген фракиялық құл Спартак құлдарды көтеріліске шығуға дайындады. Алайда біреу бұл туралы римдіктерге хабарлап қояды. Сонда Спартак пен оның 200-ге жуық жақтастары қарауылдарға шабуыл жасап, түрмеден қашып кетеді. Қалада жасырынуға мүмкін болмағандықтан олар *Везувий* тауындағы жартастарға шығып алады. Бірте-бірте қожасынан қашқан басқа құлдар оларға қосыла береді, бас көтергендер қатары өсті. Көп өтпей олар 10 мың адамға жетті.

Көтеріліске шыққан құлдарды тас-талқан етуге аттанған үш мың әскерлік қосын Везувий шыңы төңірегіне орда құрды.

Қоршап алу басталды. Бірақ Спартак күтпеген әрі батыл жоспарды жүзеге асырды. Құлдар жүзім наудаларынан саты тоқып, шыңның көрінбейтін жағынан төменге түсіп алды. Спартак римдіктердің арқасынан кенеттен соққы беріп оларды жермен-жексен етті. Бас көтерушілердің арасында наразылық пайда болды. Көптеген құлдар мемлекеттен сыртқа шығып кетпеуге, Римді құлатуға және өз құлиеленушілерінен кек алуға ант ішеді.

Спартакқа қарсы тәжірибелі қолбасшы *Марк Красс* басқарған сан мыңдаған қосын **б.з.б. 71 жылдың** көктемінде болып өткен шешуші шайқаста Спартактың әскерлері тас-талқан етіліп, өзі де сол шайқаста мерт болды. 6 мыңнан көп тұтқындар ағаштарға шегелеп ілінді. Ал көтерілісшілердің басқа топтары тағы 10 жыл бойы күресті жалғастырды.



**Спартак
көтерілісі**

Есіңде сақта!

Спартак көтерілісі б.з.б. 74-71 жылдары болды, көтеріліс құлдардың жеңілісімен аяқталды.



**Спартактың мерт
болуы**



Рим әскерлері демалуда



Римдіктердің туы

Көмекші конспект

- құлдардың еңбегі пайдалы емес
- колондар — шағын жер жалгерлері
- «шайлашы құлдар»
- гладиаторлар
- Колизей амфитеатры
- б.з.б. 74 жыл — Спартак көтерілісі
- Везувий тауындағы лагерь (орда)
- б.з.б. 71 жыл — Спартак армиясының тас-талқан етілуі

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Римде құлдардың саны кімдердің есебінен көбейді?
2. Құлдар, колондар мен «шайлашы құлдар» беделінің бір-бірінен өзгешілігі неде?
3. Римдіктер құлдарға қандай қатынаста болған?
4. Спартактың басшылығында бас көтерген құлдардың көтеріліс жасаған жерлері мен бағыттарын картада көрсет.
5. Спартак көтерілісі Рим құлдарының басқа көтерілістерінен несімен ерекшеленеді?
6. Рим гладиаторы туралы әңгіме жаса.
7. Көтеріліске шыққан құлдар неге жеңбеді?

50-§. Рим республикасының құлауы

Себептері Құлдар көтерілістері құлиеленушілерді қатты шошытты. Құлиеленушілердің алдында күшті өкімет саналатын әскери диктатураның орнатылу қажеттілігі туралы мәселе тұратын. Сенаторлар мен аз ғана мансапты тұлғалар үлкен мемлекетті ойдағыдай басқаруды қамтамасыз ете алмайтын.

Б.з.б. I ғасырда тұрақты жалдамалы қосындарға сүйенген әскери бастықтар қуатты күшке айналды. Жалдамалы әскерлерді Римнің әскери күш-құдіреті мен мемлекеттің күшеюі емес, тек олжа қызықтырды. Жалдамалы әскерлерді кімдермен соғысу яки кімдерді тонауы қызықтырмайтын.

Ал Римде мемлекетті билеуді армандаған бірталай басшылар болды.

Цезарь үкіметінің орнауы


Спартак көтерілісі бастырылып, тас-талқан етілген соң *Красс* пен *Помпей* үкімет үшін талай уақыт күрес жүргізген, бірақ Рим империясы жүргізген бір күресте *Красс* құрбан болады. Енді *Помпейдің* бір ғана қауіпті қарсыласы *Цезарь* қалды. *Галлия* соғыстарындағы жеңістер *Цезарьдың* абырой-беделін өсіріп жіберді. Жалдамалы әскерлер оның ерекше қолбасшылық қабілетіне сенетін, *Цезарьдың* артынан қай жаққа болса да еруге дайын болды. Бұдан тыс, егер Сенат мәжілісіне қатысса, бізге жер бөліп береді және қарыздарымызды кешеді деп үміттенген кедейлер де *Цезарьды* қолдап-қуаттады.

Галлиядағы жеңісті соғыстардан кейін Римге апаратын жолда *Рубикон* өзенінен өте тұрып, **б.з.б. 49 жылы** *Юлий Цезарь* жеке үстемдік үшін ашық күресті бастап жіберді. Сонда *Цезарь* былай деген екен: «Жеребе салынды!».


Рим халқының қолдап-қуаттауы шешуші рөл ойнады. *Помпейдің* қосындары Испанияда тұрғанда, *Цезарь* жеңіске қол жеткізді. Ол Рим императорына және диктаторына – шексіз билікке ие патшаға айналды. *Цезарьдың* ықылас-қалауы Рим үшін заңды күшке ие еді. Ешбір сайлауларсыз лауазымды тұлғаларды тағайындады, Сенат пен Халық мәжілісіне есеп бермей қойды.

Бұл жағдай көпке созылмады. *Цезарьдың* шектелмеген билігінен наразы болған сенаторлар қастандық ұйымдастырды. Олар *Цезарьды* өлтіруге және Сенатқа бұрынғы беделін қайтаруға серттеседі. Астыртын қастандыққа *Цезарьдың* жақын досы *Брут* басшылық етеді. Сенаттағы жиналыс кезінде қастандық ұйымдастырушылар *Цезарьды* қоршап алып, ишара белгі арқылы оған қанжармен соққы бере бастады.

Б.з.б. 44 жылы *Цезарь* үстемдігі аяқталды. Бірақ оның өлтірілуі республиканың қайта тіктелуіне




Цезарь — Рим императоры



Император Цезарьдың өлтірілуі



Юлий Цезарь
динары б.з.б. 49-
48 ж.ж.



Клеопатра —
Мысыр хан-
шайымы

жәрдем бермеді. Қолбасшылар ортасында азаматтар соғысы басталып кетті.

Өз біліміңді сынап көр!

Красс, Помпей, Цезарь — ...

Император — ...

Брут — ...

Үкімет үшін болған күрестің салдары

Цезарь өлтірілген соң Брут республиканы қайта тіктеуге тырысты. Алайда сенаторлар алдыңғы ережелерге қайта оралуды қаламады. Көбі өз байлығын Цезарь үстемдігі кезеңінде жинаған болатын. Брут және оның жақтастары Ежелгі Грекияға қашып кетуге мәжбүр болды.

Римде сол уақытта Цезарьдың немересі, император оны асырап алғанда Гай Юлий Цезарь Октавиан деп ат қойған *Октавий* пайда болды.

Ол Брут пен оның жақтастарына қарсы күрес бастайды. Солтүстік Ежелгі Грекияда Брут қосын жинап, Римге күшті қауіп төндіреді.

Октавиан Марк Антониймен одақ түзді, сөйтіп республикашыларды талқандап тастады. Ал Брут Октавианға тұтқын болуды қаламай, өзін-өзі қылышпен өлтіреді. Содан соң Октавиан Рим мемлекетінің Батыс бөлігін, ал Антоний Шығыс бөлігін басқара бастады.

Мысырға келген Марк Антоний Мысыр ханшайымы *Клеопатраға* үйленді. Антоний неке сыйы ретінде Клеопатраға Римнің шығыс провинцияларын берді. Бұл Октавианның наразылығын туғызды, б.з.б. 31 жылы Ежелгі Грекия жағалауларында Антоний мен Октавианның флоттары соғысты. Қызу шайқас кезінде Клеопатра мен Антоний *Александрияға* қашып кетті. Армия мен флот Октавианға бағынды, кейінгі жылы Октавиан қосындарымен Египетке жетіп келді.

Антоний мен Клеопатра өздерін өлтірді, ал Мысыр Рим империясының провинциясына айналды, сөйтіп, Октавиан бүкіл Рим империясының жеке дара патшасы болып алды.


Б.з.б. 29 жылы Октавиан Сенаттан император атағы мен *Август* деген бүркеншік ат алады. Октавиан бірнеше реформалар өткізді. Ол Рим империясына негіз салды. Октавиан Август сена торлардың санын қысқартты. Әскерлердің қызмет мерзімі 20 жыл етіп белгіленді. Октавиан Август заманында Рим армиясының жалпы саны 300 мыңға жетті. Император ауқымды құрылыс жұмыстарын жүргізді. Оның дәуірінде Римде көптеген сарайлар мен ғибадатханалар құрылды.

Октавиан Август б.з. 14 жылы қаза тапты. Оның мирасқорлары саналатын *Калигула* мен *Нерон* үстемдіктері дәуірінде империя құлдырай бастады. Тек біздің заманымыздың II ғасырының орта шенінде Римнің күш-құдіреті қайта тіктелді. Бұл дәуір Рим империясының «алтын ғасыры» деп аталған.

Б.з. 98 жылы Траян император тағына отырды. Траян заманында Дунай өзені бойларында жасайтын дактармен соғыс жүргізді. 40 метрлік *Траян колоннасын* безендіріп тұрған дактармен болған соғыс көріністері бейнеленген бөртіп шыққан суреттер осы туралы әңгімелейді. Сирия мен Месопотамия провинциялары Рим империясының құрамына кірді. Траян Парфиямен болған шайқастарда жеңіске жетті. Оның үстемдігі кезінде өтірік айтып шағыстыру арқылы өлім жазасы жойылды.

Өз біліміңді сынап көр!


Октавиан Август — ... Траян — ...
Клеопатра — ... Цезарь Октавиан — ...



Марк Антоний

Есіңде сақта!

Б.з.б. 29 жылы Октавиан Сенаттан император атағы мен Август деген бүркеншік ат алды. Октавиан Рим империясының негізін қалады.



Император Октавиан Август



**Траян
бағанасы**

Көмекші конспект

- Өкімет үшін күрес : Красс ↔ Помпей
- б.з.б. 49 жыл — Юлий Цезарь — Рим императоры
- Цезарьдың өлтірілуі → Брут
- б.з.б. 31 жыл — Антоний мен Октавианның соғысы
- Октавиан — император Август
- б.з.б. II ғасыр — Рим империясының «алтын ғасыры»
- б.з.б. 98 жыл — император Траян → Траян бағанасы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Римде республиканың құлауының басты себебін айт.
2. Римде Цезарь өкіметі қалай орнады?
3. Юлий Цезарьдың өлтірілуін кім және неге ұйымдастырды?
4. Юлий Цезарь өлтірілген соң Римде қандай өзгерістер болды?
5. Жеке үстемдік ету үшін болған күресте неге Октавиан жеңіп шықты?

51-§. Рим империясының құлдырауы



**Римдіктердің
тулары**

Империяның құлауы

Б.з.д. III ғасырында Рим империясының күш-қуаты әлсірей бастады. Императорды бұдан былай армия сайлайтын болды, армияның өзінде де түрлі топтар ортасында күрес жүріп жатты. Император Траян дәуірінен бастап римдіктер басқыншылық соғыстарды тоқтатты.

Сол кездерде империя шекараларының сол-түстік батыс жағында көшпенді тайпалар пайда болды. Оларды римдіктер «варварлар» деп атаған, шекарада үлкен армияны ұстап тұруға мәжбүр болған.

Негізінде грек тілі өздеріне түсініксіз болған тайпалар мен халықтарды гректер «варварлар» деп атаған. Ал римдіктер мәдени дамудың ең төменгі сатысында тұрған халықтарды солай атаған.

**Батыс және
Шығыс
империялар**

Император Константин заманында б.з. 330 жылы Босфор бұғазындағы *Византий* қаласы Рим империясының астанасы етіп жарияланды. Императордың бұйрығына орай қаланың барлық ескі ғимараттары бұзып тасталды да, орнына жаңа қала құрылды, онда Римнен, Афинадан және Коринфтен әкелінген мүсіндер мен колонналар орнатылды. Қала императордың құрметіне *Константинополь* деп атала бастады.

Үлкен империяны Константинопольде тұрып басқару қиын болатын. Император Феодесий өлген соң б.з. 395 жылы Рим империясын оның екі ұлы Батыс пен Шығыс бөлігін бөліп алды. Батыс бөлігіне Италия, Еуропа мен Солтүстік Африкадағы облыстар, ал Шығыс бөлігіне Балкан түбегі, Кіші Азия мен Мысыр жерлері бағынды. Шығыс Рим империясында императордың бірыңғай үкіметі сақталды, Батыс Рим империясы ұсақ мемлекеттерге бөлшектене бастады.


Өз біліміңді сынап көр!

«Варварлар» — ...

**Готтар
Римде**

IV—V ғасырларда бүкіл Рим империясы құлдардың және колондардың көтерілісін қамтыды. Жерлерге және шексіз олжаларға ие болуды көздеген «варварлар» империяға шабуылын күшейтті.


410 жылы *Аларих* басшылығындағы *готтар* Римді қоршап алды. Римдіктер олармен келіссөз жүргізе бастады, бірақ түнде құлдар қақпаны ашып берді, басқыншылар қалаға дүрсе қоя берді. Готтар мүсіндерді қиратты, құнды кітаптарды өртеп,



Рим армиясының жауынгері

Есіңде сақта!

И м п е р а т о р
Феодесий өлген
соң б.з. 395
жылы Рим
империясын оның
екі ұлы Батыс пен
Шығыс бөлігін
бөліп алды.



Готтар Римді талантараж етуде

Есіңде сақта!

Б.з.б. 410 жылы Аларихтің басшылығындағы готтар Римді жермен-жексен етті.




Вандал әскері

үш күн бойы Римді тонап-талады. Талан-тараж етілген Рим қаңырап қалды.

Германдар сауатсыз болған, ешқашан театрларға, кітапханаларға және моншаларға бармаған. Рим империясына кіргеннен кейін Рим ғимараттарының, сәулет өнерінің, мүсіндерінің сұлулығын, ұлылығын лайықты бағалай алмайтын. Осылардың бәрін аяусыз жойып жіберді. Германдар бекіністерінің қабырғаларын берік ету үшін Рим ғибадатханалары мен кітапхана ғимараттарының тас тақтайшаларын көшіріп әкететін. Кітаптар, мүсіндер және басқа да сәулет өнерлері жойылды.

Батыс Рим империясының құлауы Римді готтардың жаулап алуы империя халқын қынжылтты. Жүздеген жылдар бойы римдіктер өздерінің барлық қарсыластарын жеңіп келген, Жерорта теңізі бойларындағы барлық мемлекеттерді жеңген, ал өздерін дүниенің патшасы санаған. Римді «*мәңгі қала*» деп мадақтаған. Римдіктер құдіреті мәңгі деп ойлаған. Көрмейсің бе, бүкіл әлемнен әкелінген бағасыз қазынасы надан әрі топас тайпалардың олжасына айналды. Римнің құлауы туралы сол заманның тарихшысы өкінішпен былай деп жазған болатын: «*Бүкіл Жер жүзін бағындырған әлем шырағы да сөнді*». Рим халқының көбі Рим күйрегеннен кейін бүкіл әлемнің тез арада жойылып кетуіне сенген. Алайда әлем өлген жоқ. Аларих те өлді, бірақ Римнің одан да үрейлі жауы – *Аттила* басқарған хунн тайпалары пайда болды. Аттила Шығыс Рим империясына шабуыл жасай бастады. **Б.з. 452 жылы** хунндар Италияға бастырып кірді.

Біздің заманымыздың 455 жылында Римге германдардың вандал деген тайпалары шабуылдады, олар екі апта бойы қаланы тонады.



Сағыстан көрініс

Вандалдар өздерімен бірге әкете алмаған барлық нәрсені жойды. **Б.з. 476 жылы** император сарайы сақшыларының қолбасшысы соңғы император *Ромулды* сарайдан қуып жіберді, патшаның тәжін Константинопольге жөнелтті. Бұрынғы Батыс Рим империясының шекараларын герман тайпалары иелеп алды. Сөйтіп, б.з.д. 476 жыл Батыс Рим империясының құлауы және Ежелгі дүние тарихының аяқталуы санасы ретінде тарихқа енді. Енді босағада орта ғасырлар тарихы есік қағып тұрған еді.


Көмекші конспект

- 330 жыл — Рим империясының астанасы — Византий (Константинополь)
- 395 жыл — Рим империясы
 Шығыс
 Батыс
- 410 жыл — готтар Римді күлтөбеге айналдырды — Аларих
- 452 жыл — хунндардың Италияға бастырып кіруі — Аттила
- 455 жыл — Германның вандал тайпаларының бастырып кіруі
- 476 жыл — Батыс Рим империясының құлауы

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Рим армиясы жайлы әңгімелеп бер.
2. Римдіктер кімдерді «варварлар» деп атаған? Римдіктер варварлардың қайсы тайпаларымен соғысты?
3. Рим империясының Батыс және Шығыс империяларға бөлінуінің себебі неде?
4. Римнің басып алынуы туралы әңгімелеп бер.
5. Батыс Рим империясының құлау себептерін санап өт.

Есіңде сақта!
 Біздің заманымыздың 455жылында Римге германдардың вандал деген тайпалары шабуылдады, олар екі апта бойы қаланы тонады.



Римдіктердің вандалдар әскерлерімен шайқасынан көрініс

Есіңде сақта!
 Б.з.б. 476 – жыл — Батыс Рим империясы құлады.


52 – 53-§§. Ежелгі Рим мәдениеті



Рим шонжарының сарайы



Рим термдері.
Заманалық сурет



Парафиннен жасалған жазу тақтайшасы

Римдіктердің тұрмысы

Бағзы замандарда римдіктердің тұрмысы өте қарапайымдылығымен ерекшеленіп тұрған. Рим шонжарлары саналатын патрициялар бір қабатты қарапайым үйлерде жасаған, шаруашылықта құлдар да көп емес еді.

Б.з.д. I ғасырға қарай римдіктердің тұрмысында күрт өзгеріс болды. Бай-бақуат адамдар жасайтын төбешіктердің етегінде саяжайлар мен бау-бақшалар көп болды, ал ауасы жазық жерлерге карағанда таза болған. Императордың жақын адамдары зәулім сарайларға иелік еткен.

Бай емес римдіктер төбешіктердің арасындағы жазық жерлерде жасады. Бұл жерлерде көшелер тар әрі лас болды, қоқысты да тұп-тура көшеге тастады. Оның үстіне Рим халқының саны барған сайын арта түсті, себебі Италияның төрт жағынан кедейленген шаруалар астанаға көшіп келген болатын. Ісі оңайынан туған адам бір бұрышты яки бөлмені жалға алатын, саяхатшылар мен жарлылар баспалдақтардың астында, дымқыл әрі қараңғы жертөлелерде немесе қала көшелерінің ашық аспан аясында түнеп шығатын.

Римдік кедейлердің құрметіне бөленуге ұмтылған императорлар астана халқына арнап «термдер» деп аталған көрікті моншалар құрғызған (грекше «ыстық» сөзінен «термос» сөзі келіп шыққан). Арзымайтын ақыға әрбір римдік термдерге түсе алған. Бұл жерде жүзу бассейндері, бокс, күрес, қылыштасу, доп ойнайтын спорт залдары бар еді. Термдер жанында кітапхана, сондай-ақ білім алу және ғылымдармен шұғылданатын залдар болған.

Білім беру Римде мәдениеттің басты белгісі білім беру болды. Балалардың мектепте білім алуы ата-аналардың оқуға ақы төлей

алу мүмкіндігіне байланысты болды. Кедей римдіктердің перзенттері шаруашылық істеріне ата-аналарына қарасқандықтан мектепте оқи алмады. Ал бай отбасылардың перзенттері 6 жастан мектепке қатынады. Жазуды үйреніп жатқан балалар *стиль* деген металл ручкамен әріптерді парафинмен қапталған тақтайшаларға қытырлатып ойып жазды. Оқуды, жазуды және есептеуді үйренген соң көбі білім алуын аяқтайтын. Кейбіреулері грамматикада (орта мектепте) оқуды жалғастырған. Тарих, география, геометрия, музыка және астрономия оқытылған. Грек тілін үйренуге айрықша мән берілген, себебі ғылымның саналуан тармақтарына тиісті кітаптардың көбі грек тілінде жазылған еді. Саяси қайраткер болуды қалаған әрбір адам мәнерлеп сөйлеуді — *риториканы* меңгерген.




Сәулет өнері және мүсіншілік

Рим империясында, әсіресе құрылыс істері өте-мөте дамыған. Амфитеатрлар, цирктер, театрлар, ғибадатханалар, сарайлар, триумфалды аркалар және көп қабатты үйлер бой көтерді. Қаланы биік қабырғалар қоршап тұрды.


Римнің сәулет өнері ғимараттардың саналуандығымен, сұлулығымен грек сәулет өнерінен ерекшеленіп тұрған. Б.з. I ғасырда Рим ең ірі және халқы көп қала болған. Сол замандарда тіпті бір

Есіңде сақта!

Стиль — парафинмен қапталған тақтайшаға жазатын темір таяқша.




Латынша сандар



Римдегі жолдың құрылысы

Есіңде сақта!

Рим империясында құрылыс істері өркендеді. Амфитеатрлар, цирктер, театрлар, ғибадатханалар, сарайлар, триумфалды аркалар және көп қабатты үйлер құрылды.



Акведук құрылысы

Есіңде сақта!


Барлық құдайлар ғибадатханасы – Пантеонға Рим империясында жасайтын әрбір адам өзі қалаған құдайға сыйынған.



Пантеон – барлық құдайлардың ибадатханасы мақал да ойлап шығарылған: «Барлық жолдар Римге апарады». Мындаған құлдар ормандар, таулар мен батпақтар арқылы жолдар құрған. Жолдармен бірге Рим водопроводтарының қалдықтары да осы күнге дейін сақталған. Құбырлар қия жерге орнатылғандықтан таудың бұлақ сулары өздері ағып келетін. Су құбырларын жарлардан, үңгірлерден және аңғарлардан өткізу үшін *акведуктар* — жоғарғы жағынан арықтар өткізілген көпірлер құрылған.

Үлкен көпірлерді түбегейлі тастан құру қымбатқа түсетін әрі көп уақыт алатын. Римдіктер жаңа құрылыс материалы саналатын бетонды ойлап тапты. Құрылысшылар қыштан екі жіңішке қабырға құрды, ал олардың ортасындағы бос аралықты бетонмен толтырды. Ол қатқаннан кейін тастан да берік болып қалды. Бетонның қолданылуы римдіктерге тез әрі берік ғимараттар құруға мүмкіндік берді.

Он мыңдаған көрермендер сыятын Амфитеатр Римдегі ең үлкен ғимарат болды. Бұл жерде



Архитектуралық әдістер. Бағаналар

гладиаторлардың күресі мен әскери кемелердің ұрысы ұйымдастырылды. Жердің астында терең бір жерде сахнаны суға толтыра алатын қондырғылар құрылды. Римнің ең үлкен Колизей амфитеатры өткен дәуірдегі сұлулықтың куәсі ретінде қазірге дейін сақталған.

Бетон ойлап табылған соң үй төбелері күмбез формасында бөренелерсіз құрылатын болды. Римдегі Пантеон осылай құрылған (грекшеден «барлық құдайлардың ғибадатханасы» деген мағынаны білдіреді). Рим империясында өмір сүріп жатқан әрбір адам Пантеонға келіп өзі сенім артқан құдайға сиыну мүмкіндігіне ие болды: египеттік — Осириске, грек — Зевске, римдік — Юпитерге ғибадат еткен.

Ұлы жеңістерді атап өту үшін зәулім триумфтар, аркілер құрылды.

Христиандықтың пайда болуы

Б.з. I ғасыр басында Рим үкіметінің қоластында болған Кіші Азия мен Палестина жерлерінде Назарет қаласында қолөнерші *Иосиф* пен жұбайы

Есіңде сақта!


Тит Ливия, Татсит, Плутарх — Рим тарихшылары

Есіңде сақта!

Римдіктер жаңа құрылыс материалы — бетонды ойлап тапты.

Есіңде сақта!

Христиан діні б.з. I ғасырда пайда болды.



**Император
Константин**



**Иса крестке
шегеленген**

Марияның отбасында «Құдайдың ұлы» деп аталған Иисустың туылғаны туралы аңыз-әңгімелер тарала бастады. Ол Уағыздаушы, шоқынтыратын Джоанның қолында Иордан көлінде шоқындырылды. Христос кінәсіз болса да, Жаратқанға апаратын жол жалынып кешірім сұраудан басталатынын көрсету үшін шоқындырылды.

Аңыздарға қарағанда, Иса 30 жасында он екі орынбасарларымен Палестинаны аралап, саяхат жасайды, Құдайдың аяттары туралы әңгімелеп береді, түрлі ғажайыптарды көрсетеді — өліктерді тірілтеді, жасаудан үмітін үзген дауасыз сырқаттарды аяққа тұрғызады. Еврейдің дін басылары Иса пайғамбарды діни шындықты бұзып насихаттағандықта айыптап, оны өлім жазасына үкім етеді. Рим орынбасары Понтий Пилат осы үкімді бекітуі тиіс еді. Алғаш Понтий Пилат мұны орындаудан бас тартқан, бірақ дін өкілдерінің қысым көрсетуімен разылық береді. Исаны Голгофа тауында крестке асып қояды, аңыздарға қарағанда, бұл жерге Жер бетіндегі алғашқы адам — Адам ата жерленген. Иса 3 күн ішінде сұмдық азаппен жан тәсілім етеді. Өлген соң оның денесін бір үңгірге қояды. Үшінші күні жерлеуге келгенде Иса Мәсіхтің мәйіті қойылған жерде жоқ екенін көреді. Иса пайғамбар қайта тірілген және аспанға көтерілген, өлген, сөйтіп өмір сүріп жатқан адамдардың істерін бағалау үшін Жер бетіне қайтып келуге уәде берген.


Иса Мәсіх туралы аңыздар *Евангелия* (інжіл) деп аталады, грекшеден аударғанда бұл сөз «Қуанышты хабар» дегенді білдіреді. Иса пайғамбар ілімін жақтаушылар христиандар саналады. Шәкірттері апостолдар. Христиандар ұйымдарын епископтар басқарады. **Б.з. I ғасыр** христиандық өмірге келген сана саналады. Рим патшалары христиандарды қысымға алады,



Аңыздарға қарағанда император Константин қосын қалқандарына христиан дінінің рәмізін сызуды бұйырды. Сөйтіп ол жеңіске жетті.

жыртқыш аңдардың шеңгеліне тастайды, түрлі жолдармен қинайды. **Б.э. 313–жылы** император Константин христиандықты мемлекеттің басқа діндерімен тең деген жарлық шығарды. Жарлық христиандарға ғибадатханалар құруға және ашық сыйынуға рұқсат берді.

Көмекші конспект



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Құлиеленушінің немесе құлдың атынан әңгіме құрастыр.
2. Рим мемлекетінде білімнің қандай түрлері бар еді, нелерді оқытқан?
3. Рим сәулет өнерінің ерекшеліктерін айт.
4. Римдегі ең үлкен ғимараттың атын ата.
5. Рим Пантеоны туралы не білесің?
6. Иса пайғамбар кім болған? Христиандық туралы нелерді білесің?


12 — Тарих, 6-сынып.



Квинт Курций Руф



Плутарх



Тит Ливий

Есіңде сақта!

Адамзаттың рухани жетілу үдерісінің тамыры терең де ежелгі дәстүрлерге бай.



54-§. Руханият дерек көздерінде

Сендер жыл бойы алғашқы қауымдық құрылыстан бастап ежелгі дүние тарихымен таныстыңдар. Еңбек құралдары қалыптасып, өнімділік артқан соң, алғашқы мемлекеттер құрылды. Жазу пайда болған соң адамдар өздері өмір сүріп жатқан қоғам туралы заңдарды жаза бастады.

Адамдар атам заманнан жасаған теңсіз ашуларды пайдаланып келеді. Бұлар егіншілік аспап-құралдары, дөңгелек, су құбырлары, әліппе, календарь, сандар, үй және тағы басқа жетістіктер болып табылады.

Біз осы күнге дейін ежелгі дүние халықтары қалдырған мәдени жәдігерліктерді көріп таң қаламыз. Қазіргі таңда да ежелгі авторлардың көптеген шығармалары бізді ерлікке, еңбексүйгіштікке, отанға деген сүйіспеншілікке үндейді.

Ашылған жаңалықтар ерте заманнан-ақ қадірленген. Тіпті баяғы заманда ата-бабаларымыздың өмірі қауіп-қатерге тола болғанда да, адамдардың негізгі мақсаты азық табу болған кезде де адамзат әлемді түсінуге тырысқан. Ал бұл рухани мәдениеттің дамуына іргетас ретінде ықпал етті. Адамзаттың рухани жетілу үдерісі осылай басталған болатын.

...Кохитаудың тік жартастарында, қазіргі Зарауткамар немесе Алтын Алау деп аталатын үңгірлерде ежелгі суретшілер қызыл бояумен жабайы өгіздерді аулап жатқандағы суретті салған. Оларда драмалық көрініс кең бейнеленген. Бұл суреттерде аң аулаушылықтың сәтті аяқталғаны, аңшылардың жеңісі мен адам ақылының жоғары деңгейде екені баяндалған.

Мысыр мен римдіктердің Шығыс мәдениетімен өзара байланысы ғылым мен өнердің өрлеуіне, дүние мәдениетінің дамуына әкеп соқты.

Енді сендер ежелгі дүние тарихы мен Өзбекстан тарихы неше мыңдаған жылдарға барып тірелетінін жақсы білесіңдер. Нақ сонау замандарда біздің елімізде бай рухани мұраның дамуы үшін негіз қаланды. Бұл жерде көне қалалар мен мемлекеттер пайда болды. Егіншілер, қолөнершілер мен құрылысшылар өздерінің тапқыр алғашқы еңбегімен еліміздің даңқын паш етті.

Отанға деген махаббат сан-санақсыз басқыншыларға қарсы күрескен халық қаһармандарының ерліктерінде көрініс тапты. Томарис, Шырақ пен Спитамен және тағы басқа да ержүрек батырлар ел-жұрттың азаттығын өзінің өмірінен биік қойды.

Алғашқы жазба дерек — «Авестода» зардуштилердің ұлы да данышпандық құдайы Ахурамазда құрған ең жақсы мемлекет ретінде Өзбекстанның ежелгі диқаншылық аумақтары туралы кең айтылады.

Әмударияның төменгі жағалауларында, көне Хорезмде, Сұрхан мен Қашқадарияда, Зарафшан аңғарларында зардушт дінін уағыздаушылар жауыздық пен жақсылық ортасындағы мәңгі күрес туралы қасиетті қасиданы жырлаған. Олар бар күшін бейбітшілікке, әділет пен жақсылыққа жұмсаған. Адамдар жанұяға, үйге, су мен жерге ерекше құрметпен қараған, перзенттерінің бойына адамның қоғамдағы жоғары орны туралы түсінікті сіңдірген. Зардуштілік идеясы ежелгі қоғамның дамуын белгілеп берді.

Өрқандай қоғамның дамуы сәулеткерлік идеясымен белгіленеді.

Ата-бабаларымыздың тарихтағы ерліктері, отаншылдық сезімін тәрбиелейді, өз Отанының мүдделерін қорғауға үйретеді.

Өзбекстан Республикасының Президенті И. А. Каримов ұлттық тәуелсіздік идеясының




**Сәулеткерлік —
руханияттың
негізі болып
табылады**



**Мырза Ұлықбек
мүсіні**



**Әмiр Темiр
мүсiнi**



**Әлiшер Науаи
мүсiнi**



Тарихи-мәдени мұра

маңызын терең ашып, мемлекетіміздің дамуын ұлтынан, тілінен және дінінен тыс бүкіл Өзбекстан азаматтарын құрайтын қоғамның рухани шарықтауын, кемел адамды тәрбиелеумен тығыз байланыстырады.

Халқымыз жақсылыққа, тыныштыққа және сәулеткерлікке, мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңгі күнде дамуымен, өркендеуімен байланысты.

Біз Отанымыздың материалдық және рухани мәдениетін сақтай отырып, ата-бабаларымыздың игі істерін жалғастыруға тиіспіз.

Президент Ислам Каримов өзінің *«Жоғары руханият – жеңілмес күш»* деген кітабында *«Біз халқымыздың әлемде ешкімнен кем болмауы, перзенттеріміздің бізден де күшті, білімді, ақылды да бақытты болып өмір сүруі үшін бар күш мүмкіндігімізді жұмсаймыз, бұл бағытта рухани тәрбие мәселесінің сөзсіз маңызы зор»*, деп айтып өткен.

Руханиятымызды дамыту бойынша мақсат-міндеттерімізді жүзеге асыру үшін әрбір адам өзін өз мемлекетінің нағыз азаматы деп сезінуі, тарихты, ұлы ата-бабаларымыздың бай мұрасы мен мәдениетін терең үйренуі, бүгінгі таңдағы үлкен өзгерістерді саналы түрде игере алуы, қоғамымыз бен мемлекетіміздің өркендеуіне өзінің де үлес қосуын жете түсінуге тиіс.

Тарихи атаулар СӨЗДІГІ

Австралопитек — ең ежелгі адамның түрі.

Абыздар — ғибадатхананың діни өкілдері.

Агора — Ежелгі Греция қалаларында халық жиналатын жер, орталық алаң.

Акведук — қалаға су келетін үстінде арығы бар биік көпір.

Алтамир — Испаниядағы соңғы палеолитке тиісті жартас суреттері табылған үңгір.

Амфитеатр — сахнаның айналасында көрермендердің отырынуына арналған қондырғылармен қоршалған төбесі жоқ ғимарат.

Амфора — сұйық өнімдерді тасуға және сақтауға арналған аузы кішкене, екі құлағы бар үлкен құмыра.

Амулет — египеттіктердің ойынша, егер адам өзімен бірге алып жүрсе, жауыз рухтардан, пәлекеттерден қорғайтын шағын бұйымдар; тұмар.

Анимизм — адамды қоршап тұрған атмосферада жандар мен рухтардың бар екеніне сенім.

Антикалық тарих — Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римнің тарихы.

Аргонавтар — алтын теріні (сиқырлы қошқардың терісі) іздеп «Арго» деген көп ескекті кемеде саяхатқа шыққан Эллада қаһармандары.

Арийлер — ежелгі халықтар; аударғанда «адал», «еркін» деген мағынаны білдіреді.

Археология — заттай деректерді зерттейтін және сол бойынша тарихи өткен өмірді қайта тіктейтін ғылым; ежелтанушылық.

Архив — мемлекетке тиісті құжаттар сақталатын орын.

Архитектура — ғимараттарды және басқа үй-жайларды құру өнері.

Будда — Сиддхарте Гаутаманың екінші аты; бүркеншік аты; «Оқыған» деген сияқты аударылады.

Буддизм — б.з.б. VI ғасырда Үндістанда Сиддхарте Гаутама негіз салған діни ілім.

Барвар — бастапқыда: грек тілінде сөйлеспейтін әрбір шет елдік адам; кейінірек бұл сөз мәдениетті адамдарға қатысты қолданыланып болды.

Гилқамыс — Месопотамияның аты аңызға айналған қаһарманы, тарихи тұлға. Урук қаласының патшасы.

Гоплит — Ежелгі Грекия мен Грекия – Македония армияларының ауыр қаруланған жаяу әскері.

Данайлар — Гомер «Илиадада» гректерді солай атаған.

Делта — Нил өзені Жерорта теңізіне құйыларда үшбұрыш тәрізді жалпы көріністегі жер.

Демократия — грекше «халық үкіметі», әрбір азамат өз мемлекетін басқару мәселесі бойынша өз ойын білдіретін, мемлекет басқаруына қатысатын әлеуметтік жүйе.

Диадоктар (мұрагер) — Македониялық Александр өлген соң түрлі аумақтар үстінен үкіметті иелеп алған әскери қолбасшылар.

Династия (әулет) — бірінен соң бірі үстемдік ететін патшалардың тұқымы; әулет өкілдері көбінесе бір атпен аталған, мысалы Ахаманилер.

Қарыздарлық құлдық — қарызды уақытында қайтармаған еркін азаматтардың құлдарға айналу процесі.

Құрбандық шалу — мейір-шапағатына бөлену үшін құдайларға тарту етілетін сияпаттар.

Зиккурат — төбесінде ғибадатханасы бар баспалдақты үлкен мұнара.

Иероглифтер — ежелгі гректер египеттіктердің жазуын осылай атаған; «қасиетті бітіктер» деген мағынаны білдіреді.

«Илиада» — Гомердің Троя соғысы туралы жыр-дастаны.

Империя — патшаның шектелмеген өкіметі жүзеге енгізілген мемлекет.

Италилер — Апеннин түбегінде жасаған ежелгі тайпалар.

Қала — мемлекет (полис) — төңіректегі аумақтарды қол астына

алған өзін-өзі басқаратын қала; Ежелгі Грекия мен Римдегі шағын тәуелсіз мемлекет; полисте үкімет тең құқықты азаматтардың қолында болған.

Капитолий төбешігі — Римдегі ең биік төбешік.

Колония — өз елін тастап кеткен адамдардың жаңа жерлерге негіз салған мекен-жай, қалалар.

Консул — Республика дәуірінде Римдегі жоғары саяси лауазым. Әр жылы сайланған екі консул Сенат пен армияға басшылық жасаған.

Көшпенділер — тұрақты жасайтын жері болмаған адамдар.

Легион — Рим армиясындағы ең үлкен жауынгерлік бірлік.

Миххат — шумерлер мен парсылардың ежелгі жазуы.

Метек — Афинада жасайтын шетелдік адам.

Мозаика — түсті қыш яки шыны сынықтарынан қабырғаға немесе еденге сызылған лайға жапсырылған түрлі-түсті сурет.

Мохенждаро — Үндістандағы ең ежелгі цивилизация.

Мумияланған мәйіт — жерлеуге дайындалған, арнайы көп уақыт сақталатын заттардың қоспаларымен сыланған мәйіт.

Некропол — қабірстан; кесене.

«Номдар» — Египеттегі алғашқы мемлекеттер.

Ойкумена — Жер бетінің адамдар жасайтын бөлігі, шекарасы.

Олимпия ойындары — Пелопенос түбегіндегі Олимпия қапасында төрт жылда бір рет Олимпиялық Зевстің құрметіне өткізілетін спорт жарыстары.

Папирус — сабағының қабығы жазу жазуға материал дайындау үшін істетілетін қамыс.

Патрицийлер — сенаторлардың ұрпақтары.

Плебейлер — қарапайым халық, қала халқы, кедейлер.

Пирамида — зәулім тас ғимарат, перғауындардың сағанасы. Республика — «жалпы жұмыс» деген мағынаны білдіреді, жүйенің аты.

Сенат — «Ақсақалдар кеңесі» дегенді білдіреді.

Стратег — Афинаның әскери бастығы.

Сфинкс — денесі арыстандікі, ал басы адамдікі болған, пирамидаларды қорықтайтын аңыздық мақұлық.

Термдер — ежелгі Рим қаласындағы қоғамдық моншалар.

Тиран — абсолюттік өкіметке ие болған патша.

Фаланга — ауыр қаруланған әскерлердің бірнеше, әдетте 9 яки 16 шеренга болып сап түзеуі.

Перғауын — Египет патшасы; «Ұлы отбасы» деген мағынаны білдіреді.

Фреска — сулы лайға сызылған сурет.

Форум — мәжіліс орны және базар алаңы ретінде қызмет еткен қала орталығы.

Ғибадатхана — қасиетті деп жарияланған, адамдар құдайға сиынған ғимарат немесе орын.

Хронология — ғасырлар, дәуірлер, уақыт өлшемі туралы ғылым; алуан түрлі оқиғалардың санасы хронологияның көмегімен анықталады.

Цивилизация — қоғам дамуының өте жоғары деңгейі.

Чоппер — тек бір жағы ғана өткірленген тас құрал.

Эллада — Ежелгі Грекия.

Эллиндер — ежелгі гректер; алғаш Грекияның барлық халқы осылай аталған.

Құл — басқа бір адамның меншігі болған, жұмысшы күші ретінде істетілетін еркі жоқ адам («сөйлейтін еңбек құралы»); құлды сатып алу, сатып жіберуге болатын еді.

СОҒЫ ҚАЙТАЛУ

Ежелгі дүние тарихын үйреніп жатқан кезде тарихқа тиісті атаулар мен аттарды қаншалықты меңгергеніңді бір тексеріп көр. Егер, қиналатындай болсаң, көрсетілген беттердегі мәтінге қара.

- авгурлар — 164
агора — 104
акведук — 161
алтарь — 168
амулет (тұмар) — 45
амфитеатр — 185
анимизм — 16
антропологтар — 7
апостолдар — 186
археологтар — 7
буддизм — 72
гладиаторлар — 171
гошитгер — 96
демократия — 104
диктатор — 159
абыз — 42, 163
зардуштилік — 90
зиккурат — 81
нумизматика — 5
оссуари — 92
игерілетін шаруашылық — 14
ақинақ — 134
палеолит — 12
палестра (мектеп) — 98
папирус — 35
патриархат — 12
патрицилер — 158
перийектер — 100
пирамидалар (сағаналар) — 43
плебейлер — 158
полистер — 96
провинциялар — 147
риторика — 184
ру, өулет — 10
сагарис — 134
саркофаг (тастабыт) — 44
алғашқы құрылыс — 10
ғибадатхана — 42—180
иероглифтер — 47, 63, 94
илоттар — 99
өндірістік шаруашылық — 20
касталар (варндар) — 69
колониялар — 101
колондар — 170
консул — 159
лингвистер (тілтанушылар) 7
ликтор 159
матриархат 12
мезолит 12
метектер 97
микролиттер 20
Минай цивилизациясы — 95
миххат — 52
мозаика — 161
мумия — 45
мумиялау — 45
неолит — 12
«номдар» — 35
сатрап — 128
сенат — 158
стиль — 98, 184
стратег — 106
сфинкс — 44
термдер — 183
триэра — 110
тога — 162
триумф — 165
фаланга — 96
перғауын — 34—43
философ — 121
фреска — 161
цивилизация — 5, 31—80
шығырық — 139
чопперлер — 14
эллиендіру — 140
эллиндер — 101
энеолит — 12
эпиграфика — 5
этнографтар — 7
термдер — 180
тога — 156
триумф — 159
триера — 105
ру — 11
рулық қоғам — 11

**ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫНА ТИІСТІ
ТАРИХИ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАР**

Афина — 93	Ласко — 16	Қызылтөбе — 123
Афрасияб — 80	Ливия — 37	Қызылтөбе — 80
Аккад — 47	Мачай — 20	Қосылыс — 20
Александрия Эсхата — 129	Магадха — 66	Қойқырғанқала — 137
Алтамир — 16	Македония — 106	Қаратөбе — 143
Апеннин - 150	Малла — 66	Рим — 170
Айрытам — 143	Марафон аңғары — 104	Розетт — 44
Бақтра (Зариасп) — 128	Марғияна — 120	Сардиния — 160
Бақтрия — 128	Мароқант — 129	Селенғұр — 13
Бехистун — 9	Маурия — 66	Шумер — 47
Бабыл — 52	Мемфис — 38	Сидон — 58
Далварзынтөбе — 143	Месопотамия — 47	Соғдияна — 129
Даван (Паркана) — 139	Мидия — 60	Қыштөбе — 24
Иран — 59	Микенн — 91	Спарта — 95
Палестина — 58	Мысыр — 32	Сирия — 35
Финикия — 58	Митанни — 56	Тушпа — 57
Фрот — 47	Мохенждаро — 63	Урарту — 57
Ганг — 62	Нил — 23	Ұзынқыр — 80
Гольгофа — 178	Ниневия — 57	Везувий — 165
Үнді — 62	Нубия — 35	Византия — 172
Екіөзен аралығы — 47	Обишир — 20	Хараппа — 63
Италия — 150	Окс (Әмудария) — 126	Хуанхэ — 69
Иерихон — 29	Олдувай — 12	Израиль — 58
Жарқотан — 23	Олимпия — 108	Жерқорған — 80
Жанбасқала — 137	Алтынтөбе — 76	Грек-Бақтрия — 134
Карфаген — 159	Олвия — 97	Грекия — 90
Көзеліқыр — 123	Ошшур — 56	Заманбаба — 23
Константинополь — 172	Ассирия — 56	Зараутсай — 20
Коринф — 107	Пантикапей — 97	Зартөбе — 143
Корсика — 160	Парфия — 167	Зинж — 13
Кошала — 66	Паталипутра — 66	
Крит (Кносс) — 91	Пелопоннес — 90	
Ктесифон — 171	Персополь — 61	
Курушкат (Кирополис) — 129	Пирей — 93	
Лагаш — 50	Қамалдар — 137	
Лаконика — 95	Қанғ (Қанғұй) — 138	

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫНДАҒЫ АТЕСІМДЕР

- Аларих — 173
Антиох — 134
Антоний — 168
Аристофан — 112
Аристотель — 115
Арриан — 9
Архимед — 115
Аттила — 174
Брут — 168
Будда — 67
Деметрий — 135
Демокрит — 114
Демосфен — 106
Диодот — 135
Диоген — 114
Дари I — 61
Драконт — 99
Дьюперрон А. — 86
Эвтидем — 135
Фидий — 113
Филипп II — 106
Фрада — 121
Ганнибал — 160
Гераклит — 114
Геродот — 115
Гилқамыс — 50
Гомер — 110
Хаммурапи — 52
Иса Мәсіх — 178
Калигута — 169
Камбиз — 37
Канишка — 143
Киаксар — 60
Кир II — 120
Клеопатра — 168
Константин — 172
Красс — 167
Ксеркс — 104
Кудзула Кадфиз — 143
Квинт Курсий Руф — 9
Луи Ван — 74
Македониялық Александр — 127
Менес — 34
Менкаура — 41
Милтиад — 104
Митридат I — 135
Навуходоносор II — 53
Нерон — 169
Октавиан Август — 168
Ошшурбанапал — 57
Перикл — 101
Платон — 116
Полиен — 121
Помпей — 167
Понтий Пилат — 179
Равшанак (Роксана) — 130
Рихтгофен Ф. — 146
Ромул — 151
Салавка — 134
Сардур I — 57
Саргон I — 51
Цезарь — 167
Шампольон Ж. — 44
Шырақ — 121
Сим Сиян — 9
Син Шихуанди — 72
Шунха — 121
Софокл — 112
Сократ — 116
Солон — 99
Спартак — 165
Спитамен — 129
Страбон — 9
Тарквиний — 151
Томарис — 119
Траян — 169
Тутанхамон — 42
Тутмос II — 37
Тутмос III — 37
У-Ду — 74
Вита Кадфиз — 143
Хафра — 41
Хуфу (Хеопс) — 41
Яхмос — 36
Зардушт — 85
Чандрагупта — 66

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ

- Б.з.б. 1 миллион – 100 мыңжылдықтар — Орта Азиядағы алғашқы палеолит дәуірі*
- Б.з.б. 100-40 мыңжылдықтар — орта палеолит дәуірі*
- Б.з.б. 40-12 мыңжылдықтар — соңғы палеолит дәуірі.*
- Б.з.б. 12-7 мыңжылдықтар — соңғы мезолит дәуірі*
- Б.з.б. 6-4 мыңжылдықтар — неолит дәуірі*
- Б.з.б. 6— 4 мыңжылдықтар — неолит дәуірі.*
- Б.з.б. 4-3 мыңжылдықтардың ортасы — энеолит дәуірі*
- Б.з.б. 4 мыңжылдық – Месопотамияда шумер мен аккадтардың мекенжайлары, Урук, Эриду, Лагаш, Ур қалаларының пайда болуы*
- Б.з.б. 4 мыңжылдық — Нил жағалауларында мекенжайлардың пайда болуы*
- Б.з.б. 2600 жыл — Мысырда Хеопс (Хуфу) пирамидасының құрылуы*
- Б.з.б. 3 мыңжылдық — Элам мемлекетінің пайда болуы*
- Б.з.б. 3-2 мыңжылдықтар — Қытай цивилизациясының пайда болуы*
- Б.з.б. 3 мыңжылдық — Мохенжадаро мен Хараппа қаларының пайда болуы*
- Б.з.б. 3 мыңжылдықтың ортасы — 2 мыңжылдық — қола дәуірі*
- Б.з.б. 3-2 мыңжылдық — «Ақық жолының» дамуы*
- Б.з.б. 2 мыңжылдық — Алдыңғы Азия жерінде алғашқы ірі мемлекеттердің пайда болуы: Хетт, Митанни, Ассирия*
- Б.з.б. 2 мыңжылдық — Бабыл патшалығының пайда болуы*
- Б.з.б. 2 мыңжылдық — Заманбаба, Қыштөбе мен Жарқотан сияқты ірі егіншілікпен шұғылданатын орындардың құрылуы*
- Б.з.б. 2 мыңжылдық — Микен және Крит мемлекеттерінің пайда болуы*
- Б.з.б. XVIII ғасыр — Бабыл патшасы Хаммурапи (б.з.б. 1792-1750 жылдар) Месопотамияны бірыңғай мемлекетке біріктірді*
- Б.з.б. 1500 жыл — Перғауын Тутмос II-нің ірі басқыншылық жорықтары*
- Б.з.б. XIII ғасыр — Оссирия мемлекеті патша Салманасар заманында гүлдеп-өркендеді.*
- Б.з.б. 1200 жыл — Микен мемлекетін Дарилер қиратты.*
- Б.з.б. XIII ғасыр — «теңіз халықтары» Хаттусаны ойрандады*
- Б.з.б. XII ғасыр — дарилер Лакониканы басып алды және Спарта қаласын құрды*
- Б.з.б. XI ғасыр — Израиль мемлекетінің құрылуы*
- Б.з.б. IX ғасыр — парсылардың Иранның оңтүстігіне орналасуы*
- Б.з.б. IX-VIII ғасырлардың басы — Урарту мемлекетінің құлаған дәуірі*
- Б.з.б. VIII-VI ғасырлар — Херсонес, Пантикапей, Танаис, Фасис, Трапезунд отарларының пайда болуы*
- Б.з.б. 1 мыңжылдық — зардуштиліктің Орта Азия аумағында тарқалуы*
- Б.з.б. IX-VIII ғасырлар — Орта Азияда темір ғасырына өту дәуірі*
- Б.з.б. VIII ғасыр — Италияда 12 қала-одақтың пайда болуы*

Б.з.б. 776 жыл — Олимпия ойындарының бірінші рет өткізілуі
Б.з.б. 753 жыл — Римнің құрылуы
Б.з.б. VII ғасыр — Мысырдың тағы бірыңғай мемлекетке бірігуі
Б.з.б. VII ғасыр — Ежелгі Бақтрия патшалығының құрылуы
Б.з.б. VII ғасыр — Хорезмде Көзеліқыр қаласының құрылуы
Б.з.б. VII – IV ғасырлар — Қызылтөбе, Афрасияб, Ұзынқыр, Жерқорған, Көзеліқыр қаларының дамуы
Б.з.б. VII – VI ғасырлар — Үндістанда, Магнатха, Кошала, Малла мемлекеттерінің құрылуы
Б.з.б. VII – V ғасырлар — Қытайда «көп патшалық» дәуірі
Б.з.б. 621 жыл — Драконт заңдарының қабылдануы
Б.з.б. 605 жыл — Ассирия патшалығының құрылуы
Б.з.б. 594 жыл — Афинада Солон реформаларының өткізілуі
Б.з.б. 558 жыл — Кир II – Парсы патшасы
Б.з.б. 545 – 540 жылдар — Парфия, Марғияна және Бақтрияны Кир II-нің басып алуы
Б.з.б. 539 жыл — Бабылды парсылардың басып алуы
Б.з.б. 530 жыл — Кир II-нің Орта Азияда қаза табуы (Томарис)
Б.з.б. 525 жыл — Мысырды Ежелгі Парсы патшасы Камбиздің басып алуы
Б.з.б. 522 жыл — Дари I үстемдігінің сатраптықтарға бөлінуі
Б.з.б. 522 жыл — Дари I –ге қарсы Фрада көтерілісі
Б.з.б. 519 жыл — сақ тайпаларына қарсы Дари I –дің басқыншылық жорықтары (Шырақ ерлігі)
Б.з.б. 509 жыл — Римде республиканың жариялануы
Б.з.б. V- IV ғасырлар — Орта Азия аумағында алғашқы теңгелердің тарқалуы
Б.з.б. 490 – 449 жылдар — Грек-парсы шайқастары
Б.з.б. 490 жыл — Марафон аңғарындағы шайқас
Б.з.б. 480 жыл — Фермопиль шайқасы (үш жүз спарталықтың ерлігі)
Б.з.б. 480 жыл — Саламин шайқасы
Б.з.б. 479 жыл — Платея қаласы маңындағы шайқас — гректердің жеңісі
Б.з.б. 443-429 жылдар — Афинада стратег Периклдің үстемдігі
Б.з.б. IV ғасыр — хорезмилер, сақтар мен массагеттердің ахаманилер зұлымдығынан азат етілуі
Б.з.б. 338 жыл — Херония маңындағы шайқас — македониялықтардың гректерді жеңуі
Б.з.б. 337 жыл — грек қалаларының қала-мемлекеттер одағына бірлесуі
Б.з.б. 334 жыл — Македониялық Александрдың шығысқа жорығы
Б.з.б. 330 жыл — Македониялық Александрдың Ахаманилер салтанатын басып алуы
Б.з.б. 329 жыл — Македониялық Александр басшылығындағы грек-македондардың Мароқантты басып алуы

Б.з.б. 329 жыл — Зарафшан өзені жағалауларындағы шайқаста грек-македон әскерлерінің жеңілуі (Спитамен)
 Б.з.б. 328 жыл — Македониялық Александрдың армиясымен болған шайқаста Спитаменнің жеңілуі
 Б.з.б. 323 жыл — Македониялық Александрдың қаза табуы
 Б.з.б. 318 жыл — Чандрагуптаның грек-македондарды Үндістаннан қуып шығаруы
 Б.з.б. 312 жыл — Салавка үстемдігінің басталуы — салавкилер мемлекетінің негізін қалаушы
 Б.з.б. 280 жыл — Антиох – Салавкилер мемлекетінің патшасы
 Б.з.б. III ғасыр — бірыңғай Синь мемлекетінің құрылуы
 Б.з.б. III ғасыр — зардушт ілімінің барлық мәтіндері 21 кітапқа жинақталған
 Б.з.б. III ғасыр — Довон мемлекетінің құрылуы
 Б.з.б. III ғасыр — Хорезмдегі Жамбасқала және Қойқырылғанқамал құрылды
 Б.з.б. 246-210 жылдар — Қытайда Син Шихуанди үстемдігі
 Б.з.б. 216 жыл — Канн маңында Рим армиясының тас-талқан етілуі
 Б.з.б. 202 жыл — Зама қаласы маңында римдіктердің Карфаген армиясын тас-талқан етуі
 Б.з.б. 140-87 жылдар — Қытайда У-Ди үстемдігі
 Б.з.б. II ғасыр — Ұлы Жібек жолының қалыптасуы
 Б.з.б. 146 жыл — римдіктердің Карфагенді ойрандауы
 Б.з.б. 140 немесе 130 жыл — Грек-Бақтрия мемлекетін Юэчжилердің (Кушан) басып алуы
 Б.з.б. I ғасыр — Қытайда қағаздың ойлап табылуы
 Б.з.б. 74 жыл — Спартак көтерілісі
 Б.з.б. 49 жыл — Юлий Цезарь — Рим императоры
 Б.з.б. 29 жыл — Октавианға Сенаттың император атағын және Август бүркеншік атын беруі
 Б.з. 98 жылы — Рим императоры Траян дәуірінде мемлекеттің күйреуден шығуы
 Б.з. I - II ғасырлары — Кушан патшалығының құлаған дәуірі
 Б.з. III - II ғасырлар — Хорезмдегі Топыраққала қаласының құрылуы
 Б.з. III ғасыры — Кушан мемлекетінің бөлшектеніп кетуі
 Б.з. 330 жыл — Рим императорының астанасы — Византий (Константинополь)
 Б.з. 394 жыл — Олимпиада ойындарының өткізілуі тоқтады
 Б.з. 395 жыл — Рим империясының бөлінуі: Батыс және Шығыс
 Б.з. 410 жыл — Аларих басшылығындағы готтардың Римді ойрандауы
 Б.з. 452 жыл — Италияға хунндардың бастырып кіруі — Аттила
 Б.з. 476 жыл — Батыс Рим империясының құлауы

ANATOLIY SAGDULLAYEVICH SAGDULLAYEV
VASILIY ANUFRIYEVICH KOSTETSKIY

TARIX

QADIMGI DUNYO

(Qozoq tilida)

Umumta'lim maktablarining 6-sinfi uchun darslik

To'ldirilgan mۆpmiui nashri

Аударған *Р. Бабатаева*
Редакторы *Г. Нышанова*
Техникалық редакторы *А. Золотарева*
Беттеуші *К. Костецкий*
Корректоры *Э. Джавгашев*

Басуға рұқсат етілді 22.08.2013 Офсеттік баспа. Пішімі 70x90 ¹/₁₆. “Ариал” гарнитурасы. Кеглі 11, 10.
Шартты баспа табағы 11,0. Баспа табағы 10,8. Таралымы _____ дана. Тапсырыс № _____.

**«Yangiyo'1 Poligraf Servis» ЖШҚ баспаханасында басылды.
Янгиюль қаласы, Самарқант көшесі, 44.**

Жалға берілген оқулықтың күйін көрсететін кесте

№	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық жалға беріліп, оқу жылының соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критерийі бойынша толтырады:

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі күйі.
Жақсы	Мұқабасы бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазулар мен сызықтар жоқ.
Орташа	Мұқабасы мыжылған, едәуір сызылып, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралуы мүмкін, пайдаланушы тарапынан қанағаттанарлық қапталған, түсіп қалған беттері қайта тігілмеген, кейбір беттеріне сызылған.
Нашар	Мұқабасына сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған яки түгелдей жоқ, қанағаттанарсыз қапталған. Беттері жыртылған, парақтарын, оқулықты тіктеп болмайды.